

*«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы» сериясы*

Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев

**ҚЫЗМЕТ
ХРОНИКАСЫ
2003 ЖЫЛ**



АСТАНА 2012

УДК 342
ББК 67.400.6
Қ 18

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Басып шығарушы: «Деловой Мир Астана» ЖШС

Редакциялық-баспагерлік топ:

М.Б. Қасымбеков (жетекші), саяси ғылымдардың докторы, профессор,
Б.Б. Темірболат (жауапты редактор), саяси ғылымдардың кандидаты,
Ж.К. Үсембаева, техника ғылымдарының докторы, профессор,
Е.А. Хасенов, филология ғылымдарының кандидаты,
Т.А. Темірханов, М.М. Бейсенова

Қ 18 Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет
хроникасы. 2003 жыл. — Астана: Деловой Мир Астана, 2012. — 362 б.

ISBN 978-601-7259-43-3

Бұл кітап «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы» сериясы бойынша шығарылып отырған кезекті басылым болып табылады.

Кітапта 2003 жылы елімізде және шетелдерде Мемлекет басшысының қатысуымен өткізілген басты іс-шаралар жайында баяндалған, сонымен қатар осы кезеңде Н.Ә. Назарбаевтың сөйлеген толыққанды сөздерінің мәтіндері, 2003 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының маңызы зор заңдары мен Президент жарлықтарының тізбесі ұсынылған, түрлі анықтамалық ақпараттар келтірілген.

Сондай-ақ, кітаптың компакт-дискідегі мультимедиялық нұсқасы ұсынылған. Басылым көпшілік оқырманға арналған.

УДК 342
ББК 67.400.6

ISBN 978-601-7259-43-3

© Қасымбеков М.Б., 2012
© «Деловой Мир Астана» ЖШС. 2012
© Барлық құқықтары қорғалған

2003 жыл Қазақстан үшін 1990 жылдардағы күрделі құрылымдық-институционалды реформалардың аяқталып, үдемелі экономикалық өсудің басталуын айқындап берген өзінше бір айырық жолға айналды. 2003 жылы экономикалық қатынастарды түбегейлі өзгертуді көздеген тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығында қойылған өзекті міндеттердің жалпы алғанда орындалғаны байқалды.

Осылайша, бір жан басына шаққандағы ІЖӨ деңгейі бойынша Қазақстан ТМД елдері арасында Ресейден кейінгі екінші орынға шықты және іс жүзінде барлық әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша көшбасшылар тобынан орын алды. Экономиканың барлық салаларында өндірістік өсу байқалды, дағдарыс қарқыны бәсеңдеді, теңге бағамы тұрақталды, елдің алтын валюталық резервтері айтарлықтай өсті. Оның үстіне, Қазақстанның ірі халықаралық бастамалары әлемдік аренадағы оның беделін нығайта түсті және оның жаңадан геосаяси орнығуына негіз қалады.

Мемлекет басшысының қызметі де 2003 жылы қарқындылығымен және табыстылығымен ерекшеленді. Оның барынша тығыз жұмыс кестесінде шетелдерге сапарлары, ірі қоғамдық-саяси шаралар, шетел делегациялары басшыларымен кездесулер елдің тыныс-тіршілігінің өзекті мәселелері жөніндегі кеңестермен, өңірлерге сапарларымен, министрліктер мен ведомстволардың басшылары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерін, Парламент депутаттарын, елдің қоғамдық өкілдерін қабылдаумен, пошта және құжаттармен күнделікті еңбекті көп қажет ететін жұмыспен алмасып отырды.

Жыл бойында Президент 2,5 мыңға жуық әртүрлі материалдарды қарап, қол қойды, олардың қатарында 145 заң, 261 жарлық, 74 өкім, 12 кеңес хаттамалары, 1302 қызметтік құжаттар, 192 азаматтардың арыз-шағымдары мен хаттары бар.



Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа деңгейіне шығуы ұлттық экономиканы түбегейлі жаңғыртудың себебіне айналды. Осы міндет Парламент палаталарының біріккен отырысында 4 сәуір күні жария еткен «Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары» атты Президенттің Қазақстан халқына Жолдауының концептуалдық негізін қалады.

Осылайша, экономиканың өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы секілді өзекті салаларындағы ірі мемлекеттік бағдарламалары бастау алды.

Атап айтқанда, Н.Ә. Назарбаев экономиканың шикізаттық бағдарлануынан кетіп, оның диверсификациялануын қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстанның 2003-2015 жылдарға арналған Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы әзірленуінің аяқталуы мен тез арада қабылдануы туралы мәлімдеді.

Мемлекет басшысының 2003 жылғы 17 мамырдағы Жарлығымен бекітілген Стратегия осыдан кейінгі барлық мемлекеттік экономикалық саясаттың негізін қалады. Оның үстіне, Н.Ә. Назарбаев Стратегияны іске асыру үшін отандық және шетелдік бизнесті тарту мақсатын көздеген жұмысты үнемі жүргізіп отырды. Сондықтан да нақ осы мәселелер Мемлекет басшысының қатысуымен жыл ішінде өткен Еуропалық қайта құру және даму банкі басшылары кеңесінің XII отырысының, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің IX жалпы отырысының, Қазақстан кәсіпкерлерінің XI форумының, сондай-ақ шетелдік іскерлік топ өкілдерімен көптеген кездесулерінің күн тәртібін құрағаны кездейсоқ емес.

Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында бастамаланған тағы бір стратегиялық бағдарламасы — Ауылдық аумақтарды дамытудың 2010 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы болды, оның мақсаты ауыл халқын қоныстандыруды оңтайландыру негізінде ауылдың тұрмыс-тіршілігіне қалыпты жағдайлар туғызу болып табылды.

Бағдарлама ауылды өркендетудің 3 жылдығы аясында, бұған дейін әзірленген агроөнеркәсіптік кешеннің тиімді жүйесін қалыптастыру және бәсекеге қабілетті өнім өндіру негізінде Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді көздеген 2003–2005 жылдарға арналған Мемлекеттік агроазық-түлік бағдарламасына қосымша қабылданды.

Одан басқа, 2003 жылы аграрлық секторды одан әрі нығайту мақсатында түбегейлі жаңа заңдар қабылданды, олар «Ветеринария туралы», «Өсімдіктерді қорғау туралы», «Тұқым шаруашылығы туралы», «Қредиттік серіктестіктер туралы», «Астық туралы», «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы», «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңдары.

Сонымен бірге, ауыл шаруашылығын нарықтық жолға түбірімен ауыстыруға негіз болған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншікті енгізу басты кезеңдердің біріне айналды.

Жерге жеке меншік енгізу мәселесіне қоғамдағы қалыптасқан әрқилы қатынасын ескере отырып, Мемлекет басшысы бұл қадамды жасаудың қажеттігін баспасөз беттерінде, өзінің көпшілік алдында сөйлеген сөздерінде, халықпен және

Парламент депутаттарымен жасаған көптеген кездесулерінде түсіндіре отырып, осы мәселені жеке бақылауында ұстады. Осылайша, Парламенттегі Жер кодексі үшін дауыс беру қарсаңында Президент депутаттардың назарына өз көзқарасын жеткізу және Жек кодексінің барынша даулы баптары бойынша ортақ шешімге келу үшін палаталардың отырысына қатысты. Халық қалаулыларының алдында сөз сөйлей отыра, Н.Ә. Назарбаев «Жер кодексінің айналасындағы саяси ойындарды тоқтатуды» және оны бір мәмілеге келе отырып қабылдауды ұсынды.

Сондай-ақ жыл ішінде 2003 жылы ұлттық валюта — теңгенің 10 жылдығын атап өткен еліміздің қаржы секторын дамыту мәселелері Мемлекет басшысының назарында болды.

Бұл ретте, Президенттің ақпан айында өткен Қазақстан қаржыгерлерінің III Конгресіне қатысуын ерекше атап өткен жөн, онда жаңа кезеңдегі қаржы секторын дамыту тұжырымдамасының жобасы талқыланды, сондай-ақ қыркүйек айында Алматы қаласында өткен және оның жұмысына 54 ИДБ-ға мүше мемлекеттердің қаржы, экономика және жоспарлау министрлері қатысқан Ислам даму банкі басқарушылары кеңесінің жыл сайынғы XVIII мәжілісіне қатысуын айрықша атап көрсету қажет.

Президент бақылауындағы тағы да бір басым мәселелердің бірі орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының арасындағы өкілеттіктерінің аражігін ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру болды. Осы мақсаттарда Н.Ә. Назарбаевпен 2001 жылы Мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру және бюджетаралық қатынастар мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылғаны белгілі.

Жыл ішінде Н.Ә. Назарбаев осы мәселе бойынша комиссия өкілдерімен, Үкімет мүшелерімен, Президент Әкімшілігі басшылығымен, орталық және жергілікті атқарушы органдар басшыларымен бірнеше рет кездесті. Оның үстіне, бұл мәселе 3 сәуір күні Президенттің төрағалығымен өткен Қазақстан Республикасы Ұлттық кеңесінің отырысына да шығарылды.

Қазақстан өңірлерін дамыту мәселелері үнемі Мемлекет басшысының назарында болғанын атап өту қажет.

Жыл ішінде Президент елдің көптеген өңірлеріне жұмыс сапарымен барып, облыс активтерімен, еңбек ұжымдарымен, қоғам өкілдерімен кездесті, ондаған өнеркәсіптік және әлеуметтік нысандарға барып, жаңа өндірістерді іске қосуға қатысты. 2003 жылы Н.Ә. Назарбаев ашқан жаңа нысандардың қатарында Балқаш мырыш зауыты және Қарағанды облысындағы «Испат-Қармет» ААҚ металлургиялық комбинатындағы домна пеші; Батыс Қазақстан облысының Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орнындағы «Қарашығанақ — Үлкен Шаған — Атырау» құбыры мен өңдеу кешені; Қостанай облысының «Енисей» және «Руслан» астық жинау комбайндарын шығаратын «Агромашхолдинг» ААҚ-ның дизель зауыты; Өскемен қаласының оң жақ өнеркәсіптік жағалауын Шығыс Қазақстан облысының республикалық қатынастағы тас жолымен байланыстыратын Үлбі өзені арқылы өтетін жаңа автожол көпірі және тағы да басқаларын атап көрсетуге болады.

Астананы дамыту мәселесі Н.Ә. Назарбаевтың айрықша назарында болуы заңды. Мамыр айында ол астанадағы құрылыс үшін жауапты Астана қаласы

әкімдігі және Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік органдары басшыларымен кеңес өткізді. Кеңес барысында Астана қаласының сол жағалауындағы жаңа әкімшілік орталығының құрылысы, ескірген және апатты жағдайдағы тұрғын үйлерді бұзу, қаланы көгалдандыру, оның айналасында жасыл белдеу тұрғызу мәселелері қаралды. Сондай-ақ Президент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жаңа оқу-зертханалық корпусының, Қазақстан-Ресей университеті жаңа оқу кешенінің бірінші кезегінің, Халықтар достығы монументінің, «Думан» ойын-сауық орталығының, жедел медициналық жәрдем қалалық стансасы жаңа ғимаратының және тағы да басқаларының ашылу рәсімдеріне қатысты.

Қорытынды ретінде, жаңа стратегиялық міндеттерді қою және оларды тиімді шешудің қажеттілігі Үкіметті ауыстыру және Премьер-министр Д.К. Ахметовтің басшылығымен оның жаңа құрамын қалыптастыруға себепші болды, Президент 13 маусым күні Парламент палаталарының бірлескен отырысында Д.К. Ахметовтің кандидатурасын ұсынды.



Мемлекет басшысы саяси салада да маңызды шаралар қабылдады, бұл бағытта ол саяси жүйені демократияландыруға бағытталған бірқатар маңызды қадамдардың бастамасын жасады.

Президент Қазақстан халқына Жолдауында саяси реформаларды жүргізудің негізгі жолдарын белгілеп берді. Басымдықтар ретінде ол сайлау жүйесін жетілдіру; орталыққа бағынуды жою негізінде мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту және мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктің ара-жігін ажырату, сондай-ақ биліктің жергілікті атқарушы органдары басшыларының сайланбалылық тәжірибесін кеңейту; азаматтық қоғам институттарын бекіту; БАҚ жауапкершілігін арттыра отырып, еркіндігін кеңейту; құқық қорғау және сот органдары қызметін ізгілендіру мәселелерін айқындап берді.

Кейініректе осы мәселелердің барлығы қоғамның қатысуымен Азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру және дамыту жөніндегі тұрақты кеңес пен Мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру және бюджетаралық қатынастар мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссиясы аясында жан-жақты талқылаудан өтті.

2003 жылғы қыркүйек айында болатын мәслихаттар сайлауы және 2004 жылы болатын парламенттік сайлау қарсаңында сайлау жүйесін либералдауды, әсіресе сайлау үдерісінің айқындығы мен оған қатысушы кандидаттардың тең құқылы болуын қамтамасыз еткен «Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының қабылдануы саяси жүйені демократияландыру бойынша 2003 жылы іс жүзінде жасаған алғашқы қадамдарының бірі болды.

Заң 2001 жылы Орталық сайлау комиссиясының ЕҚЫҰ ДИАҚБ-мен бірігіп ұйымдастырған сайлау заңнамасын жетілдіру жөніндегі дөңгелек үстелдер циклдарының қорытындысы бойынша ЕҚЫҰ ұсыныстарын ескере отырып дайындалды. Олардың Алматы қаласында өткен жұмысына Парламент депутаттары, мемлекеттік органдардың, саяси партиялардың, ҰЕҰ, БАҚ және ЕҚЫҰ орталығының өкілдері қатысты.

Атап айтқанда, Заңда сайлау комиссияларын құру құқығын мәслихаттарға беру арқылы сайлау комиссияларының тәуелсіздігін арттыру; дауыс санау үдерісінің айқындығын күшейту және байқаушылар, сенімді тұлғалар, БАҚ өкілдерінің құқықтары мен міндеттерін регламенттеу мен кеңейту арқылы дауыс беру қорытындыларын шығару; сайлау үдерісіндегі партиялардың рөлін арттыру, өзін-өзі ұсыну институтын сақтай отырып, партияларға Мәжіліске кандидаттар ұсынудың ерекше құқығын беру; дауыс берудің автоматтандырылған ақпараттық жүйесін енгізу және тағы басқа шаралар қарастырылған.

Орталыққа бағынуды жою негізінде мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту және мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктің ара-жігін ажырату мәселесінде де маңызды демократиялық өзгерістер орын алды.

Мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру және бюджетаралық қатынастар мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссиясы 2003 жылғы 10 ақпандағы Үкімет қаулысымен бекітілген мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасын әзірледі. Осыған сәйкес биліктің әртүрлі деңгейлері арасындағы қызмет салалары, функциялары мен жауапкершіліктерінің аражігі ажыратылды; бірқатар өкілеттіктер, ең алдымен шаруашылық саласындағы өкілеттіктер, сондай-ақ кейбір бақылау-қадағалау функциялары жергілікті деңгейге тапсырылды; жергілікті маңыздағы мәселелерді шешудегі жергілікті өкілетті органдардың өкілеттіктері кеңейтілді.

20 қыркүйекте биліктің жергілікті өкілетті органдарына депутаттарды сайлау іске асқан саяси реформалардың өзіндік емтиханы болды. Президент өткізілген сайлаулардың маңыздылығын айтып, азаматтардың таңдауы өткізіліп жатқан реформаларға және Қазақстан экономикасының өсу жағдайына өз әсерін тигізетінін атап көрсетті.

Жыл ішінде Президент азаматтық секторды нығайту және онымен қарым-қатынасты кеңейту жөніндегі бірқатар бастамаларын іске асырды.

Осылайша, БАҚ қатынастарында түбегейлі өзгерістер орын алды. Атап айтқанда, 31 наурыз күні Н.Ә. Назарбаевтың төрағалығымен 2002 жылдың желтоқсанында құрылған ел Президенті жанындағы БАҚ жөніндегі Қоғамдық кеңестің алғашқы отырысы өтті. «БАҚ жөніндегі Қоғамдық кеңесті құру — елдің қоғамдық-саяси дамуындағы өзекті мәселелер мен міндеттерді шешуде баспасөз өзін биліктің шыннайы және теңқұқылы серіктесі ретінде сезініп, көрсете білу жолында жасаған жаңа қадамы», — деді Н.Ә. Назарбаев отырыс жұмысын аша отырып. — Кеңес оған белгіленген үлкен өкілеттіктерін пайдалана отырып, баспасөзге, мемлекет пен қоғамға Конституция және заңдармен белгіленген нормалар мен қарым-қатынастарды реттеуге көмектесетін шоғырланған құрылымға айналуы қажет. Тек осы негізде ғана біз БАҚ саласындағы демократиялық принциптердің басшылығын қамтамасыз ете аламыз. Заң мүлтіксіз сақталмаса, демократия мен еркіндік болуы мүмкін емес».

Мемлекет басшысы бастамаларының арқасында мемлекеттің үкіметтік емес сектормен қатынасы жаңа деңгейге көтерілді. 15 қазанда Президент Қазақстанның I Азаматтық форумына қатысты. Президент форум жұмысын аша отырып: «Бүгін мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың қатынасы түбегейлі жаңа деңгейге шығып отыр. Сөз мемлекет пен ҰЕҰ серіктес ретінде көрінетін қарым-қатынастың

жаңа моделін қалыптастыру жөнінде болмақ. Сондықтан да бірлесіп жұмыс істеу стратегиясын анықтап алу біз үшін маңызды. Біздің ортақ мақсатымыз — либералдану жолында тұрақты алға ілгерілеуді қамтамасыз ету, экономикалық мықты, құқықтық мемлекет, дамыған азаматтық қоғам құру. Біздің форум осы бағытта салмақты серпін беруі керек, ал шығарылған ұсыныстар бұдан кейінгі бірлескен жұмысқа негіз қалауы қажет», — деп атап көрсетті.

Президент этносаралық және конфессияаралық бейбітшілік пен келісім мәселелеріне дәстүрлі түрде үлкен назар аударды. Тамыз айында Мемлекет басшысы Қазақстан халықтары Ассамблеясының қызметі мәселелері бойынша жұмыс кеңесін өткізді. Президент көтерген негізгі мәселелер ұйымды одан әрі дамыту жолдарына, оның өңірлік құрылымдарының қызметін белсендіруге қатысты болды. Сол айдың аяғында Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясы кеңесінің мүшелері — ұлттық-мәдени орталықтардың жетекшілерін қабылдап, оларға президенттік гранттар табыс етті. Желтоқсанда Мемлекет басшысы «Этносаралық келісімнің қазақстандық моделі: тәжірибе, сынама және келешек» атты Қазақстан халықтары Ассамблеясының мерейтойлық X сессиясына қатысып, сөз сөйледі.

2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы елдің мәдени өміріндегі маңызды оқиғаға айналды. Оны әзірлеудің бастамасын Мемлекет басшысы 2003 жылғы 4 сәуірдегі Қазақстан халқына Жолдауында ұсынды. Ал қараша айында кеңінен талқылаудан өткен бағдарлама жобасы Қазақстан Республикасы Ұлттық кеңесінің III отырысына шығарылды. 2004 жылғы 13 қаңтарда бағдарлама Президент Жарлығымен бекітілді.



2003 жылы Қазақстанның сыртқы саясаты, оның халықаралық қоғамдастық ісіне араласуы көпжақты форматта белсенді түрде дамыды, ол сол уақытқа қазақстандық дипломатияның визитті кәртішкесіне айналып та үлгерген болатын.

Қазақстан 2002 жылы негізін қалаған дәстүр өз жалғасын тапты, онда біздің ел халықаралық қолдау тапқан екі ірі халықаралық форум — Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі мен I Еуразиялық медиа-форумды өткізу бастамасын ұсынды.

2003 жылы Қазақстан бастама жасап, әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезін, II Еуразиялық медиа-форумды және «ЕҚЫҰ-ның трансазиялық өлшемі: қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі» Трансазиялық парламенттік форумын қабылдады.

Бұл қатарда 23–24 қыркүйекте Алматы қаласында өткен әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезінің орны ерекше болды.

Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша Алматы қаласында 2003 жылғы 13 ақпанда шақырылған халықаралық бейбітшілік пен келісім конференциясы съезді өткізуден бұрын болып өткені белгілі және сонда ол дінаралық форум идеясын ресми түрде жариялады. Мемлекет басшысы мәлімдегендей, форумның негізгі мақсаты конфессияаралық және этносаралық қатынастардағы зорлық-зомбылық пен террорға қарсы діндердің үнқатысуын жүзеге асыру үшін тұрақты халықаралық конфессияаралық институт құру болды.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезі халықтар мен өркениеттер арасындағы әлемдік үнқатысуды ілгерілету жөніндегі біздің ел Президенті бастамаларының нақты іске асырылуы болатын.

II Еуразиялық медиа-форум мен «ЕҚЫҰ-ның трансазиялық өлшемі: қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі» Трансазиялық парламенттік форумында талқыланған негізгі тақырыптардың бірі АҚШ пен оның одақтастарының наурыз айында Иракқа қарсы әскери операцияларын бастауына байланысты туындаған Ирак мәселесі болды.

Бұл ретте, Қазақстан қауіпсіздікті күшейту бойынша шаралар қолданғанын атап өткен жөн. Аталмыш мәселелер әртүрлі деңгейлерде Үкімет, Президент Әкімшілігі басшыларымен, күш құрылымдары басшыларымен 19 наурызда өткен арнайы кеңесте, Қауіпсіздік кеңесінің төрт отырысында көтерілген болатын. Бұл ретте, Қарулы Күштердің Жоғары Бас қолбасшысының қатысуымен Маңғыстау және Атырау облыстарының Батыс әскери округі аумағында сәуір айында өткен ірі шұғыл-тактикалық, команда-штабтық «Батыс-2003» оқуларын да қарастырған жөн.

Жалпы әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезінің, II Еуразиялық медиа-форумының және Трансазиялық парламенттік форумының өткізілуі Батыс пен Шығыс арасындағы көпір іспеттес Қазақстанның геосаяси орнығыуының негізін қалады.

Жыл ішінде Президент сондай-ақ мемлекет аумағынан тыс өткен бірқатар ірі халықаралық және мемлекетаралық форумдарға, олардың қатарында Давос қаласында өткен XXXIII Дүниежүзілік экономикалық форумына, Мәскеу қаласында болған ЕурАзЭҚ-тың I экономикалық форумына, Душанбедегі ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің VII отырысына, Мәскеудегі ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер саммитіне, Ялта қаласындағы ТМД Мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Бұл ретте Беларусь, Қазақстан, Ресей және Украина арасында Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК) құру туралы маңызды шешім қабылданған ялталық ТМД саммитін айрықша атап өту қажет. Осылайша, айтарлықтай ірі және экономикалық жағынан дамыған Достастықтың 4 мемлекеті ықпалдастықтың жаңа, жоғары деңгейіне өтуін іске асырды.

Одан басқа, екіжақты байланыстар жүйесі бойынша Н.Ә. Назарбаев 12 мемлекетке: Швейцария, Италия, Ватикан, Ресей, Түркия, Канада, Франция, Молдова, Сингапур, Филиппин, Оңтүстік Корея, Пәкстан елдеріне сапар шекті.

2003 жылдың бірінші жартысы еуроатлантикалық елдер өңіріне сапарларымен айшықталды.

Қаңтар айында Мемлекет басшысы ресми сапармен Швейцария Конфедерациясына барып, Федералды Президент П. Кушпенмен, жетекші швейцариялық компаниялардың жетекшілерімен кездесті, сондай-ақ «Швейцариялық компаниялар үшін Қазақстанда бизнес жүргізудің іскерлік мүмкіндіктері» инвестициялық конференциясының жұмысына қатысты.

Ақпан айында Италияға жасаған ресми сапары барысында Қазақстан Президенті Президент К.А. Чампимен, Министрлер Кеңесінің төрағасы С. Берлусконимен, Италия Парламенті Депутаттары палатасының төрағасы П. Казинимен және «Eni S.p.A» корпорациясының атқарушы директоры В. Минкатомен өнімді келіссөздер

жүргізді, сондай-ақ «Қазақстан: италяндық компаниялар үшін коммерцияландыру және инвестициялау келешегі» атты бизнес-форумына қатысты.

6 ақпанда Ватикан мемлекетіне жасаған сапары аясында Н.Ә. Назарбаев Рим католик шіркеуінің басшысы Рим Папасы Иоанн Павел II-мен кездесіп, Қазақстанда Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезін өткізу мәселесіндегі қолдауына ие болды.

Мемлекет басшысының 21–23 мамыр аралығында Түркияға жасаған ресми сапарының бағдарламасы айрықша тығыздығымен ерекшеленді. Мемлекет басшылығымен жүргізілген келіссөздердің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы ынтымақтастық туралы, ұзақмерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімдер, банк саласындағы реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша меморандум секілді стратегиялық құжаттарға қол қойылумен қатар Н.Ә. Назарбаев Біріккен Түркия Қарулы Күштерінің академиясына барды, сондай-ақ Ыстамбұл қаласында қазақ орта мектебін және Анкара қаласында Қазақстан Елшілігін ашты.

23–27 маусым аралығында Мемлекет басшысы Канадаға ресми сапарын жасады, сапар барысында Премьер-министр Ж. Кретьенмен, Генерал-губернатор А. Кларксонмен, Канада еврей конгресінің президенті К. Ландимен және басқаларымен кездесулер өткізді, сондай-ақ Калгари қаласына барып, «Қазақстан — Орталық Азияның інжу-маржаны: іскерлік мүмкіндіктер» конференциясына қатысты. Екіжақты келіссөздер барысында Ортаазиялық өңірдегі қауіпсіздік саласындағы екіжақты экономикалық серіктестік пен ынтымақтастықты ілгерілетудің іскерлік мүмкіндіктері талқыланды, сондай-ақ Азаматтық және қылмыстық істері бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы шартқа және Екіжақты экономикалық серіктестікті нығайту жөніндегі Қазақстан-Канадалық біріккен іс-қимыл жоспарына қол қойылды.

Маусым айының аяғында Н.Ә. Назарбаев Францияға жұмыс сапарын жасады, онда Президент Ж. Ширакпен кездесіп, онымен екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықтың жағдайы мен келешегін талқылады, сондай-ақ Ауғанстан мен Ирактағы жағдай туралы пікір алмасты.

Жылдың екінші жартысында Президент Азия бойынша сыртқы саяси турне өткізді.

7–10 қараша аралығында Сингапурға жасалған мемлекеттік сапары өте өнімді болды. Сапар барысында «Singapore Technologies Engineering Ltd.» корпорациясының қатысуымен мұнай-газ, кеме жасау, қорғаныс салалары бойынша ірі бірлескен жобаларды іске асыру туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді.

Сингапурдан кейін Филиппин Республикасына жасаған мемлекеттік сапарының қорытындысы бойынша Екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы декларацияға, Туризм саласындағы ынтымақтастық пен дипломатиялық және қызметтік құжаттар иелері үшін визасыз режим туралы үкіметаралық келісімге қол қойылды.

Корея Республикасына 12–13 қарашада жасаған ресми сапары аясында Мемлекет басшысы Президент Но Му Хенмен, «Samsung» және «LG» компанияларының басшылығымен кездесті, сондай-ақ «Қазақстан — сіздің сауда инвестициялық серіктесіңіз» атты Қазақстан-Корея бизнес-форумына қатысты.

Желтоқсан айында Н.Ә. Назарбаев ресми сапармен Пәкстанда болып, Президенті П. Мушаррафпен келіссөздер жүргізді. Келіссөздер қорытындысы бойынша экономикалық және мәдени ынтымақтастық саласындағы екіжақты құжаттар пакетіне қол қойылды.

Посткеңестік кеңістігінде Президент Молдова және Ресей елдеріне сапарларын жасады. Бұл ретте стратегиялық серіктес Ресеймен қарым-қатынасқа ба-сым назар аударылды. Екі мемлекеттің достық қарым-қатынастарын одан әрі нығайта түсуге, жан-жақты ынтымақтастыққа жаңа серпін беруге үндейтін ірі оқиға Н.Ә. Назарбаевтың ақпандағы Ресейге жұмыс сапарымен баруы және оның барысында Ресейдегі Қазақстан жылының салтанатты ашылуы болды. Сәуірде Презид-ент Омбы қаласында өткен Ресейдегі Қазақстан жылы аясында ұйымдастырылған және екі мемлекет басшыларының қатысуымен Қазақстан және Ресей шекаралық өңірлері басшыларының жыл сайынғы форумын өткізу тәжірибесіне бастау салған Қазақстан және Ресей шекаралық өңірлері басшыларының I форумына қатысты.

Өз кезегінде жыл бойында Қазақстанға Ресей Президенті В.В. Путин, Ауғанстан Президенті Х. Карзай, Тәжікстан Президенті Э.Ш. Рахмонов, Қырғызстан Президенті А.А. Ақаев, Өзбекстан Президенті И.А. Каримов, Румыния Президенті И. Илиеску, Болгария Президенті Г. Пырванов, ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтао, Малайзияның Жоғарғы Билеушісі Янг Ди-Пертуан Агонг XII, ГФР Федералды канцлері Г. Шредер, Польша Премьер-министрі Л. Миллер, Украина Премьер-министрі В.Ф. Янукович, Ливан Премьер-министрі Р. Әл-Харири сапарларын жа-сады. Кездесулер барысында өңірлер және әлемдегі жағдай туралы өнімді пікір алмасулар өтті, екіжақты қатынастардың келешегі талқыланды, қауіпсіздік, сауда, көлік, энергетика, туризм, мәдениет, білім және ғылым салаларындағы екіжақты байланыстарды нығайту және одан әрі кеңейтуге бағытталған көптеген келісімдерге қол қойылды.

Мемлекет басшысы бірқатар халықаралық ұйымдардың басшыларын — НАТО бас хатшысы Дж. Робертсонды, ҰҚШҰ бас хатшысы Н.Н. Бордюжаны, ЕурАзЭҚ бас хатшысы Г.А. Рапотаны, ЕҚЫҰ төрағасы — Нидерланды Корольдігінің Сыртқы істер министрі Я. Схефферді, ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясының төрағасы Б. Джорджді, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Бас директоры Йонг Вук Лиді, ХВҚ басқарушы-директоры Х. Келлерді және тағы да басқаларын қабылдады.

Сондай-ақ Президент Ресей Федералды жиналысы Федерация кеңесінің спикері С.М. Мироновпен, Франция Парламенті Сенатының спикері К. Понселе-мен, Моңғолия Ұлы мемлекеттік хуралының спикері С. Томор-Очирмен, Ресей, Қытай, Иран, Украина, Қырғызстан, Германия, АҚШ сыртқы істер министрлерімен, Қазақстанда тіркелген дипломатиялық миссиялардың басшыларымен кездесті, сондай-ақ Грузия, Қытай, Литва, Ресей, Франция және Чехияның Төтенше және Өкілетті елшілерінен сенім грамоталарын қабылдады.

Осы кезеңдегі Мемлекет басшысының сыртқы саяси қызметіндегі тағы бір ерекшелігі белсенді «телефондық дипломатия» болды, оның барысында Н.Ә. На-зарбаев шетел мемлекеттерінің көшбасшыларымен, атап айтқанда, Франция Президенті Ж. Ширакпен, Украина Президенті Л.Д. Кучмамен, Ресей Президенті В.В. Путинмен, Иран Президенті М. Хатамимен, Ұлыбритания Премьер-министрі

Т. Блэрмен, Түркия Премьер-министрі Р.Т. Эрдоғанмен, Италия Министрлер кеңесінің төрағасы С. Берлусконимен, ГФР Федералды канцлері Г. Шредермен және тағы да басқаларымен телефон арқылы бірқатар келіссөздер жүргізді.



Жалпы, жыл қорытындыларын жасай келе, осы жыл экономиканың қарқынды қайта құрылу кезеңін аяқтап, Қазақстанның жаңа постреформалы кезеңін айқындап бергенін атап көрсетуге болады. Жыл бойы қабылданған шешімдер мен бағдарламалық құжаттардың қорытындысы бойынша тұрақты және мықты экономикалық тұғырнамасын құруға бағдарланған мемлекет дамуының бағыты айқындала түсті. Индустриялық-инновациялық бағдарламаның іске асырылуы және жаңа міндеттердің қойылуы алдағы жылдардағы экономикалық саясат дизайнын түбегейлі қалыптастырды. Экономикалық өсудің тұрақтылығы елдің қоғамдық-саяси жүйесінің дамуында айтарлықтай үлкен қадам жасауға және ілгері қарай сапалы серпіліс жасауға қажетті мемлекеттік басқаруды жаңғыртуды жалғастыруға мүмкіндік берді. Осы кезеңнің нәтижелері өтпелі кезеңде мемлекет құрудың «алдымен экономика, содан соң саясат» деген президенттік формуласының тиімділігін тағы бір мәрте дәлелдей түсті.

ҚАҢТАР



Дс		6	13	20	27
Сс		7	14	21	28
Ср	1	8	15	22	29
Бс	2	9	16	23	30
Жм	3	10	17	24	31
Сн	4	11	18	25	
Жк	5	12	19	26	



5 қаңтар

Мемлекет басшысы өзінің астаналық резиденциясында Қазақстанның әдебиет және өнер қайраткерлеріне берілетін 2002 жылғы Президенттік стипендия иегерлері — жазушылар Қ. Қайсеновті, С.Ш. Шәймерденовті; ақын Т. Әбдірахманованы; әншілер Е.Б. Серкебаевты, Б.А. Төлегенованы, Р.Ү. Жаманованы, Р.Т. Бағланованы; театр және кино әртістері Ә.Е. Өмірзақованы, Ю.Б. Померанцевті, К.К. Кенжетаеты, Х.Б. Бөкееваны, Ш.И. Жандарбековті; сазгерлер Е.Р. Рахмадиевті, Б.С. Жұманиязовты; суретшілер А.Ғ. Ғалымбаеваны, С.Ә. Мәмбеевті; мүсінші Х.И. Наурызбаевты; балерина Р.Х. Байсейітованы және тағы да басқаларын қабылдады.



Президент қазақстандық мәдениеттің ардагерлерін президенттік стипендия алуларымен және келген 2003 жылмен шын жүректен құттықтап, қоғам дамуына қосқан сүбелі үлестерін атап өте отырып, жаңа шығармашылық табыстар тіледі.



Әдебиет және өнер қайраткерлеріне берілетін Президенттік стипендия мәдениет ардагерлерін материалдық қолдау мақсатында Мемлекет басшысының 1994 жылғы 12 желтоқсандағы шешімімен тағайындалды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Австрия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Р.М. Әлиевті Қазақстан Республикасының Словения Республикасындағы, Хорватия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы, Вена қаласындағы халықаралық ұйымдар жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты Өкілі қызметіне тағайындау туралы» №1011 Жарлығына қол қойды.

7 қаңтар

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен телефон арқылы сөйлесті, оның барысында екі ел арасындағы шекаралық өткел мәселелерін реттеу проблемасы талқыланды. Жағдайды жылдамдатып шешу үшін мемлекеттер басшылары вице-премьерлердің басшылық етуімен үкіметтік деңгейде жұмыс комиссияларын құру туралы шешімін қабылдады.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Р.Т. Түсіпбековті

және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты А.Қ. Тшанды қабылдады.

Мемлекет басшысы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» №370-II, «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы» №371-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне электрондық құжат, электрондық цифрлық қолтаңба және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №372-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы №30 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1013, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 11 ақпандағы №806 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» №1014 жарлықтарына қол қойды.

8 қаңтар

Мемлекет басшысы өзінің астаналық резиденциясында бірқатар жұмыс кездесулерін өткізді.

Президент Қазақстан Республикасының Премьер-министрі К.Қ. Мәсімовті қабылдады. Ол екі ел арасындағы шекаралық өткел мәселелерін реттеу бойынша өткен Қазақстан-Өзбек келіссөздерінің қорытындылары туралы баяндап берді.

Павлодар облысының әкімі Д.К. Ахметовпен кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев облыстың 2002 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есебін тыңдады.

Сондай-ақ Президент Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім вице-министрі Б. Тілеуханды қабылдады.

Мемлекет басшысы «Инвестициялар туралы» №373-II, «Қазақстан Республикасының инвестицияларды қаржыландыру саласындағы кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» №374-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне инвестициялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №375-II, «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) өзгеріс енгізу туралы» №376-II, «Астана қаласының халқына жедел және шұғыл жәрдем көрсету қызметін дамытуды қолдау»

жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасында ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы» №377-II, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы» №378-II, «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» №379-II, «Инвестициялар мен экспорттық несиелендіруді сақтандыру жөніндегі ислам корпорациясы құрылтай шартының баптарын бекіту туралы» №380-II заңдарына қол қойды.

9 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты С.А. Әбділдинді қабылдады.

Кездесу барысында «Саяси партиялар туралы» жаңа заңының аясында Қазақстандағы партиялық құрылыс мәселелері, сондай-ақ заңшығарушылық қызметін жетілдіру жолдары талқыланды.

Мемлекет басшысы «Отан» Республикалық саяси партиясы төрағасының міндетін атқарушы А.Д. Ермагдиевті қабылдады. Ол партиядағы ағымдағы жағдай мен 2003 жылға арналған міндеттер туралы хабарлады.

Мемлекет басшысы Еуразиялық өнеркәсіп қауымдастығының президенті А.А. Машкевичті қабылдады. Ол қауымдастықтың 2002 жылғы жұмыс қорытындылары туралы айтып берді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Түркия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Қ.Ш. Сарыбайды қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан-Түрік ынтымақтастығының өзекті мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының кейбір баптарының қолданылуын тоқтата тұру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» №381-II, «Қазақстан

Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» №382-II заңдарына қол қойды.

10 қаңтар

Мемлекет басшысы «31 арна» телерадиокомпаниясының президенті А.М. Байтасовты қабылдады. Ол арна хабар таратуының жаңа тұжырымдамасын ұсынды және құрамына «31 арна», «Таң» телерадиокомпаниясы мен «Мегаполис» баспа үйі кіретін медиахолдинг құру туралы хабарлады.

Мемлекет басшысы «Қазақтелеком» ААҚ президенті Ә.А. Бектасовты қабылдады.

Кездесу барысында компанияның сыртқы нарыққа шығуы және ауылды жерлерде байланысты дамытуда одан әрі алға ілгерілеу мәселелеріне басты назар аударылды. Н.Ә. Назарбаев байланыс құрылымдарында жаңа технологияларды үнемі енгізіп отыру және Интернетті одан әрі дамытудың қажеттігін атап айтты.

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Түркия Республикасының Әділеттілік пен даму партиясының төрағасы Р.Т. Эрдоғанды қабылдады.

Президент Р.Т. Эрдоғанды 2002 жылғы 3 қарашада өткен парламенттік сайлауда оның партиясының сенімді жеңісімен құттықтады және соңғы 11 жыл ішінде Қазақстан-Түркия қатынастары үдемелі дамып, стратегиялық серіктестік деңгейіне дейін өскенін атап өтті.

Кездесу барысында екі ел арасындағы отын-энергетикалық, әскери-техникалық, ғылым-білім және мәдениет салаларындағы қарым-қатынастың жағдайы мен келешегі талқыланды.



13 қаңтар

Мемлекет басшысы Қарағанды облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Теміртау қаласына барды.

Президент «Испат-Қармет» ААҚ басшылығымен кездесіп, оның алдына бірқатар міндеттер қойды. Олардың қатарында жоғары қосылған құн өнімін шығару жөніндегі жаңа цехтарын ашу, құрышты үздіксіз

құю қондырғыларын жетілдіру, кокс өндірісін арттыру, металлургия, мұнай-газ саласы үшін құбырлар шығару зауытының құрылысына қызмет көрсететін шағын және орта бизнес кәсіпорындарын ұйымдастыру және тағы басқалары бар.

Кездесудің соңында Н.Ә. Назарбаев жаңа домна пешін іске қосуға қатысты, сондай-ақ 2002 жылы іске қосылған ыстық мырыштау және алюминийлеу цехын аралап көрді.

Содан соң Мемлекет басшысы «Қазақмыс» корпорациясы» ААҚ-ның «Нұрқазған» жаңа кенішіне барып, кенді ашық әдіспен өндіру жөніндегі жұмыстардың ұйымдастырылуымен танысты.

Жұмыс сапарының аяғында Президент биіктік алмасуы 107 метрлік, ұзындығы 750 метр тау-шаңғы трассасы, 72 креслосы бар қанат жолы, 5 қонақ үйлері, жалға беру пункті, 80 орындық мейрамхана және т.б. бар «Теміртау» тау-шаңғы кешенін ашты. Ашылу рәсімінде сөз сөйлей отыра, Н.Ә. Назарбаев жаңа кешен қысқы демалысты жақсы көретіндер үшін сүйікті орынға айналатынына сенім білдірді.

14 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сот төрағасы Қ.Ә. Мәмиді қабылдады. Ол ел соттарының 2002 жылғы қызметінің қорытындылары, сот ісін жүргізу сапасын арттыру бағытында қабылданып жатқан шаралар, соттардың III съезінде Президенттің сот жүйесін жетілдіру бойынша қойған міндеттерін іске асыру барысы туралы хабарлады.

Н.Ә. Назарбаев сот кадрларын сапалы іріктеу, олардың біліктілігін, моральдық-өнегелілік кейпіне қойылатын талаптарды арттыру және азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін сенімді сот қорғауымен қамтамасыз ету қажеттігін атап көрсетті.



15 қаңтар

Мемлекет басшысы экологиялық қауіпсіздік пен техногендік және табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етті.

Президент экономикалық өсу өнеркәсіп шығындарының тез арада жиналуына, ірі қалалардың ауасының, өзендер мен су қоймалардың ластануына әкелетінін айта отырып, Қазақстан Республикасының



Қоршаған ортаны қорғау министрі А.Б. Самақованың құрамына эколог-ғалымдар, халықаралық және отандық ҰЕҰ өкілдері енетін Тұрақты даму жөніндегі Ұлттық комиссия құру туралы ұсынысын қолдады және Үкіметке оның Ережесінің жобасын дайындауды тапсырды.

Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ нормативтік құқықтық базаны одан әрі жетілдіру, сондай-ақ Қазақстанның тұрақты дамуының Ұлттық бағдарламасын және Экологиялық ластанудың ірі ошақтарын жою жөніндегі бағдарламасын әзірлеу міндеттерін қойды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының облыстық, аудандық және оларға теңестірілген соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №1015, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қарашадағы №4153 Жарлығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» №1016 жарлықтарына қол қойды.

16 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерімен 2002 жылғы қорытындылар бойынша кеңес өткізді.

Елдің өткен жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуына қысқаша баға бере отырып, Қазақстанның индустриялық-инновациялық стратегиясын әзірлеу, зейнеткерлік жүйені одан әрі реформалау, кедейлік пен жұмыссыздықты төмендету, ПМК (КСК) қызметінің мәселелерін шешу және т.б. міндеттерді қойды.

20 қаңтар

Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Берн қаласында Федералды Президент П. Кушпенмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты қатынастардың әртүрлі аспектілері қаралды, олардың қатарында екі ел арасындағы сауда айналымын кеңейту келешегі, Қазақстан экономикасына инвестициялар мен технологияларды тарту, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселелері де бар. Сондай-ақ ДСҰ-ға кіру мәселесінде Швейцария жағынан Қазақстанға қолдау көрсету тақырыбы да қозғалды.



Келіссөздер қорытындысы бойынша халықаралық жолаушылар мен жүк тасымалдау, сондай-ақ Швейцарияның Орталық Азия мемлекеттеріне сыртқы сауда саласы бойынша техникалық көмек көрсету бағдарламасына Қазақстанның қосылуы туралы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

21 қаңтар

Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясына ресми сапары барысында Цюрих қаласына барып, жетекші швейцариялық компаниялардың басшыларымен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

Атап айтқанда, Н.Ә. Назарбаев темір жол және энергетика салаларындағы жобаларымен танымал «ABB Ltd.» және «Matisa» компанияларының басшыларын, сондай-ақ порттық крандарды шығару, азық-түлік өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығына жабдықтар шығарумен маманданған «Buhler AG» басшысын қабылдады.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Цюрих қаласында өткен «Швейцариялық компаниялар үшін Қазақстанда бизнес жүргізудің іскерлік мүмкіндіктері» инвестициялық конференциясының жұмысына қатысты.

Конференцияны аша отырып, Н.Ә. Назарбаев Қазақстан жоғары технологиялы өндіріс пен бәсекеге қабілетті және ғылымды көп қажет ететін өнімдер шығаруды дамыту үшін капитал тартуды мақсат етіп қойғанын атап айтты. Қазақстан экономикасына инвестиция салу турасында швейцариялық бизнесмендерге үндеу тастай отыра, Президент басым салалардың қатарында мұнай-газ секторын, машина жасау, химия және мұнайхимия, құрылыс материалдарының өндірісі, көлік саласын айтты.



23 қаңтар

Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясының Давос қаласында ашылған Дүниежүзілік экономикалық форумының жұмысына қатысты.

24 қаңтар

Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясының Давос қаласында өткен Дүниежүзілік экономикалық форумы жұмысының аясында «Қазақстанның келешегі» іскерлік кездесуіне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде атап көрсеткендей, мемлекеттік тәуелсіздік алу мен халықаралық тануға қол жеткізген сәттен бастап Қазақстан әлемдік экономикалық және саяси элитамен бейресми қарым-қатынас жасау мүмкіндігін иелене отырып, Дүниежүзілік экономикалық форумның жыл сайынғы кездесулерінің тұрақты қатысушыларының біріне айналды. Қазақстан Президенті осындай форумдар жаңа серіктестер табуға көмектесетінін, ал ең бастысы — олар мемлекеттерді жақындастырып, ортақ болашақты айқындайтынын атап көрсетті (Қосымшаны қараңыз).

Сол күні Мемлекет басшысы Дүниежүзілік экономикалық форумға қатысқан Польша Республикасының Президенті А. Квасьневскимен, Малайзия Федерациясының Премьер-министрі М. Мохаммадпен, ДСҰ бас директоры С. Панитчпақдимен, Израиль Мемлекетінің Сыртқы істер министрі Ш. Переспен, «Лукойл» ресейлік мұнай-газ компаниясының президенті В.Ю. Алекперовпен, «Boeing» корпорациясының басшысы Ф. Кондитпен және Дүниежүзілік экономикалық форумның негізін қалаушы және президенті К. Швабпен екіжақты кездесулер өткізді.



29 қаңтар

Мемлекет басшысы неміс тарапының бастамасы бойынша Германия Федеративтік Республикасының Федералды канцлері Г. Шредермен телефон арқылы сөйлесті.

Мұнай-газ, машина жасау, телекоммуникация және ауыл шаруашылығы салаларындағы, сондай-ақ Ауғанстан мен Ирактағы жағдайлар туралы екіжақты ынтымақтастыққа қатысты пікір алмасқан соң, тараптар 2003 жылғы желтоқсанда жоспарланып отырған Г. Шредердің Қазақстанға ресми сапарына дайындық және оның аясында неміс және қазақстандық кәсіпкерлердің қатысуымен өткізілуі көзделіп отырған бизнес-форум мәселелерін талқылады.



АҚПАН



Дс	3	10	17	24
Сс	4	11	18	25
Ср	5	12	19	26
Бс	6	13	20	27
Жм	7	14	21	28
Сн	1	8	15	22
Жк	2	9	16	23



2 ақпан

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарының Президенті Дж. Бушқа халықаралық экипаждың 7 мүшесінің өмірін әкеткен «Колумбия» ғарыш кемесінің 2003 жылғы 1 ақпандағы апатына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Америка кәсіби астронавттар мен талантты ғалымдарды ғана емес, сонымен бірге өз елінің нағыз азаматтарын жоғалтып отыр. Барша қазақстандықтар шаттлға қатысты қайғылы оқиғаны ауыр қабылдады. Бүкіл халық атынан, жеке өз басымның атынан қаза болғандардың туған-туысқандарының қайғыларына ортақтасып, көңіл білдіремін. Көптеген халықтардың көз алдында болған осындай сұмдық апаттың өзі ғарыш кеңістігін игеру бойынша үлкен бағдарламаның дамуына кедергі бола алмайды, сол үшін астронавттар өз өмірлерін қиды», — деп жазылған жеделхатта.

Мемлекет басшысы сондай-ақ Израиль Мемлекетінің Премьер-министрі А. Шаронға көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Израильдің алғашқы астронавты И. Рамонның өмірін қиған американдық «Колумбия» ғарыш кемесінің апаты жайында өкінішпен естідім. Қазақстан халқының атынан және жеке өз басымның атынан марқұмның туған-туыстарына шынайы көңіл білдіремін, осынау қайғылы сәтте қайсарлық пен батылдық тілеймін», — делінген жеделхатта.

4 ақпан

Мемлекет басшысы Италия Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Рим қаласында Президент К.А. Чампимен кездесті.

Шағын құрамдағы кездесу барысында екіжақты қатынастардың кең ауқымды мәселелері бойынша, сондай-ақ өзара мүдделестік тудыратын халықаралық мәселелер туралы пікір алмасу өтті.



Түстен кейін Мемлекет басшысы Италия Республикасы Парламенті депутаттары палатасының төрағасы П. Казинимен және «Eni S.p.A» корпорациясының атқарушы директоры В. Минкатомен кездесті.

5 ақпан

Мемлекет басшысы Италия Республикасында ресми сапары барысында Италия сыртқы сауда

институтында өткен «Қазақстан: италиялық компаниялар үшін коммерцияландыру және инвестициялау келешегі» бизнес-форумына қатысты.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайын айта келе, екі елдің экономикалық ынтымақтастығы келешегінің басым бағыттарына толығырақ тоқталып өтті. Қазақстан Президентінің осындай бағыттарының бірі ретінде қосылған құнның жоғары бөлігі бар ғылымды көп қажет ететін өндірісті атады. «Қазақстандық экономиканың салалық құрылымының сапалық жағынан жақсаруына, оның жаңғыртылуына, қосылған құны жоғары өнім өндіретін салаларды дамытуға барынша үлес қоса отырып, ынтымақтастықты белсендіре түсіп, өздеріңіз үшін пайда табу өз мүдделеріңіз үшін қажет екеніне сенімдімін», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Сондай-ақ бизнес-форумда Қазақстан жағынан Энергетика және минералды ресурстар министрі В.С. Школьник, Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитетінің төрағасы Е.Ә. Әбілдаев, Атырау облысының әкімі А.Е. Мусин, «Астана — жаңа қала» АЭА дирекциясының бас директоры Н.П. Тихонюк сөз сөйледі.

Сол күні Мемлекет басшысы Италия Республикасы Министрлер кеңесінің төрағасы С. Берлусконимен кездесті.

Кездесу барысында тараптар ең алдымен мұнай-газ саласындағы екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтудің жағдайы мен келешегін талқылады.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша автомобиль көлігімен халықаралық жолаушылар мен жүк тасымалдауды өзара реттеу туралы үкіметаралық келісімге қол қойылды.



6 ақпан

Мемлекет басшысы Италия Республикасына ресми сапары барысында Ватикан Мемлекетіне барып, Ватикан мен Рим католик шіркеуінің басшысы Рим Папасы Иоанн Павел II-мен кездесті.

Қазақстан Президенті Ватикан басшысына Қазақстанға көрсеткен ерекше ілтипаты үшін алғыс білдіріп, оған және Әулие Престолдың басшылығына 2003 жылғы қыркүйекте Қазақстанда Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезін өткізуде қолдау көрсетуін сұрады. Понтифик осы игі бастама-



ны толығымен қолдайтынын білдіріп, Қазақстан мен оның халқына батасын берді.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев Ватиканның Мемлекеттік хатшысы кардинал А. Соданомен кездесті. Әңгімелесу барысында Қазақстанның дінаралық форумды өткізу бастамасы одан әрі талқыланды. Өз кезегінде А. Содано Қазақстанда Астана, Алматы, Атырау және Қарағанды қалаларының епископаттарын біріктіретін ортақ епископат құру туралы ниетін білдірді, және Н.Ә. Назарбаевтың 2003 жылғы қыркүйек айында Қазақстанға шақыруын ризашылықпен қабылдады.



Мемлекет басшысы Қазақстан журналистерінің II Конгресіне сәлем жолдады.

«Ел журналистерінің II Конгресіне қатысушылары мен қонақтарына сәлем жолдаймын!

Қазақстандық журналистердің жыл сайынғы форумын өткізу, жақын арада жоғары мәртебесі бар БАҚ жөніндегі Қоғамдық кеңесті құру мемлекет, қоғам және баспасөз арасындағы әрекет етудің теңгерімді жүйесін қалыптастыру жолында жасалған маңызды қадамдар болып табылады.

Әлеуметтік-экономикалық және саяси жаңғыртулардың, біздің мемлекеттілікті нығайтудағы, экономиканың өсуіндегі табыстылыққа қол жеткізуде Қазақстан журналистері, бұқаралық ақпарат құралдарының барлық қызметкерлерінің еңбегі аз емес. Болашақтағы біздің гүлденуіміз бүгінгі таңда бірігіп құрып жатқан азаматтық қоғамның барлық институттарының үйлесімді жұмысынсыз іске асуы мүмкін емес. Бұл үдерістегі ең маңызды рөлдердің бірі БАҚ-тарға тиесілі.

Бұл бізге жоғары азаматтық жауапкершілік жүктейді. Қазіргі заманның сындарлылығына қарамастан, осы заманғы БАҚ қызметкеріне өз ісінің маманы ғана болу аздық етеді. Жалпы қоғам мүдделерін қорғай отыра, журналист нақты айғақтарды келтірумен ғана шектелмеуі керек, ар-ұят пен рақымшылық көрсете білуі, айтқан сөздері мен жарияланымдарының салдары туралы ойлануы қажет. Осы секілді жауапкершілік менің үнемі қорғап жүретін сөз еркіндігімен тығыз байланысты.

Цехтық ниеттестік тетіктерін жетілдірумен, БАҚ пен журналистерге өзара қолдау көрсетумен бірге сіздердің біріккен жұмыстарыңыз бен қарым-қатынастарыңыз кәсіби әдеп ережелерін, қазақстандық журналистің өзіндік ар-намыс кодексін бекітуге жәрдемдесетін болады деп сенемін.

Барлық қойылған міндеттерді орындау қолдарыңыздан келетініне сенімдімін. Форумға өз жұмысында үлкен табыстар, ал барша журналистерге шығармашылық ізденістер мен сәттілік тілеймін!», — делінген Президент жолдауында.

8 ақпан

Мемлекет басшысы «Ішкі жүзудегі кемелердің соқтығысуынан туындайтын жауапкершілікке қатысты кейбір ережелерді біріздендіру туралы конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» №383-II, «Транзиттік тасымалдар жөніндегі Экономикалық ынтымақтастық ұйымының негізгі келісімін және Транзиттік тасымалдар жөніндегі Экономикалық ынтымақтастық ұйымының негізгі келісіміне Қосымшалардың мәтіндеріне қол қою туралы хаттаманы бекіту туралы» №384-II, «Тұқым шаруашылығы туралы» №385-II, «Пошта туралы» №386-II, «Төтенше жағдайлар туралы» №387-II заңдарына қол қойды.

10 ақпан

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Ғарыштық зерттеулер институтының директоры Ө.М. Сұлтанғазинді қабылдады. Ол елдегі ғарыш және ғарыштық зерттеулердің даму жағдайы, ғарыштық мониторинг ұлттық жүйесінің қалыптасу барысы, «Байқоңыр» кешеніне қызмет көрсету және оны бірігіп пайдалану үшін қазақстандық кадрларды даярлаудың келешегі туралы мәлімдеді.

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында «Лукойл» ААҚ президенті В.Ю. Алекперов бастаған осы компанияның делегациясын қабылдады.

Кездесуде «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» ЖАҚ-пен біріккен Қазақстан-ресейлік кәсіпорын құру, сондай-ақ Каспий теңізі түбіндегі Қазақстанға тиесілі бір учаскесіне геологиялық зерттеу жүргізу мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясына Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» №389-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Оралмандардың 2003 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы» №1017,

«Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 қаңтардағы №543 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1018, «Алматы қаласын дамытудың 2003–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» №1019, «Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының туы мен нышанының сипаттамаларын бекіту туралы» №1020, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 28 шілдедегі №422 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №1021 жарлықтарына қол қойды.

11 ақпан

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Франция Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Ж. Перроледен сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы КСРО халық әртісі, композитор Е.Р. Рахмадиевті қабылдап, онымен танымал қазақстандық композитор М.Т. Төлебаевтың туғанына 90 жыл толуына орай мерекелік шаралардың дайындығы мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Орталық мешітіне барып, Қазақстанның мұсылман қауымын Құрбан айт мерекесімен құттықтады.

«Барша мұсылман әлемінде кеңінен аталып өтілетін ең айтулы мерекелердің бірі — Құрбан айт мерекесі келді. Қазақстан көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет болып табылады, сондықтан тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап біздің жас мемлекетіміз бірінші кезекте ар-ождан еркіндігін жариялады. Бүгін республикада 3 мың діни бірлестіктер тіркелген, 1,5 мың жаңа мешіттер салынған, 170 православиелік және 30-дан астам католик шіркеулері, сондай-ақ иудалық және басқа да храмдар салынған. Бұл біздің халықтың барлық діндерге деген төзімділігі мен толеранттығын көрсетеді. Алматы қаласында өтетін халықаралық бейбітшілік пен келісім конференциясы осының кезекті дәлелі болмақ», — деді Президент.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі №853 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1022 Жарлығына қол қойды.



12 ақпан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен өзінің «Сындарлы он жыл» атты жаңа кітабының тұсаукесер рәсімін өткізді.

Рәсімге Қазақстанда тіркелген дипломатиялық миссиялардың басшылары, Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, Қазақстанның танымал ғалымдары мен қоғам қайраткерлері қатысты.

«Мен, әрине, жазушы емеспін, — деді Н.Ә. Назарбаев. — Алайда терроризм, экстремизм, есірткі саудасы, Каспий өңірі және ұжымдық қауіпсіздік мәселелері бойынша біз көп пікір алмастық. Бір жүйеге келтіріп, қорытуды қажет ететін материалдар жинақталып қалды. Егер ондай қорыту Президенттің аузынан жасалатын болса, халық та, зерттеуші-ғалымдар да оған көп назар аударады».

Сондай-ақ тұсаукесер рәсімінде Алматы қаласындағы ЕҚЫҰ Орталығының жетекшісі В. Иштван, ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің бас хатшысы В.Д. Николаенко, БҰҰ-ның Қазақстандағы тұрақты өкілі Ф. Акчура, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар университетінің ректоры А.В. Торкунов сөз сөйледі.



Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында 2003 жылғы 13 ақпанда өтетін халықаралық бейбітшілік және келісім конференциясына қатысуға келген Франция Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы К. Понселені қабылдады.

Кездесу барысында халықаралық қауіпсіздіктің ең өзекті мәселелері және екі елдің сол мәселелерді шешуге қатысу мүмкіндігі талқыланды.

Мемлекет басшысы «CNN» телекомпаниясының корреспонденті Дж. Бреннанға сұхбат берді.

Әңгіме Н.Ә. Назарбаевтың «Сындарлы он жыл» кітабының тұсаукесеріне және келесі күні болатын халықаралық бейбітшілік және келісім конференциясына арналды.

Сұхбат барысында Мемлекет басшысы кітап мазмұнына қатысты, осы заманғы халықаралық жағдайға көзқарасы, қауіпсіздік және терроризмге қарсы күрес мәселелеріне, өркениеттер үнқатысуы мен әртүрлі діндердің өзара қатынасына байланысты сауалдарға жауап берді.

13 ақпан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында оның бастамасы бойынша шақырылған Халықаралық бейбітшілік және келісім конференциясына төрағалық етті.

«XXI ғасырда қауіпсіздік әртүрлі мәдениет пен діндердің теңқұқылы үнқатысуын дамытусыз қамтамасыз етілмейді», — Қазақстан Президенті конференцияны осы сөздерімен ашты.

Осыған байланысты Н.Ә. Назарбаев Қазақстанда әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізуді ұсынды. «Қазақстан, — деді ол, — ислам, христиан, будда және конфуциандық ұлы өркениеттер әрекет етуінің тарихи мекеніне айналды» (Қосымшаны қараңыз).

Конференцияның діндер, ұлттар және өркениеттер арасындағы үнқатысуды дамыту атты негізгі тақырыбын талқылауға Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмонов, Түркия Республикасының Мемлекеттік министрі М. Айдын, Өтпелі Ауғанстан Ислам Мемлекетінің Президенті Я. Маруфи, Әзірбайжан Республикасының Сыртқы істер министрі В. Гулиев, негізгі американдық еврейлік ұйымдар президенттері конференциясының төрағасы М. Цукерман, сондай-ақ жетекші діни қайраткерлер — АҚШ, Австралия, Жаңа Зеландия еврейлік ұйымдарының өкілдері және әртүрлі әлемдік конфессиялардың өкілдері қатысты.

Конференция қорытындысы бойынша «Бейбітшілік пен тұрақтылыққа» халықаралық бейбітшілік пен келісім конференциясына қатысушылардың Бірлескен декларациясы қабылданды.



Мемлекет басшысы Халықаралық бейбітшілік пен келісім конференциясының аясында Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевпен, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмоновпен, Түркия Республикасының Мемлекеттік министрі М. Айдынмен, сондай-ақ АҚШ-тың еврейлік ұйымдарының жетекшілерімен екіжақты кездесулер өткізді.

14 ақпан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстан қаржыгерлерінің III Конгресіне қатысты.

Жаңа кезеңдегі елдің қаржы секторын дамыту тұжырымдамасы жобасының талқылануы конгресс күн тәртібінің негізгі мәселесі болды.



Өз сөзінде Президент қаржылық жүйені дамытудың басымдықтары ретінде 12 бағытты белгілеп берді, олардың қатарында тұтынушылық нарықтағы бағаларға Ұлттық банк тарапынан бақылау жүргізуді, қаржылық қадағалаудың бірыңғай органын құруды, табысы аз тұрғындардың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында ипотекалық несиелеуді одан әрі дамытуды, қор және сақтандыру нарықтарын дамытуды, шағын және орта бизнесті дамыту үшін кредиттік бюро құруды, банктік жүйені Еуропалық Одақ стандарттарына сай келтіруді және т.б. атап көрсетті (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Washington Times» және «The New York Times» америкалық газеттерінің арнайы корреспонденті К. Палаға сұхбат берді. Онда ол Қазақстанның этносаралық, конфессияаралық және әлеуметтік бейбітшілік пен келісімге қол жеткізу тәжірибесіне, Н.Ә. Назарбаевтың АӨСШК саммитін және халықаралық бейбітшілік пен келісім конференциясын ұйымдастыру туралы бастамаларына, сондай-ақ Ирактағы жағдайға қатысты сауалдарға жауап берді.

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстан-Британия техникалық университетінің ашылуына орай «Теңізшевройл», «Agip KCO» «Eni S.p.A.», «BP», «British Gas», «Shell Kazakhstan Development B.V.», «Halliburton Schlumberger», «ҚазМұнайГаз», «KEGOC», «Қазақтелеком», «Қазақстан темір жолы», «Қазатомөнеркәсіп», «Ақтөбемұнайгаз», «Қаражанбасмұнай» секілді ірі шетелдік және отандық компаниялардың өкілдерін қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев жиналғандарға елдің білім саласының дамуына көрсетіп отырған қолдаулары үшін сенім білдірді және мұнай-газ бен энергетика өнеркәсібі үшін жоғары білікті кадрларды даярлайтын Қазақстан-Британ техникалық университеті елдің алдыңғы қатарлы ЖОО-сына айналатынына үміт артты.

Мемлекет басшысы Қазақстанның дизайнерлері одағының президенті, Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген қайраткері Т.С. Сүлейменовке 60 жасқа толуына және шығармашылық қызметінің 40 жылдығына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

«Тек Қазақстанның ұлттық валютасы — теңгені шығаруыңызбен ғана Сіз ел тарихында қаласыз», —

делінген жеделхатта. Т.С. Сүлейменовтің отандық сәулет өнері мен дизайнының дамуындағы айрықша рөлін, Қазақстанның көптеген қалаларының құрылысы мен көркейтілуіне, оның қатарында жаңа елорда Астана қаласының қалыптасуына қосқан үлесін атап көрсете отырып, Президент мерейтой иесіне жаңа шығармашылық табыстар тіледі.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №388-ІІ Заңына қол қойды.

17 ақпан

Мемлекет басшысы Ресейдегі Қазақстан жылының салтанатты ашылу рәсіміне қатысу үшін Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласына жұмыс сапарымен аттанды.

18 ақпан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясына жұмыс сапары барысында М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетіне барып, ММУ ғылыми кеңесінің салтанатты отырысына қатысты.

Университет ректоры В.А. Садовничий Н.Ә. Назарбаевқа ММУ құрметті докторы атағының берілуі туралы мәлімдеп, білім саласының дамуына, Қазақстан мен Ресей халықтары арасындағы ғылыми және мәдени байланыстар мен достық қатынастарды нығайтуға қосқан айрықша үлесі үшін диплом табыс етті.



Мемлекет басшысы ММУ-дан кейін Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен кездесті.

Кездесу барысында екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері туралы пікір алмасу өтті. Екі мемлекеттің басшылары жақсы көршілестік қатынастарды, экономикалық және мәдени байланыстарды дамытуға ниеттестіктерін білдірді.



Мемлекет басшысы Әулие Даниил монастырына барып, Мәскеу және Бүкіл Русьтің Патриархы Алексий ІІ-мен кездесті.

2003 жылғы қыркүйек айында Қазақстанда өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының І съезі әңгіменің негізгі тақырыбына айналды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Ресейдегі Қазақстан жылының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Жиналғандардың алдында сөз сөйлей отыра Н.Ә. Назарбаев: «Біз бірігіп өмір сүріп келе жатқан ғасырлар белгілі бір еуразиялық қоғамдастықты қалыптастырды.

Біз — қандастармыз, еркіндік пен тәуелсіздік үшін күресте, лайықты өмір сүру құқығы үшін бірігіп қан төккен бауырлармыз.

Біз — тарихи туысатын, өмірге көзқарастары мен мәдениеті ортақ бауырластармыз.


Біз — қысқамерзімді және ұзақмерзімді жоспарлар мен басымдықтарда көрсетілген өмірлік мақсаттары мен ұстанымдары бір бауырлармыз.

Осы бауырластық — біздің еуразиялық қоғамдастықты сақтап келуімізбен қатар, тарих орамы екі айырып, тәуелсіз мемлекеттерге айналған соң да, оны жаңа, одан да биік деңгейге шығарып отырғанымыздың айғағы.

Біздің өткеніміз бір және болашақ идеалдарымыз да ортақ, олар — демократиялық қоғам, ашық экономика, тұрақтылық, азаматтық және ұлтаралық келісім, қауіпсіздік пен бүкіл әлемдегі ілгерілеушілік» (Қосымшаны қараңыз).

Өз кезегінде В.В. Путин Ресейде Қазақстанның тарихи достық пен екі халықтың ортақ мұрасын аялап сақтауын жоғары бағалайтынын жеткізді. Осындай сенімді ортаазиялық серіктеспен қатынас жасау Ресей үшін сөзсіз басымдық болып табылады.

Ресейдегі Қазақстан жылының ашылуына орай Ресейдің Мемлекеттік академиялық үлкен театрының сахнасында Қазақстанның өнер шеберлері салтанатты концерт берді.



Мемлекет басшысы «Независимая газета» шолушысы В. Васильеваға сұхбат берді. Онда ол ТМД мен ЕурАзЭҚ дамуы келешегіне деген көзқарасы, Қазақстан-ресейлік қатынастардың ағымдағы жағдайы, сондай-ақ 2003 жылғы 13 ақпанда Алматы қаласында өткен халықаралық бейбітшілік пен келісім конференциясының негізгі қорытындылары туралы айтып берді.

19 ақпан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясына жұмыс сапары барысында ЕурАзЭҚ-тың I Экономикалық форумына қатысты.

Форумға Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Украина мен Молдова Республикасы үкіметтерінің делегациялары, қоғамдастық мемлекеттері ғылыми және қаржылық құрылымдарының қызметкерлері, сондай-ақ мыңға жуық кәсіпкерлер қатысты.

Қазақстан Президенті сөйлеген сөзінде ЕурАзЭҚ аясындағы ықпалдастық мәселелеріне өз көзқарасымен бөлісті (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы ЕурАзЭҚ-тың I Экономикалық форумының жұмысы аяқталған соң, Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы М.М. Касьяновпен кездесті.

Кездесу барысында екіжақты негіздегі және ЕурАзЭҚ шеңберіндегі сауда-экономикалық ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Сол күні Мемлекет басшысы «Российская газетаға» сұхбат берді, сондай-ақ «Культура» ресейлік арнасының «Что делать? Философские беседы с В.Т. Третьяковым» атты телебағдарламасына қатысты.

20 ақпан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясына жұмыс сапары барысында Мәскеу қаласының мэрі Ю.М. Лужковпен бірге Мәскеу халықаралық музыка үйіне барды.



Сол күні Мемлекет басшысы «Қазкоммерцбанк» ААҚ мен «ТұранӘлем Банкі» ААҚ-ның Мәскеу қаласындағы өкілдіктеріне барып шықты.

Президент екі қазақстандық банктің Мәскеу қаласындағы өкілдіктерінің ашылуын құптады және банктік жүйедегі реформалар ТМД-ның басқа елдеріндегі осындай үдерістерімен салыстырғанда оқ бойы алда келе жатқанын атап көрсетті, 2002 жылдың өзінде Қазақстан капиталды таза нетто-экспорттаушыға айналды, бұл қаражатты басқа мемлекеттерге, әсіресе ЕурАзЭҚ елдеріне инвестициялауға мүмкіндік береді.

23 ақпан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясына жұмыс сапары барысында Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен, Украинаның Президенті Л.Д. Кучмамен және Беларусь Республикасының Президенті

А.Г. Лукашенкомен біріге отырып, мәлімдеме қабылдады: «Біз, Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясы мен Украина мемлекеттерінің басшылары, біздің халықтардың экономикалық және әлеуметтік ілгерілеуіне, олардың тұрмыс жағдайларын көтеруге жәрдемдесе отырып, тұрақты даму принциптерін негізге ала отырып, біздің елдердегі экономикалық реформалардың біртіндеп іске асырылуы көпжақты экономикалық ынтымақтастықпен ықпалдастық үдерістерін күшейтуді одан әрі тереңдете түсуіне алғышарттар жасағанын назарға ала отырып, 1994 жылғы 15 сәуірдегі Еркін сауда аймағы туралы келісім ережелерін дамыта отырып, Кишинев және Киев қалаларында өткен ТМД саммиттерінде қол жеткізілген уағдаластықтарды, сондай-ақ Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы шешімімізді растай отыра, Экономикалық ықпалдастықтың жаңа кезеңі туралы мәлімдейміз және Біртұтас экономикалық кеңістік құру үшін қажетті шаралар бойынша келіссөздерді бастаймыз.



Келіссөздердің нәтижесі 2003 жылдың қыркүйек айына бірқатар бағыттар бойынша келісілген экономикалық саясат, сәйкесті заңнамаларды үндестіру мен сауда-саттық және тарифтер бойынша бірыңғай мемлекетаралық тәуелсіз реттеу комиссиясын құру үшін Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімнің даярлануы болмақ.

Жұмыстың соңғы мақсаты өңірлік ықпалдастық ұйымын құру болып табылады.

Осы мақсатта тараптар Жоғары дәрежелі біріккен топ құрып, оның мандатын бекітеді».

24 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Премьер-министрі И.Н. Тасмағамбетовті қабылдады. Ол елдің әлеуметтік-экономикалық даму жағдайы, ауылды өркендету бағдарламасын іске асыру барысы және Қазақстанда жұмыссыздықты кеміту бойынша Үкіметтің қабылдаған шаралары туралы баяндап берді.

25 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Н.Н. Дүтбаевты қабылдап, онымен терроризм мен есірткі бизнесіне қарсы әрекет етуді күшейту мақсатында Шекара қызметі мен контрбарлау қызметін жетілдіру мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэминьге Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы жер сілкіну және Гуйчжоу провинциясы шахтасындағы газ жарылысы салдарынан көптеген құрбандардың болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы «Г.В. Ким туралы» №1023, «О.И. Жұмабековті Қазақстан Республикасының Әділет министрі қызметіне тағайындау туралы» №1024, «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №1025 жарлықтарына қол қойды.

26 ақпан

Мемлекет басшысы белгілі археолог, тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры К.А. Ақышевты қабылдады. Ол Қазақстанның қазіргі астанасы тұрған жерде орналасқан ортағасырлық Бозоқ қаласы қазба жұмыстарының нәтижелері туралы хабарлады және университет жанынан тұрақты стационарлық археологиялық экспедиция құру идеясын жеткізді.

Мемлекет басшысы «В.Л. Метте туралы» №1026, «Т.Ж. Абайділдинді Шығыс Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1027, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1028, «Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы» №1029 жарлықтарына қол қойды.

27 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары А.С. Павловты, Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары Е.Ә. Өтембаевты және Ұлттық банкінің төрағасы Г.А. Марченконы қабылдады.

Кездесу барысында елдің ағымды әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Теңіз кеме қатынасы қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз іс-әрекеттермен күрес туралы конвенцияға және Құрлықтық шельфте орналасқан стационарлық платформалар қауіпсіздігіне қарсы бағытталған

заңсыз іс-әрекеттермен күрес туралы хаттамаға қосылуы туралы» №390-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасының арасындағы келісімге хаттамаға қол қою туралы» №1030, «Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізі түбінің шектес учаскелерін ажырату сызықтарының түйісу нүктесі туралы келісімге қол қою туралы» №1031, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1032, «Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Мемлекеттік шекара күзетіндегі ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы» №1033 жарлықтарына қол қойды.

28 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Америка Құрама Штаттарының Төтенше және Өкілетті Елшісі Л. Нэпперді қабылдады.

Әңгіме Н.Ә. Назарбаевтың 2001 жылғы желтоқсан айында АҚШ-қа жасаған сапары барысында қол жеткізілген жоғары дәрежедегі уағдаластықтардың іске асу барысы және оның Президент Дж. Бушпен жүргізген келіссөздері, сондай-ақ Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған Хьюстон бастамасы туралы болды. Одан басқа екі елдің энергетика саласындағы ынтымақтастығы мәселелері де қозғалды. Ирак айналасында орын алған жағдайды тараптар жеке талқылады. Бұл ретте, Мемлекет басшысы осы мәселені реттеудің жан-жақты жолдарын қарастырудың маңыздылығына тоқталды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Венгрия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі С.Т. Тұрсыновты Қазақстан Республикасының Болгария Республикасындағы, Румыниядағы, Чехия Республикасындағы, Словакия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №1034, «Қазақстан Республикасының Әзірбайжан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі А.М. Шоқпытовты Қазақстан Республикасының Грузиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №1035 жарлықтарына қол қойды.

НАУРЫЗ



Дс		3	10	17	24	31
Сс		4	11	18	25	
Ср		5	12	19	26	
Бс		6	13	20	27	
Жм		7	14	21	28	
Сн	1	8	15	22	29	
Жк	2	9	16	23	30	



3 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің төрағасы Е.А. Досаевты қабылдады. Ол агенттіктің тариф жасаудың жаңа әдістемесін әзірлеп болғаны туралы баяндады.

Сондай-ақ кездесу барысында тұрмыстық-коммуналдық саласын реформалау, телекоммуникация және темір жол секторларының монополияға тәуелділігін жою, Ауылды дамытудың 2003–2005 жылдарға арналған бағдарламасының іске асу барысы туралы мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Қ.Н. Келімбетовті қабылдады. Ол 2004 жылға арналған республикалық бюджет жобасын дайындау барысы, макроэкономикалық даму бағдарламасы, Бюджет кодексі, сондай-ақ Мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру және бюджетаралық қатынастар мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның қызметі туралы баяндап берді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 қыркүйектегі №692 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №1036 Жарлығына қол қойды.

5 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Ауыл шаруашылығы министрі А.С. Есімовті қабылдады. Ол министрліктің 2002 жылғы негізгі қызметінің қорытындысы туралы баяндап берді.

Сонымен қатар, Жер кодексінің жобасы мен ауылды өркендетудің үш жылдығы талқылаудың негізгі тақырыбына айналды. Президент жердің тек қана нарықтық бағамен сатылу қажеттігін атап айтты. Ауылды өркендету жайына тоқтала келе, Н.Ә. Назарбаев мемлекеттің жұмсаған күші алдағы үш жыл ішінде ауылдың жағдайын түбегейлі жақсартуға мүмкіндік беретініне үміт артты және әкімдердің жұмысы ең алдымен ауыл және ауыл шаруашылығының дамуы бойынша бағаланатынын мәлімдеді.



Мемлекет басшысы өзінің 2002 жылғы 29 сәуірдегі жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында 2003–2005 жылдарды ауылды өркендету жылдары деп жариялады.

Осыған сәйкес екі негізгі бағдарлама — 2003–2005 жылдарға арналған Мемлекеттік агроазық-түлік бағдарламасы және Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004–2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы әзірленіп, қабылданды. 2002 жылғы 5 маусымдағы №889 Президент Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік агроазық-түлік бағдарламасы агроөнеркәсіптік кешеннің тиімді жүйесін қалыптастыру және бәсекеге қабілетті өнім өндіру негізінде Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталды. 2003 жылғы 10 шілдедегі №1149 Президент Жарлығымен бекітілген Ауылдық аумақтарды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты ауыл халқын қоныстандыруды оңтайландыру негізінде ауылдың тұрмыс-тіршілігіне қалыпты жағдайлар туғызу болып табылады. Мемлекеттік бағдарламалармен қатар сондай-ақ аграрлық сектордың әртүрлі салаларын реттеуге бағытталған түбегейлі жаңа заңдар қабылданды: «Ветеринария туралы», «Өсімдіктерді қорғау туралы», «Тұқым шаруашылығы туралы», «Кредиттік серіктестіктер туралы», «Астық туралы», «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы», «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы». Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншік енгізген «Жер кодексі» ерекше маңызға ие болды.

Мемлекет басшысы «Соғыс жағдайы туралы» №391-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «В.И. Алесин туралы» №1037, «Ғ.Қ. Алдамжаровты Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі және ТМД Жарғылық органдарының жанындағы Тұрақты Өкіл міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №1038 жарлықтарына қол қойды.

6 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің төрағасы Ю.А. Хитринді қабылдады. Ол қолданыстағы Конституцияны түсіндіру бойынша кеңес қызметі туралы хабарлады.

Кездесудің соңында Президент Конституциялық кеңес қызметін жетілдіру бойынша бірқатар тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысы Халықаралық әйелдер күні мерекесінің қарсаңында Қазақстанның барлық өңірлерінен келген әйелдердің үлкен тобымен кездесті.

Жиналғандарды келе жатқан мерекемен құттықтай отыра, Президент соңғы жылдарда Қазақстанда

әйелдердің азаматтық белсенділігі айтарлықтай өскенін атап көрсетті.

«Бүгін республикада 150-ден астам әйелдердің ҰЕҰ жұмыс істеуде. Мемлекеттік және өкілетті органдардағы әйелдердің саны артты. Парламентке 10 әйел-депутат сайланды. Үкіметте 3 әйел-министр жұмыс істеуде, елші қызметіндегі әйелдер де қаншама. Мемлекеттік қызметшілердің 60% жуығын әйелдер құрайды. Бұл ТМД елдері арасындағы ең биік көрсеткіштер болса да, Қазақстан оны арттыра түсуге тырысуы керек.

Белсенді әрі қайратты әйел кез келген қызмет саласында — өндірісте, кәсіпкерлікте, әлеуметтік және рухани өмірде ер адамдармен тең дәрежеде өз әлеуетін іске асырудың барлық мүмкіндіктеріне ие болуы керек», — деп атап көрсетті Н.Ә. Назарбаев.

Мемлекет басшысы «Микрокредиттік ұйымдар туралы» №392-II Заңына қол қойды.

7 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдары конфедерациясының Президенті В.А. Сиврюкованы қабылдады.

Кездесу барысында азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру, ҰЕҰ-ның әлеуметтік маңызды жобалары үшін берілетін грант негізінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жүйесін дамыту мүмкіндіктері, сондай-ақ 2003 жылғы қазан айында болатын Қазақстанның I Азаматтық форумына дайындық мәселелері талқыланды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Алматы облыстық сотының судьясы қызметінен босату, сондай-ақ аудандық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №1039 Жарлығына қол қойды.

11 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі М.А. Құл-Мұхаммедті қабылдады. Ол мәдениет саласы бойынша астанадағы ірі инвестициялық жобалардың іске асырылу барысы, сондай-ақ Қазақстанда баспа-полиграфиялық ісін дамытудың келешегі туралы баяндап берді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Қ.Ш. Сүлейменовті қабылдады. Ол елдегі шұғыл жағдай, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы 2000–2002 жылдарға арналған Қылмысқа қарсы күрес бағдарламасының орындалу барысы туралы мәлімдеді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің төрағасы Б.М. Сапарбаевты қабылдады.

Кездесуде республикалық бюджеттің кіріс бөлігін толықтыру, кеден бекеттерінің техникалық қамсыздандырылуы, кадрлық құрамды нығайту, сондай-ақ Парламентте Кеден кодексінің қаралу барысы туралы мәселелер талқыланды.



Мемлекет басшысы Каспий энергетикасы мәселелері бойынша Америка Құрама Штаттары Мемлекеттік хатшысының арнайы кеңесшісі С. Маннды қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен АҚШ арасындағы энергетикалық серіктестікті одан әрі дамыту мәселелері талқыланды. Бұл ретте, қазақстандық мұнайды «Баку-Тбилиси-Джейхан» жүйесімен экспорттау мүмкіндігіне ерекше назар аударылды.

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №393-ІІ Заңына қол қойды.

12 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы О. Әбдікәрімовті қабылдады. Ол Сенатта жатқан заң жобаларының қаралу барысы туралы және ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясы қысқы сессиясының негізгі қорытындылары туралы ақпарат берді.

Кездесуде сондай-ақ 2003 жылғы 7–8 маусым күндері Алматы қаласында өтетін «ЕҚЫҰ-ның трансазиялық өлшемі: қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі» Трансазиялық парламенттік форумына дайындық мәселелері қаралды.

Сол күні Мемлекет басшысы «Отан» Республикалық саяси партиясы төрағасының орынбасары А.Д. Ермагияевті қабылдады.

Кездесу барысында Жер кодексінің жобасы, «Сайлау» туралы Заңына түзетулер мен Шағын және орта бизнесті дамытудың 2003–2005 жылдарға арналған бағдарламасы талқыланды.

Мемлекет басшысы ресейлік әдебиетші С.В. Михалковқа 90 жасқа толуына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

«Біздің барлығымыз үшін Сіз — аңыз адамсыз, ресейлік әдебиеттің патриархысыз. Сіздің жазған елең жолдарыңыздан жас ұрпақ өмірді, ізгілік пен жақсылықты танып біле бастайды. Сіз, Сергей Владимирович, — өз еліңіздің патриотының үлгісіз, өйткені мемлекет гимнінің авторы болу құрметі кез келген адамға беріле бермейді. Сіз есімдері әлем мәдениетіне жақсы таныс лайықты ұлдарыңызды тәрбиелеп өсірдіңіз. Осындай сөзсіз қызметімен танымал және осынау құрметті жас төріне шыққан адам кез келген халықта қадірлі дана, ұлт беткеуі болып саналады. Егер Ресейде Сіз секілді адамдары болса, ондай елдің болашағы зор әрі жарқын болмақ», — делінген жеделхатта.

13 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы З.Ж. Балиеваны қабылдады.

Кездесу барысында 2003 жылғы қыркүйекте болатын облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттары депутаттарын сайлауды өткізуге дайындық, сондай-ақ ЕҚЫҰ, саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер, депутаттардың ұсыныстарын ескере отырып, елдің сайлау заңнамасын жетілдіру мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №394-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне статистикалық есеп мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №395-II заңдарына қол қойылды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы мен Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік арасындағы Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа байланысты кепілдіктерді қолдану туралы келісімге қосымша хаттама жасау туралы» №1040 Жарлығына қол қойды.

14 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Т.У. Сыздықовты, Қ.Ф. Шалабаевты және Ш.Ә. Оразалиновты қабылдады.

Жер кодексін әзірлеу мәселесі талқылау тақырыбына айналды. Депутаттар өздерінің пікірінше, ауыл адамдарының құқықтарын қосымша қорғауды көздейтін бірқатар ұсыныстарын айтты. Атап айтқанда, әңгіме учаскелерді қолжетімді бағалармен сату және қолданыстағы жерге қосалқы жалгерлік түріндегі жер қатынастарын сақтау жөнінде болды.

Мемлекет басшысы ЕурАзЭҚ бас хатшысы Г.А. Рапотаны қабылдап, онымен 2003 жылғы сәуірде Душанбе қаласында өтетін VII ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің отырысына дайындық мәселелерін талқылады.

17 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Г.Ж. Қарағұсованы қабылдады.

Кездесу барысында кедейлік және жұмыссыздықпен күрес, зейнеткерлік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру жолдары, сондай-ақ «Ана мен баланың мемлекеттік жәрдемақысы туралы» Заң жобасының әзірленуіне байланысты «Атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңына енгізілетін өзгерістер туралы мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер бойынша агенттігінің төрағасы Қ.З. Сәрекеновті қабылдап, ұсталмайтын қор жағдайы туралы есепті тыңдады.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында Беларусь, Қазақстан, Ресей және Украина құрамындағы БЭК құру бойынша жұмыс барысы талқыланды. Президенттер төрт мемлекеттің вице-премьерлерінің қатысуымен 2003 жылғы 21 наурызда Астана қаласында өтуі жоспарлап отырған Жоғары дәрежелі топтың екінші отырысы нақты уағдаластықтармен аяқталатынына сенім білдірді.

Сонымен қатар жуық арада ШЫҰ, ЕурАзЭҚ және ҰҚШҰ саммиттерінің өткізілуімен байланысты



мәселелер талқыланды. Мемлекет басшылары осы маңызды форумдардың күн тәртібіндегі барлығына жуық сұрақтары бойынша екі ел ұстанымдарының үйлесімділігі туралы айтты. Сондай-ақ президенттер Ресейдегі Қазақстан жылына орай өткізіліп жатқан іс-шараларға қатысты қанағаттанарлық сезімдерін білдірді.

Әңгіме соңында тараптар Ирак айналасында орын алған қауырт халықаралық жағдай туралы пікір алмасты.

Мемлекет басшысы сондай-ақ Украина Президенті Л.Д. Кучмамен телефон арқылы сөйлесті.

Тараптар Киев қаласында вице-премьерлердің қатысуымен БЭК құру мәселелері, сондай-ақ 2003 жылғы 21 наурызда Астана қаласында өтетін екінші отырысының күн тәртібі бойынша өткен Жоғары дәрежелі топтың бірінші отырысының қорытындыларын талқылады.



18 наурыз

Мемлекет басшысы «Филип Моррис Қазақстан және Орталық Азия» компаниясының басқарушы директоры Ил Ву Чонгты қабылдады. Ол компанияның 2002 жылғы қызметінің қорытындылары туралы хабардар етті, сондай-ақ жоспарланып отырған жаңа инвестициялық жобалар жайында мәлімдеді.

Одан басқа кездесуде компанияның Астана қаласындағы жаңа стадион құрылысына 2,9 млн. доллар бөлетіні туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

19 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар бойынша агенттігінің төрағасы З.Қ. Нұрқаділовті қабылдады және агенттікті одан әрі дамыту мен оның материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі ұсыныстарын тыңдады.

Мемлекет басшысы Ирак айналасындағы жағдайдың күрт шиеленісуіне байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерімен, Президентінің Әкімшілігі басшылығымен және әлеуетті құрылымдарының басшыларымен кеңес өткізді.

Президент орын алған жағдайдың әскери, экономикалық және гуманитарлық аспектілеріне байланысты бірқатар тапсырмалар берді.

Сыртқы істер министрлігіне ықтимал қақтығыс аймағында жүрген дипломатиялық персонал мен Қазақстан азаматтарының қауіпсіздігі бойынша шаралар қолдануды тапсырды.

Тиісті қызметтерге ел аумағындағы бірқатар мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің және стратегиялық маңызды нысандарының күзетін күшейту тапсырмаларын берді.

Көлік және коммуникациялар министрлігіне жауынгерлік әрекеттер болуы мүмкін аймақтарда әуе кемелерінің ұшуына тыйым салу туралы тапсырмалар берді.

Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне ықтимал қақтығыстарға дінаралық сипат беруді болдырмау туралы БАҚ-пен түсіндіру жұмыстарын жүргізу ұсынылды.

Энергия ресурстарын экспорттаудың ерекше маңызын ескере отырып, Үкіметке әлемдік шикізат нарығындағы бағалардың қатты ауытқу жағдайына ұлттық экономиканы қорғау тетіктерін қалыптастыру бойынша шаралар қолдану тапсырылды.



АҚШ пен Иракқа қарсы коалицияның біріккен күштері «Ирак бостандығы» құпия атауымен Иракқа қарсы әскери операцияны 2003 жылғы 20 наурызда бастады. Басып кіруге ресми себеп ретінде С. Хусейн режимінің халықаралық терроризммен, атап айтқанда, «Әл-Каида» қозғалысымен байланысы, сондай-ақ Иракта жаппай қырып-жою қаруының болуы туралы ОББ ақпараты жария етілді, алайда ол ақпарат кейіннен расталмай шықты. Сонымен бірге, сараптау қоғамдастығының пікірінше, әскери операцияның мақсаты Ирак мұнай-кен өндіру орындарына АҚШ бақылауын орнату болды. Иракқа қарсы әскери күш қолдану шешімін 45 мемлекет қолдады, олардың қатарындағы 6-уы бұрынғы кеңес республикалары (Әзірбайжан, Грузия, Литва, Эстония және Өзбекстан) еді. 32 мемлекет әскери контингенттерін бөлді. Басып кіру әскерлерінің басым бөлігін АҚШ және Ұлыбритания әскери қызметшілері құрады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы» №1042, «Т. Пэтаны Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1043 жарлықтарына қол қойды.

20 наурыз

Мемлекет басшысы Қарағанды облыстық мәслихатының хатшысы Қ.М. Медиевті қабылдады.

Әңгімелесу барысында жергілікті мемлекеттік өзін-өзі басқару туралы заңының орындалуы, мәслихаттардың рөлі мен беделін арттыру, депутаттардың мәртебесін нығайту мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты М.С. Өтебаевты қабылдады. Ол көлеңкелі экономикадағы шаруашылық субъектілерінің табыстары мен активтерін заңдастыру саласындағы заңдарды одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстарын жеткізді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы №828 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1044 Жарлығына қол қойды.

21 наурыз

Мемлекет басшысы Астана қаласына БЭК құру үшін өзінің екінші отырысына жиналған Жоғары дәрежелі топ мүшелерін қабылдады.

Кездесу барысында біртұтас экономикалық кеңістік құру тұжырымдамасын әзірлеу бойынша жұмыстың жағдайы мен барысы туралы әңгіме қозғалды.

22 наурыз

Мемлекет басшысы Астана қаласында Наурыз мейрамына орай өткен мерекелік шараларға қатысты.

Елорда тұрғындары мен қонақтары алдында орталық алаңда сөз сөйлей отыра, Н.Ә. Назарбаев: «Бізге мерекені жақсы көңіл-күймен қарсы алуға барлық негіздер бар. Қазақстан экономикасы жаңғыртылуда, халықтың тұрмыстық деңгейі өсіп келеді, біз республика азаматтарының әл-ауқатын арттыру үшін келешекке жаңа жоспарлар құрудамыз», — деп атап көрсетті. Сөзін қорытындылай келе, Президент «Қазақстанның әрбір үйіне, әрбір азаматына игілік, тыныштық, бақыт, бейбітшілік және амандық» тіледі.



25 наурыз

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Сауд Арабиясы Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі А.А. Мусиновті Қазақстан Республикасының Бахрейн Корольдігіндегі, Кувейт Мемлекетіндегі, Оман Сұлтандығындағы, Катар Мемлекетіндегі, Біріккен

Араб Әмірліктеріндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №1045 Жарлығына қол қойды.

26 наурыз

Мемлекет басшысы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ректоры Ж.Ж. Әубәкірованы қабылдады.

Кездесу барысында ұлттық мәдениетті қолдау бойынша мемлекеттік саясат мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы БАҚ жөніндегі қоғамдық кеңес төрағасы С.Б. Матаевты қабылдап, онымен 2003 жылғы 31 наурызда өтетін кеңестің алғашқы отырысына байланысты мәселелерді талқылады.

Мемлекет басшысы «Мұнай мен газ тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесін құрудың институционалдық негіздері туралы негіздемелік келісімді бекіту туралы» №396-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасындағы «Қызылорда қаласының көп бағдарлы аурухана кешеніне медициналық жабдықтар беру» жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы» №397-II заңдарына қол қойды.

27 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары И.П. Щеголихинді, П.А. Атрушкевичті және Н.Ә. Қайыпованы қабылдады.

Депутаттар өздерінің депутаттық өкілеттіктерін тоқтату туралы шешімдерін қабылдағандары жайында Президентке хабардар етті.

Н.Ә. Назарбаев оларға Парламенттегі жемісті әрі белсенді жұмыстары мен елдің қоғамдық-саяси дамуына қосқан салмақты үлестері үшін ризашылығын білдірді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Ж.С. Кәрібжановты Қазақстан Республикасының Вьетнам Социалистік Республикасындағы, Монғолиядағы, Корея Халық Демократиялық Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы

қызметіне тағайындау туралы» №1046, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2003 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» №1047 жарлықтарына қол қойды.

28 наурыз

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне микрокредиттік ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» №398-II, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына микрокредиттік ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы» №399-II, «Кредиттік серіктестіктер туралы» №400-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1048, «Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы» №1049, «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін құру туралы» №1050 жарлықтарына қол қойды.

31 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы БАҚ жөніндегі қоғамдық кеңестің алғашқы отырысына төрағалық етті.

«Ел Президентінің жанындағы БАҚ жөніндегі Қоғамдық кеңесті құру — елдің қоғамдық-саяси дамуындағы өзекті мәселелер мен міндеттерді шешуде баспасөз өзін биліктің шынайы және теңқұқылы серіктесі ретінде сезініп, көрсете білу жолында жасаған жаңа қадамы, — деді Н.Ә. Назарбаев отырыс жұмысын аша отырып. — Кеңес оған белгіленген үлкен өкілеттіктерін пайдалана отырып, баспасөзге, мемлекет пен қоғамға Конституция және заңдармен белгіленген нормалар мен қарым-қатынастарды реттеуге көмектесетін шоғырланған құрылымға айналуы қажет. Тек осы негізде ғана біз БАҚ саласындағы демократиялық принциптердің басшылығын қамтамасыз ете аламыз. Заңды мүлтіксіз сақтауынсыз демократия мен еркіндік болуы мүмкін емес» (Қосымшаны қараңыз).

Отырыс барысында кеңес мүшелері отандық БАҚ қызметінің, олардың экономикалық және құқықтық

жағдайын қоса ала отырып, көкейкесті мәселелері бойынша пікір алмасты. Сондай-ақ заманауи қоғамдағы масс-медианың рөлі туралы да сөз қозғалды. Сол сияқты «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» және «Жарнама туралы» заңдардың жобалары қаралды.



Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы БАҚ жөніндегі қоғамдық кеңес — Мемлекет басшысының 2002 жылғы 10 желтоқсандағы Жарлығымен құрылған кеңесшіл-консультативтік орган.

Кеңестің негізгі міндеттері:

- 1) мемлекеттік ақпараттық саясатты қалыптастыруда, БАҚ саласындағы қоғамдық қатынастарды жетілдіруде Қазақстан Республикасының Президентіне жәрдемдесу;*
- 2) БАҚ қызметіне жүйелі кешенді сараптама жүргізіп, мемлекеттік ақпараттық саясатты қалыптастыру және жетілдіру бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныстар енгізу;*
- 3) Мемлекет басшысына БАҚ саласының заңнамаларын жетілдіру, мемлекеттік билік органдары мен БАҚ арасындағы тиімді қарым-қатынасты, сондай-ақ елдің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізу;*
- 4) БАҚ және олардың қызметкерлерінің мүдделері мен заңды құқықтарын мемлекеттік және басқа да органдармен қатынас жасауда қорғау;*
- 5) БАҚ қызметінің жоғары этикалық және кәсіби принциптерін дамытуға жәрдемдесу, БАҚ саласындағы ақпараттық және басқа да дауларды шешуге қатысу.*

Кеңес өкілеттігі:

- 1) Мемлекет басшысына немесе Кеңеске тікелей жолданған БАҚ қызметіне және БАҚ саласындағы заңнамаларды сақтауға қатысты үндеулерді қарайды;*
- 2) БАҚ және ақпараттық нарықтың дамуы мен жағдайы туралы жыл сайынғы және шұғыл баяндамалар жасайды;*
- 3) БАҚ саласының заңнамасын жетілдіру, мемлекеттік билік органдары мен БАҚ арасындағы тиімді қарым-қатынасты қамтамасыз ету бойынша сараптамалық материалдар дайындап, ұсыныстар әзірлейді;*
- 4) Қазақстан Республикасы Президентінің қызметі мен жүргізіп отырған мемлекеттік саясатын түсіндіру бойынша БАҚ-тар үшін де сараптама-ұсыныстық қорытындылар мен ұсыныстар шығарады.*

Кеңес Қазақстан журналистері Конгресі атқарушы комитетінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Президентімен бекітілетін Төраға, хатшы және кеңес мүшелерінен құралады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы» №1051 Жарлығына қол қойды.

СӘУІР



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	



1 сәуір

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Федералды жиналысы Федерация кеңесінің төрағасы С.М. Миронов бастаған ресейлік депутаттарының делегациясын қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты ынтымақтастық, өңірлік қауіпсіздік, біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы бастаманың ілгерілеуі жөніндегі мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары болып президенттік тізім бойынша тағайындалған В.Э. Кистті, Н.Ш. Жолдасбаеваны және В.И. Алесинді қабылдады.

Президент кәсіби заңшығарушылық мемлекет пен қоғамның одан әрі дамуында барған сайын маңызды рөлге ие болып отырғанын, сондықтан да жаңа сенаторлар оларға берілген жоғары сенімді ақтау үшін бар білімдерін, күші мен тәжірибелерін салуы керек екенін атап көрсетті.



Қазақстан Республикасы Конституциясының 50 бабы 2 тармағына сәйкес Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және басқа да маңызды мүдделерінің өкілдіктерін қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып, Сенаттың 15 депутатын Президент тағайындайды.

Мемлекет басшысы «В.И. Алесинді Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты қызметіне тағайындау туралы» №1052, «Н.Ш. Жолдасбаеваны Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты қызметіне тағайындау туралы» №1053, «В.Э. Кистті Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты қызметіне тағайындау туралы» №1054 жарлықтарына қол қойды.

2 сәуір

Мемлекет басшысы Қытай ұлттық мұнай компаниясының бірінші вице-президенті, «ҚҰМК-Ақтөбемұнайгаз» ААҚ директорлар кеңесінің төрағасы У. Яовеньді қабылдады.

Кездесудің негізгі мәселесі Қазақстанның Каспий кен орындарын Қытаймен байланыстыратын «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры құрылысы жобасының талқылануы болды.

Жалпы Президент ҚҰМК мен Қазақстан Үкіметі арасында қалыптасқан ынтымақтастықты жоғары

бағалады және ҚҰМК мен «ҚазТрансОйл» ЖАҚ-пен біріге отырып іске асырылған «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбыры бірінші кезегі құрылысының аяқталуы Ақтөбе облысынан мұнайды одан әрі әлемдік нарыққа экспорттау үшін тасымалдануын едәуір жеңілдеткенін атап көрсетті.

Кездесудің соңында У. Яовень Н.Ә. Назарбаевқа қытай тіліне аударылған «Уақыт туралы, тағдырлар туралы, өзім туралы...» атты кітабын табыс етті.

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Б.Ә. Жылқышиевті қабылдады. Ол 2003 жылғы бірінші тоқсанның қорытындылары бойынша облыстың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайы туралы баяндап берді.

Сондай-ақ кездесу барысында Қазақстан-Өзбек мемлекеттік шекарасының екі жағында орналасқан Түркістандық және Бағыс ауылдарының айналасындағы жағдаймен байланысты мәселелер талқыланды.



Шекаралық Бағыс және Түркістандық ауылдары, сондай-ақ Шардара су қоймасындағы Арнасай бөгеті 1999 жылы басталған Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы мемлекеттік шекараны бөлу кезінде даулы учаскелерге жатқызылған. Қазақстан-Өзбек шекарасының жалпы ұзындығы 2351 шақырымды құрайтыны, оның ішіндегі 890 шақырымы Оңтүстік Қазақстан облысының аумағы арқылы өтетіні белгілі. 2001 жылдың қараша айына жоғарыда аталып өткен үш даулы учаскелерден басқа шекараның 96% бөлінді, осының нәтижесінде Қазақстан-Өзбек мемлекеттік шекарасын делимитациялау туралы Шартқа қол қойылды. 2002 жылғы қыркүйек айында барлық даулы мәселелер реттелді және шекараны бөлу толығымен аяқталды. 2002 жылғы 9 қыркүйектегі Қазақстан-Өзбек мемлекеттік шекарасының жекелеген учаскелері туралы Шартқа сәйкес бұрын Өзбекстанға тиесілі болған Бағыс кенті мен бес елді-мекені бар Арнасай бөгеті Қазақстанға берілді. Ал Қазақстанның Түркістандық кенті Өзбекстанның қарауына тапсырылды.

Мемлекет басшысы Павлодар облысының әкімі Д.К. Ахметовті қабылдады. Ол облыстың ағымдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы ақпарат берді.

Кездесу барысында сондай-ақ Қазақстан мен Ресейдің энергетика саласындағы ықпалдастық мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы «А.Х. Арыстанбекова туралы» №1055, «Д.О. Қуанышевты Қазақстан Республикасының Франция Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1056, «Т.Е. Бөрлібаев туралы» №1057, «Кешірім жасау туралы» №1058, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №1059, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №1060, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №1061–1062, «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №1063 жарлықтарына қол қойды.

3 сәуір

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан Республикасы Ұлттық кеңесінің II отырысына төрағалық етті.

Кеңес жұмысына Үкімет мүшелері мен Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, барлық деңгейлердің әкімдері, саяси партиялар мен ҰЕҰ өкілдері қатысты.

Мәжіліс мелекеттік биліктің орталық және жергілікті органдары арасындағы өкілеттікті ажырату, сондай-ақ бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелеріне арналды.

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Қ.Н. Келімбетов, Павлодар облысының әкімі Д.К. Ахметов, Ақтөбе облысының әкімі Е.Ж. Имантаев, Қостанай облысының әкімі Ө.Е. Шөкеев, сенаторлар М.С. Өтебаев және И.Ф. Чиркалин сәйкесті баяндамаларын жасады.



Қазақстан Республикасының Ұлттық кеңесі азаматтық қоғам өкілдерімен кеңінен талқылау негізінде мемлекеттік ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарын шығару мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 сәуірдегі №857 Жарлығына сәйкес құрылды.

Ұлттық кеңес құрамы мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың тең қатысуы негізінде қалыптастырылды. Кеңес мүшелерінің жартысы орталық мемлекеттік органдардың басшыларынан, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарынан, облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері мен мәслихаттардың хатшыларынан және селолық округтердің әкімдерінен тағайындалды.

Кеңестің екінші жартысы азаматтық қоғам институттары өкілдерінен (саяси партиялар, ҮЕҰ, БАҚ), сондай-ақ халықтың негізгі әлеуметтік топтарынан (кәсіпкерлер, фермерлер, мәдениет, білім және денсаулық сақтау салаларының қызметкерлері, ғылыми, шығармашылық зиялы қауым және басқалары) тағайындалды.

4 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Польша Республикасының Премьер-министрі Л. Миллерді қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері, «Одесса-Броды-Гданьск» мұнай құбыры құрылысының жобасын іске асыруға бірігіп қатысу мүмкіндігі талқыланды. Сондай-ақ Ирактағы жағдай және халықаралық терроризмге қарсы күрестің басымдықтары туралы пікір алмасу болды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының біріккен отырысында «Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады.

Жолдаудың басым бөлігі мемлекеттің экономикалық саладағы міндеттеріне арналды. Осылайша, экономиканың өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы секілді өзекті салаларындағы екі ірі мемлекеттік бағдарламалары бастау алды. Сөз 2015 жылға дейінгі Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы туралы және бұған дейін жарияланған 2003–2005 жылдардағы ауылды өркендетудің 3 жылдығы шеңберінде қабылданған Ауылдық аумақтарды дамытудың 2010 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы туралы болды.

Жолдаудың саяси блогы айтарлықтай маңыздылығымен ерекшеленді, онда Президент саяси реформаларды жүргізудің негізгі жолдарын белгіледі. Басымдықтар ретінде ол орталыққа бағынуды жою негізінде мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту және мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктің аражігін ажырату, сондай-ақ биліктің жергілікті атқарушы органдары басшыларының сайланбалылық тәжірибесін кеңейту; сайлау жүйесін жетілдіру; азаматтық қоғам институттарын бекіту; БАҚ жауапкершілігін арттыра отырып, еркіндігін кеңейту; құқық қорғау және сот органдары қызметін ізгілендіру мәселелерін айқындап берді.



Сондай-ақ Жолдауда әлеуметтік және мәдени-гуманитарлық мәселелерге ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, Н.Ә. Назарбаев зейнетақы, еңбекақы және әлеуметтік төлемдер айтарлықтай өсетінін жариялады. Мәдениет саласында Президент мәдени-тарихи мұраны сақтау мен дамыту мәселесін көтеріп, «Мәдени мұра» арнайы ортамерзімді бағдарламасын әзірлеп, қабылдауды ұсынды.

Сыртқы саясат саласы бойынша сөз қозғай отырып, Президент Азия құрлығындағы қауіпсіздік институттарын құру тақырыбына, сондай-ақ Қазақстан, Ресей, Украина және Беларусь өңірлік интеграция ұйымын құруға баса назар аударды.

«Өткен жылдардан келесі бір айырмашылығымыз сол, бүгін біздің қолымызда қажетті қаржы қаражаты да бар, — деп атап айтты Президент. — Істің ендігі түйіні-биліктің барлық тармақтарының үйлесімді жұмыс істеуінде, ықпалды заңдарда және оларды мүлтіксіз орындауда жатыр» (Қосымшаны қараңыз).

Сол күні Мемлекет басшысы өзінің астаналық резиденциясында облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен өзінің «Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары» Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша жұмыс кеңесін өткізді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 маусымдағы №3039 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1064, «Теңізшевройл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бір топ қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №1065, «Ж.Н. Марабаевты және Г. Холлингсуортты «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен наградтау туралы» №1066 жарлықтарына қол қойды.

5 сәуір

Мемлекет басшысы Астана қаласында «Теңізшевройл» ЖШС біріккен кәсіпорнының 10 жылдығына орай өткен салтанатты жиналысқа қатысты.

«Он жыл бұрын әлемдегі ең ірі мұнай кен орындарының бірі — Теңізді әзірлеу үшін «Теңізшевройл» біріккен кәсіпорны құрылған болатын. Жүріп өткен жолға көз тастай отырып, бар артқан үмітіміз зая

кетпегенін, ал біздің жасаған қадамдарымыз дұрыс болғанын ризашылық сезіммен атап өткім келеді. Бүгін біз он жыл бұрын еліміздегі мұнай саласының жаңа даму кезеңінің негізі қаланды деп нық сеніммен айта аламыз», — деп атап көрсетті Президент.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев кәсіпорынның бір топ қызметкерлеріне мемлекеттік наградаларын табыс етті.

II дәрежелі «Достық» орденімен «Теңізшевройлдың» бас директоры Т. Уинтертон марапатталды.

«Құрмет» ордендері «Chevron-Техасо» корпорациясының Еуразиялық құрылымының басқарушы директоры Г. Холлингсуортқа, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» ЖАҚ-тың инвестициялық жобалар мен үлестерді басқару жөніндегі басқарушы директоры Ж.Н. Марабаевқа, бас менеджерлер Дж. Оуэнге, Р. Эллиотқа, А. Әлимақановқа, менеджерлер В. Думчевке, С. Дүйсенбаевқа және оператор Н. Молдиевке табыс етілді.



«Теңізшевройл» ЖШС — Теңіз мұнай кен орнында геологиялық барлау, әзірleme, өндіру, сондай-ақ мұнай мен оның өнімдерін сату жұмыстарын жүргізетін біріккен Қазақстан-Америка кәсіпорны.

Компания Қазақстан Республикасы мен «Chevron-Corporation» корпорациясы арасындағы келісімге сәйкес құрылды және осы уақытта Қазақстандағы ең ірі мұнай өндіруші кәсіпорын болып табылады.

«Достық» ордені 1995 жылы шығарылған. Екі дәрежесі бар. Онымен қоғамда өзара келісімді сақтау бойынша жемісті еңбек еткен, халықтар арасындағы бейбітшілік, достық және ынтымақтастықты нығайтуға айрықша үлес қосқан қазақстандық және шетелдік азаматтар марапатталады. I-ші дәрежелі «Достық» ордені жұлдыздан (1-сурет) және аспалы лентаға тағылған орден белгісінен (2-сурет), II-ші дәрежелі «Достық» ордені — тақташасындағы белгіден (3-сурет) тұрады.

«Құрмет» ордені (4 сурет) 1993 жылы белгіленді. Орденмен азаматтар экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті, білімді дамытуға сіңірген еңбектері үшін, мемлекеттік органдардағы үлгілі қызметі және белсенді қоғамдық қызметі үшін марапатталады.



1



2



3



4

Сол күні Мемлекет басшысы «Chevron-Техасо» корпорациясының басқарма төрағасы және бас атқарушы директоры Д.О. Райллиді қабылдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Кеден кодексі» №401-II Кодексіне қол қойды.

7 сәуір

Мемлекет басшысы «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» №402-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» №403-II заңдарына қол қойды.

8 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан халықтары Ассамблеясы төрағасының орынбасары С.А. Терещенконы қабылдады. Ол Ассамблея Кеңесі отырысының қорытындылары және оның ортамерзімді даму бағдарламасының орындалу барысы туралы ақпарат берді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының халық әртісі, сазгер Ш.С. Қажығалиевті қабылдады. Ол Еуразия халық аспаптары оркестрін құру туралы жоспарларымен бөлісті.

Мемлекет басшысы «KEGOC» электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» ААҚ президенті Қ.А. Бозымбаевты қабылдады. Ол 2003 жылғы бірінші тоқсандағы компания қызметінің қорытындылары туралы баяндап берді.

Кездесу қорытындылары бойынша Н.Ә. Назарбаев шектес мемлекеттердің энергетикалық компанияларымен ынтымақтастықты кеңейту жөнінде ұсыныстар енгізуді тапсырды.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография агенттігінің төрайымы А.Қ. Жағанованы қабылдап, агенттіктің алдында көші-қон саясатын одан әрі жетілдіру міндеттерін қойды.

Мемлекет басшысы «Су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі туралы» №404-II Заңына қол қойды.

9 сәуір

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жаңа оқу-зертханалық корпусының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Президент М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті филиалының жаңа кітапханасы мен ғылыми орталығын аралап көрді.

Профессорлық-оқытушылық құрам мен студенттердің алдында сөз сөйлей отыра, Н.Ә. Назарбаев: «Еуразиялық университет элиталы университет атану үшін қажетті барлық талаптарға жауап береді. Енді ең бастысы, айтылғанды дәлелдеп, іс жүзінде элиталы университет атану ғана қалды. Ал бұл тек қана осы қабырға ішінде нағыз мамандар оқитын болса ғана мүмкін болмақ», — деп атап айтты.

Өз сөзін аяқтай келе, жаңа корпустың ғимаратын салған «Джейлан Холдинг» түрік компаниясына алғыс білдірді.



Мемлекет басшысы «Қ.Қ. Әбдірахмановты Қазақстан Республикасының Израиль Мемлекетіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1067, «Ф. Франжиаллиді II дәрежелі «Достық» орденімен наградтау туралы» №1068 жарлықтарына қол қойды.

10 сәуір

Мемлекет басшысы «First» британиялық журналының президенті Р. Гудманға және баспаның атқарушы директоры Э. Дэйлиге сұхбат берді. Онда ол Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен келешегі; «Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары» Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген міндеттер; Қазақстан-Британия экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың басымдылығы туралы сұрақтарға түбегейлі жауап берді.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Е.А. Әбілқасымовты қабылдап, онымен ауылды, денсаулық сақтау және білім салаларын дамыту мәселелерін талқылады.

12 сәуір

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Жоғары сот кеңесінің құрамындағы өзгерістер туралы» №1069 Жарлығына қол қойды.

13 сәуір

Мемлекет басшысы Қызылорда облысында жұмыс сапарымен болды.

Сапар Сырдария ауданы Тереңөзек ауылына барумен басталды, онда Президент «Шапағат Лимитед» ЖШС-ның күріш өңдеу зауытын аралап көрді, мұнда сондай-ақ күріш қабықшасынан отын брикеттерін даярлау қалдықсыз технологиясы жақсы жолға қойылған.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев Қалжан ақын селолық округіне барып, онда жас мамандарға арналған тұрғын үй құрылысының барысымен танысты және ауданның ауыл шаруашылық кәсіпорындары басшыларымен кездесті.

Түстен кейін Президент Сырдария өзеніндегі «Айтек» гидроқұрылым кешені құрылысының басталу рәсіміне қатысты және Қызылорда қаласының маңында өзен үстінен өту үшін тұрғызылып жатқан жаңа көпірді қарап шықты.



«Айтек» гидроқұрылым кешені — Қазақстан Үкіметі мен Халықаралық қайта құру және даму банкі біріге отырып 2003 жылдан іске асыра бастаған «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасының бірінші фазасының құрамдас бөлігі.

Жобаның бірінші фазасы аясында Көкарал түбегінен Сырдария өзенінің сағасына дейін Кіші Аралды қалған бөлігінен (Үлкен Аралдың) бөліп тастаған гидротехникалық тұйықталуы бар Көкарал дамбасы тұрғызылды. Соның арқасында Сырдария өзенінің ағысы Кіші Аралға жиналады, су деңгейі 42 метрге дейін көтерілді, тұздылығы төмендеп, балықтың кейбір кәсіптік түрлерін өсіруге мүмкіндік туды.

Секундына 700 текшеметр су өткізе алатын «Айтек» гидроқұрылым кешенінің құрылысы екі жыл ішінде аяқталып, 2005 жылы сәуір айында пайдалануға берілді. Ол Сырдария өзенінен Арал теңізіне құятын су мөлшерін айтарлықтай ұлғайтуға, сондай-ақ Қызылорда облысының Сырдария және Жалағаш аудандарының суармалы егістік көлемін арттыруға мүмкіндік берді.

Жобаның екінші фазасын іске асыру аясында 2010–2015 жылдар аралығында Кіші Аралдың Солтүстік бөлігінде гидротүйіні бар бөгет тұрғызу, Сарышығанақ шығанағын бөліп алып, ондағы су деңгейін 46 метрге дейін жеткізе отырып, Сырдария өзенінің сағасынан арнайы қазылған арнамен оны суға толтыру жоспарлануда. Шығанақтан Арал портына кеме жүзу каналын (Каналдың ені түбімен санағанда 100 метр, ұзындығы 23 шақырымды құрайды) салу болжамдалып отыр.

14 сәуір

Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Қызылжар ауданына барып, сүт өнімдерін өндіру мен азық-түлік өнеркәсібіне технологиялық жабдықтарды жөндеумен маманданған

«Молсервис» ЖАҚ-на барып шықты. Содан соң түстен кейін Ново-Никольское ауылына ат басын тіреді және есімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және асыл тұқымды жылқы өсірумен айналысатын «Зенченко және К» командиттік серіктестігінің қызметімен танысты.

Аралап көріп болған соң, Н.Ә. Назарбаев ауыл клубында аудан әкімдерімен, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жетекшілерімен және аудан қауымы өкілдерімен кездесті.

15 сәуір

Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында көкөніс өсіретін «Наурыз» ЖШС-ның жылыжай шаруашылығына, сондай-ақ мұнай өндіру саласы үшін мобильді бұрғылау кешендерін шығару игеріле бастаған Петропавл ауыр машина жасау зауытына барды.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан мен Ресей шекаралық өңір басшыларының I Форумына қатысу үшін Ресей Федерациясының Омбы қаласына аттанды.

Н.Ә. Назарбаев Омбы қаласына келе сала Омбы кадет корпусына барып, құрметті меймандар кітабында естелік қолтаңбасын қалтырды, сондай-ақ Омбы облысында тұратын қазақ диаспорасы өкілдерімен кездесті.



Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен шағын құрамдағы келіссөздер жүргізді.

Тараптар Беларусь, Қазақстан, Ресей және Украина президенттерінің БЭҚ құру туралы мәлімдемесінің іске асу барысын, сондай-ақ Қазақстан-Ресей шекаралық ынтымақтастығының жағдайы мен келешегін талқылады. Екі елдің шаруашылық субъектілерінің өзара әрекетінің дамуы мен отын-энергетикалық және тау-кен өндіру салаларындағы ірі бірлескен жобаларды іс жүзінде жүзеге асыруының келешегіне айрықша назар аударылды.

Келіссөздер аяқталған соң, екі мемлекеттің басшылары Ресейдегі Қазақстан жылы аясында ұйымдастырылған Қазақстан мен Ресей шекаралық өңір басшыларының I Форумына қатысты.

Қазақстандық делегацияның құрамына ел Үкіметі өкілдерін, орталық атқарушы органдары мен шекаралық



облыстардың әкімдерін қоса есептегенде 40-тан астам ресми тұлғалар қатысты. Ресей жағын елдің жоғары басшылық деңгейі және Қазақстанмен шекаралас барлық 12 өңірдің губернаторларының қатысуымен 170-ке жуық адамдар құрамы өкілдік етті.

Форумда сөз сөйлей отырып, Н.Ә. Назарбаев: «Ресеймен шынайы достық және серіктестік қатынастарды дамыту Қазақстан үшін басымдылық сипатқа ие. Біз ең басынан бастап осы ұстаныммен келеміз және соңғы он жыл ішінде ол бір рет те күмән тудырған жоқ. Біздің елдер қол жеткізген саяси сенімділіктің дәрежесі арамыздағы стратегиялық одақтастықтың мызғымас беріктігі туралы нық сеніммен айтуға мүмкіндік береді. Бізде ортақ тарих пен мәдениет, ортақ шекара, ұқсас діл және тығыз туыстық қатынастар орнаған. Біз бірге тарих ағымында болған ең қиын-қыстау кезеңдерден өттік және бүгінгі таңда біртұтас еуразиялық кеңістікте өмір сүріп жатқан халықтарымыздың мүдделері үшін орын алған мәселелерді біріге отырып шешудеміз», — деп атап көрсетті (Қосымшаны қараңыз).

Қазақстан мен Ресей шекаралық өңір басшыларының I форумының қорытындысы бойынша екі мемлекеттің басшылары Бірлескен мәлімдеме жасады, онда осы форумды өткізу Қазақстан мен Ресейдің шектес жатқан өңірлерінің шекаралық сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге ынталандыра түсетініне, олардың жақсы көршілестік қатынастарын нығайтып, екі мемлекет арасындағы табысты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға жәрдемдесетініне сенім білдірді.

Одан басқа, халықаралық автомобиль қатынасы мен шекаралық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі үкіметаралық келісімдерге, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы, табиғи ресурстарды пайдалану, көші-қон саясаты мен білім саласындағы ведомствоаралық келісімдерге қол қойылды.



Қазақстан-Ресей екіжақты қарым-қатынасында шекаралық ынтымақтастық мәселесі ерекше орынға ие, бұның өзі бірқатар объективті себептерге негізделеді.

Қазақстан мен Ресей ұзақтығы 7,5 мың шақырымнан астам құрлықтағы бірлескен шекараға ие. ТМД мемлекеттерінің шекаралары бойында орналасқан Ресей Федерациясының 27 субъектісінің 12-сі қазақстандық 7 облыспен көршілес орналасқан. Ресейдің 89 өңірлерінің 76-сы Қазақстанмен сауда-экономикалық байланыста. Бұдан бөлек, шекаралық ынтымақтастықтың үлесіне Қазақстан-Ресей арасындағы барлық сауданың 70 пайызы тиесілі.

Шекаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайту мақсатында Қазақстан мен Ресей 1999 жылдың қыркүйегінде шекаралық ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімге қол қойды және 1999–2007 жылдарға арналған шекаралық ынтымақтастық бағдарламасын қабылдады.

2003 жылдан бастап екі мемлекеттің басшыларының қатысуымен Қазақстан мен Ресей шекаралық өңірлер басшыларының жыл сайынғы форумын өткізу тәжірибесі ауқымдана түсті, оның барысында екіжақты ынтымақтастықтың аса өзекті мәселелері талқыланатын болды.

16 сәуір

Мемлекет басшысы Маңғыстау облысында жұмыс сапарымен болды.

Сапар барысында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғары Бас қолбасшысы ретінде Маңғыстау және Атырау облыстарының Батыс әскери округі аумағында өткен шұғыл-тактикалық, командаштабық «Батыс-2003» оқуларының қорытынды кезеңіне қатысты.

Оқулардың соңында Н.Ә. Назарбаев оның сәтті өткізілуімен қатысушыларды құттықтап, осындай көп әскер мен техниканың шоғырлануымен болған оқулар Қазақстанда алғаш рет өткізіліп отырғанын атап айтты және Батыс әскери округінің мотоатқыштар бригадасы бөлімшелерінің командирлеріне, Ақтөбе қаласының зенитті-зымыранды және артиллерия бригадасына, Ақтау қаласының теңіз шекара дивизиясы жоғары әскери-теңіз училищесіне әскери жалауларын табыс етті.

Содан соң Мемлекет басшысы Ақтау қаласында салынуы керек жаңа әскери қалашық үлгісін көрді, әскери техника мен қару-жарақ жаңалықтарымен танысты, әскерилермен сөйлесті, бірқатар шетел елшіліктерінің әскери атташеларымен кездесті.



Сол күні Мемлекет басшысы мұнай-газ кешені мен азық-түлік өнеркәсібі үшін шыны-пластикалық құбырлар шығаратын құрылысы аяқталмаған Маңғыстау зауытына барды, Бекет ата мешітін көріп, «Ақтау теңіз сауда порты» арнайы экономикалық аймақ аумағында мұнай-газ сортаменті құбырлары мен металл құрылымдарын шығару жөніндегі болашақ зауыттары құрылысының іргетасын қалады, «Каспиан индастриз ЛТД» бутылденген суын шығару зауытын іске қосу рәсіміне қатысты, «Ардагер» сауда, ойын-сауық орталығы мен облыстық музыкалық драма театрына барды.



17 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңесінің отырысына төрағалық етті.

Отырыста Қазақстан Республикасының Қаржы министрі З.Х. Кәкімжановты 2002 жылдың қорытындылары бойынша қор қаражатын қалыптастыру мен пайдалану туралы және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы Г.А. Марченконың қорды сенімгерлікпен басқару бойынша жүргізілген жұмыс туралы баяндамалары тыңдалды.

Мемлекет басшысы жинақ портфелін басқару тиімділігі, қор функцияларын тұрақтандыруды нығайту, оның құрылу көздерін бекіту және қорды толықтыру тетіктерін жетілдіру бойынша міндеттер қойды.

Президент сондай-ақ Ұлттық қордың өсуін есепке ала отырып, таяу келешекке макроэкономикалық саясат бойынша тапсырмалар берді.



Мемлекет басшысы Астана қаласында Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етті.

Отырыста Қазақстан Республикасының 1999–2005 жылдарға арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру, 2003 жылға арналған басымдылық міндеттер және елдегі жұмылдыру даярлығының жағдайы туралы мәселелер қаралды.

Аталған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Қ.Н. Келімбетов пен Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы О.Н. Өксікбаев тыңдалды.

Отырыс қорытындылары бойынша Президент Үкімет пен бірқатар мемлекеттік органдарға қажетті тапсырмалар берді.

18 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанға Ресейдегі Қазақстан жылы аясында келген Ресей Федерациясы Томск облысының губернаторы В.М. Крессті қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Томск облысы арасындағы ынтымақтастықты кеңейту мүмкіндіктері талқыланды.

Келіссөздердің қорытындылары бойынша сауда, ағаш өнеркәсібі кешені, курортология салаларындағы ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Ш. Шардарбек туралы» №1070 Жарлығына қол қойды.

21 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі мүшелерімен 2003 жылғы 4 сәуірдегі «Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Президент 2003 жылға арналған республикалық бюджетте зейнетақының дифференциалды өсуіне, сондай-ақ құрылған және қайта құрылатын мемлекеттік даму институттарын құру мен капиталдандыру үшін қаражат қарастыруды тапсырды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік қызмет мәселелері жөніндегі кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1071, «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2002 жылғы есепті бекіту туралы» №1072 жарлықтарына қол қойды.

22 сәуір

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтының президенті Ч.Й. Бэнгті қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев халықтың аз қамтамасыз етілген топтарынан студенттерге қолдау көрсету жүйесін кеңейту және шетелден тәжірибелі оқытушыларды одан әрі тарту қажеттігіне баса назар аударды.

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы Г.А. Марченконы қабылдады. Ол банктің 2002 жылғы қызметі туралы есеп берді.

Президент кредиттік ставкаларды одан әрі төмендету қажеттігіне, мемлекеттік емес сектордың сыртқы қарызының өсуіне бақылау жүргізу және елдегі дағдарыстың төмен деңгейін қамтамасыз етудің маңыздылығына назар аударды.

23 сәуір

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен «Ұлы жібек жолымен» атты II Халықаралық кітап және полиграфиялық жәрмеңкесіне барды.

Жәрмеңкеге Азия, Еуропа және Американың 12 елдерінен 140-қа жуық компаниялары, баспалары, полиграфиялық бірлестіктері мен кітап сату фирмалары қатысты.



Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанға Алматы қаласында өткен III Қазақстандық халықаралық туристік жәрмеңкесіне қатысу үшін келген Дүниежүзілік туристік ұйымның бас хатшысы Ф. Франжиаллиді қабылдады.

Тараптар Қазақстандағы халықаралық туризмді дамыту келешегін талқылады.

Кездесудің аяғында Президент Ф. Франжиаллиге Қазақстан мен Дүниежүзілік туристік ұйымға мүше мемлекеттер арасындағы халықаралық байланыстарды дамыту мен нығайтуға, сондай-ақ қазақстандық туризмге жан-жақты қолдау көрсеткені үшін II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.



«Достық» ордені 1995 жылы шығарылған. Екі дәрежесі бар. Онымен қоғамда өзара келісімді сақтау бойынша жемісті еңбек еткен, халықтар арасындағы бейбітшілік, достық және ынтымақтастықты нығайтуға айрықша үлес қосқан қазақстандық және шетелдік азаматтар марапатталады.

I-ші дәрежелі «Достық» ордені жұлдыздан (1-сурет) және аспалы лентаға тағылған орден белгісінен (2-сурет), II-ші дәрежелі «Достық» ордені — тақташасындағы белгіден (3-сурет) тұрады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы №29 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1073 Жарлығына қол қойды.

24 сәуір

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында «Система» Ресей акционерлік қаржылық корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы В.П. Евтушенковты қабылдап, онымен қазақстандық нарыққа қатысу келешегін талқылады.

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен II Еуразиялық медиа-форумға қатысты.

Форумның ашылуында сөйлеген сөзінде Қазақстан Президенті медиа-салада түбегейлі өзгерістер орын алып отырғанын атап көрсетті. Атап айтқанда, егер «50 млн. адамдық аудиторияны қамту үшін радиоға 38 жыл, теледидарға 13 жыл қажет болса, Интернетке бұл деңгейге жету үшін 4 жыл жеткілікті. Бұл журналистерге оқиғаларды жария етуде үлкен жауапкершілік жүктейді, өйткені қазір көбіне қоғамдық сананы қалыптастыратын солар болып отыр», — деп атап айтты Н.Ә. Назарбаев (Қосымшаны қараңыз).



Еуразиялық медиа-форум — Қазақстанда 2001 жылы құрылған тәуелсіз қоғамдық ұйым. Оның қызметінің негізгі мақсаты әлемдік БАҚ, халықаралық саясат және бизнес-қоғамдастық өкілдерінің, ғалымдар мен сарапшылардың қатысуымен сындарлы диалог жүргізу арқылы Шығыс пен Батыс арасында өзара түсіністік, сенім және ынтымақтастықты нығайту болып табылады.

I Еуразиялық медиа-форум 2002 жылдың сәуір айында болып өтті.

25 сәуір

Мемлекет басшысы «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» №405-II Заңына қол қойды.

27 сәуір

Мемлекет басшысы Тәжікстан Республикасының астанасы Душанбе қаласында өткен ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің VII отырысына төрағалық етті.

Саммит барысында ЕурАзЭҚ-ті дамыту келешегі, ең алдымен Кедендік одақ және бірыңғай кедендік аумақ құру, келісілген экономикалық саясат жүргізу, энергетика, көлік, агроөнеркәсіптік өндіріс салаларындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Сондай-ақ қатысушы мемлекеттердің ДСҰ-ға кіру кезіндегі өзара әрекет ету мәселесі қаралды.



Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (ЕурАзЭҚ) — құрамына енетін мүше мемлекеттердің ортақ рыногын құру мақсатын көздейтін халықаралық экономикалық ұйым.

ЕурАзЭҚ-ты құру туралы Шартқа Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан президенттері 2000 жылдың 10 қазанында Астанада қол қойды. 2006 жылдың қаңтарынан бастап ЕурАзЭҚ-қа Өзбекстан да қосылды.

2002 жылдан бастап бақылаушылар мәртебесін Украина мен Молдова, 2003 жылдан Армения иеленді.

2003 жылдың желтоқсанында ЕурАзЭҚ БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының жанында бақылаушы мәртебесін алды.

Мемлекетаралық кеңес, Интеграциялық комитет, Хатшылық, Парламентаралық ассамблея мен Сот ЕурАзЭҚ-тың органдары болып табылады.

Сол күні Мемлекет басшысы ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесі жұмысының аясында Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмоновпен және Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевпен екіжақты кездесулер өткізді.

28 сәуір

Мемлекет басшысы Тәжікстан Республикасының астанасы Душанбе қаласында өткен ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясына қатысты.

Саммит барысында ҰҚШҰ органдары — Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Қорғаныс министрлерінің кеңесі, Қауіпсіздік кеңесі хатшыларының комитеті, Хатшылық қызметтерінің құқықтық негіздері талқыланып, түбегейлі келісілді.

Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі сессиясының қорытындысы бойынша тиісті құжаттарға, сондай-ақ қатысушы мемлекеттердің темір жолдарын техникалық жабудың бірыңғай жүйесін құру туралы Келісімге қол қойылды.



Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) — 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт негізінде құрылған халықаралық әскери-саяси одақ.

ҰҚШҰ құру туралы шартқа Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан президенттері Кишинев қаласында (Молдова) 2002 жылғы 7 қазанда қол қойды. 2006 жылғы тамыз айында ҰҚШҰ-ға Өзбекстан қосылды. ҰҚШҰ органдарына Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі (мемлекет басшыларының деңгейінде), Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Қорғаныс министрлерінің кеңесі, Қауіпсіздік кеңес хатшыларының комитеті, Хатшылық, ҰҚШҰ-ның Біріккен штабы кіреді.

2004 жылдың желтоқсан айында БҰҰ Бас Ассамблеясының жанында бақылаушы мәртебесін алды.

29 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанға ШЫҰ-ға мүше мемлекеттерінің Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысына келген қатысушыларды қабылдады.

Дипломаттар 2003 жылғы 29 мамырда Мәскеу қаласында өтетін ШЫҰ-ға мүше мемлекеттері басшыларының жоғары деңгейдегі кездесуіне дайындық бойынша жүргізілген жұмыс туралы айтып берді.

Президент өткен Сыртқы істер министрлері отырысының нәтижелеріне оң баға беріп, ШЫҰ қызметінің мәселелері бойынша бірқатар идеяларын ұсынды.

Мемлекет басшысы «Заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеу, сондай-ақ заң жобасының қаралуын шұғыл деп жариялау ережесін бекіту туралы» №1074, «Қазақстан Республикасының облыстық және оларға теңестірілген соттардың судьяларын, сондай-ақ аудандық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №1075 жарлықтарына қол қойды.

30 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанға Орталық Азия университетін Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанда ашу рәсіміне қатысу үшін келген Аға Хан қорының президенті К. Аға Хан ханзадасын қабылдады.

Мемлекет басшысы К. Аға Хан ханзадамен бірге Астана қаласына Аға Хан қорының мәдени жобасы аясында келген АҚШ-тың танымал виолончелисі Йо Йо Маның концертіне барды.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі С.С. Қирабаев пен Қазақстанның Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, эколог-географ Ә.С. Бейсенованы қабылдады.

Мемлекет басшысы қазақстандық сәулетші Ш.-А.Ы. Уәлихановты қабылдады және оның Ресей Федерациясының Омбы қаласында қойылатын көрнекті қазақ этнографы және ағартушысы Ш.Ш. Уәлиханов ескерткішінің жобасымен танысты.

МАМЫР



Дс		5	12	19	26
Сс		6	13	20	27
Ср		7	14	21	28
Бс	1	8	15	22	29
Жм	2	9	16	23	30
Сн	3	10	17	24	31
Жк	4	11	18	25	



2 мамыр

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Президенті А.Н. Сезерге адам өліміне әкелген Бингель провинциясындағы жойқын жер сілкінісіне байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Барша қазақстандықтар мен жеке өз атымнан қаза болғандардың туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, шынайы көңіл айтуымызды, зардап шеккендердің барлығына тілектестігімізді білдіруіңізді сұраймыз», — делінген жеделхатта.

4 мамыр

Мемлекет басшысы Еуропалық қайта құру және даму банкі басшылары кеңесінің XII отырысы өз жұмысын бастағанға дейін Өзбекстан Республикасының Ташкент қаласында өткен Орталық Азия мен Грузия мемлекеттері басшыларының бейресми кездесуіне қатысты.



Сол күні Мемлекет басшысы ЕҚДБ президенті Ж. Лемьердің төрағалығымен өткен Еуропалық қайта құру және даму банкі басшылары кеңесінің XII отырысына қатысты.

Форумға сондай-ақ Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов, Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмонов, Грузияның Президенті Э.А. Шеварднадзе, 60-тан астам ресми делегациялар, 600-ден астам бизнесмендер, саясаткерлер, халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.



Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде: «Біздің дамуымыз өңірлік интеграцияның дамуы мен қарқынына, әр мемлекеттің өзінің саяси тұрақтылығы мен экономикалық өсуін қандай деңгейде көрсететіндігіне, кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы күрес жүргізуіне байланысты болатынын түсінеміз. Бұл өз кезегінде батыл экономикалық реформалар жүргізудің және соңынан экономика мен қаржы секторын капиталдандырудың салдары болып табылады», — деп атап көрсетті.

5 мамыр

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Атом энергиясы жөніндегі Еуропалық қоғамдастық арасындағы ядролық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы»

№406-II, «1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің аумағынан шығарылатын және үшінші елдерге әкетілетін тауарлардың кері экспортын кедендік бақылау туралы хаттаманы бекіту туралы» №407-II, «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №408-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №409-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №1076, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1077, «Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы» №1078, «Ф.Қ. Алдамжаровқа II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1079, «Г.Р. Қалманбетова туралы» №1080, «А.Б. Зейнелғабдин туралы» №1081 жарлықтарына қол қойды.

6 мамыр

Мемлекет басшысы Астана қаласында «Достық» халықтар достығы монументі мен мұхитаралы бар «Думан» ойын-сауық орталығының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.



Астанада орналасқан мұхитарал — мұхиттан 3 мың километрден астам қашықтықта орналасқан әлемдегі жалғыз мұхитарал, сондықтан ол Гиннестің рекордтар кітабына енгізілді. Оның су сыйымдылығы 3 млн. литрді құрайды. Онда Жердің түпкір-түпкірінен жиналған 100-ге тарта теңіз фаунасы түрлерінен 2 мыңнан астам теңізді мекендейтіндер өмір сүруде.

Мұхитарал үлкен аквариум мен көлемі әртүрлі 11 аквариум орналасқан екі көрме аймағынан құралған.

Үлкен аквариумда мұхитаралдың ең ірі мекендеушілері: акулалар, алып теңіз алабұғалары, наполеон-губандар т.б. өмір сүреді. Оның түбі арқылы жылжымалы жолмен жабдықталған қалыңдығы 7 см.-лік акрил шыныдан жасалған 70 метрлік туннель өтеді.

Бірінші көрме аймағында Оңтүстік Америка мен Оңтүстік Шығыс Азияның тұщы су қоймаларының мекендеушілері ұсынылған.

Екінші көрме аймағының аквариумдарында маржан қоғамдастығының мекендеушілері: ат балықтар, теңіз инелері, сиырбалықтар, жапон шашақтары, түлкі балықтар, итбалықтар, актиниялар т.б. ұсынылған.

Мемлекет басшысы Дүниежүзілік ислам лигасының бас хатшысы Абдалла бен Әбдел Мухсин ат-Түркиді қабылдады және онымен 2003 жылғы 23–24 қыркүйекте Астана қаласында өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезіне байланысты мәселелерді талқылады.

Мемлекет басшысы «М.Б. Жарбосынова туралы» №1082, «Е.Х. Қазыхановты Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Тұрақты өкілі қызметіне тағайындау туралы» №1083, «Жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер беру туралы» №1084 жарлықтарына қол қойды.

7 мамыр

Мемлекет басшысы Қарулы Күштердің бір топ әскерилеріне, құқық қорғау органдары қызметкерлеріне және Қазақстан Республикасы сот жүйесінің өкілдеріне мемлекеттік наградалар тапсырды.

II дәрежелі «Барыс» орденімен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі М.Қ. Алтынбаев марапатталды.

II дәрежелі «Даңқ» ордені Ішкі әскер қолбасшысы — Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскер комитетінің төрағасы Б.Б. Жанасаевқа және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы бастығының орынбасары Ю.В. Курматовқа табысталды.

II дәрежелі «Айбын» орденімен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімшелерінің командирлері Д. Әбдімырзаев, Х. Бәкіров, М. Махатов марапатталды.

«Парасат» ордені Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасы Қ.Ә. Мәмиге табыс етілді.



1



2



3



4



«Барыс» ордені 1999 жылы бекітілді. Үш дәрежесі болады. I, II, III дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттау Қазақстан Республикасының мемлекеттігі мен егемендігін нығайту ісіне; бейбітшілікті, қоғамның топтасуы мен Қазақстан халқының бірлігін қамтамасыз етуге; мемлекеттік, өндірістік, ғылыми, әлеуметтік-мәдени және қоғамдық қызметте; халықтар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға; ұлттық мәдениеттерді жақындастыру мен өзара байытуға; мемлекеттер арасындағы достық қатынастарды дамытуға сіңірген ерекше еңбегі үшін жүргізіледі.



5



6



7



8



9



10



11

I дәрежелі «Барыс» ордені жұлдыздан (1-сурет) және иыққа асатын лентадағы белгіден (2-сурет), II дәрежелі «Барыс» ордені тақташасындағы белгіден (3-сурет), III дәрежелі «Барыс» ордені мойынға асатын лентадағы белгіден (4-сурет) тұрады.

«Даңқ» ордені 1993 жылы белгіленді. Екі дәрежесі бар. «Даңқ» орденімен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының жоғары офицерлік құрамының, сондай-ақ прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер басшы құрамының адамдары әскерлерге басшылық ету мен басқарудағы табыстары, әскерлердің жоғары жауынгерлік әзірлігі мен елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз еткені үшін, әскери, шекаралық және ішкі қызметті үздік ұйымдастырғаны үшін, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз еткені, заңдылықты және қоғамдық тәртіп күзетін нығайтқаны үшін марапатталады. I дәрежелі «Даңқ» ордені жұлдыздан (5-сурет) және иыққа асатын лентадағы орден белгісінен (6-сурет) тұрады. II дәрежелі «Даңқ» ордені тақташасындағы белгіден (7-сурет) тұрады.

«Айбын» ордені 1995 жылы белгіленді. Үш дәрежесі бар. Орденмен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрамаларының әскери қызметшілері, сондай-ақ прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдарының және басқаларының қызметкерлері жауынгерлік даярлықта, әскерлердің жоғары жауынгерлік дайындық деңгейін ұстауда, заңдылық пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде қол жеткізген табыстары үшін; әскери және қызмет бабындағы парызын өтеудегі көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы, сондай-ақ мемлекет мүддесін қорғауда жасаған ерлігі үшін марапатталады. I (8-сурет) және II (9-сурет) дәрежелі «Айбын» ордендерімен кіші және аға офицерлік құрамдағы адамдар марапатталады. III (10-сурет) дәрежелі «Айбын» орденімен солдаттар, матрос-тар, сержанттар, старшиналар, прапорщиктер мен мичман-дар марапатталады.

Парасат» ордені (11-сурет) 1993 жылы бекітілген. «Парасат» орденімен ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ және халықтың рухани және ой-өрісін жоғарылатудағы әлеуетін дамытудағы еңбегі үшін, азаматтардың құқығы мен әлеуметтік мүдделерін қорғауда ерен еңбегін сіңірген азаматтар марапатталады.

Мемлекет басшысы кеңестік және ресейлік атыс қаруының танымал конструкторы М.Т. Калашниковты қабылдап, оған I дәрежелі «Достық» орденін табыс етті.



«Достық» ордені 1995 жылы шығарылған. Екі дәрежесі бар. Онымен қоғамда өзара келісімді сақтау бойынша жемісті еңбек еткен, халықтар арасындағы бейбітшілік, достық және ынтымақтастықты нығайтуға айрықша үлес қосқан қазақстандық және шетелдік азаматтар марапатталады.

I-ші дәрежелі «Достық» ордені жұлдыздан (1-сурет) және аспалы лентаға тағылған орден белгісінен (2-сурет), II-ші дәрежелі «Достық» ордені тақташасындағы белгіден (3-сурет) тұрады.

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жаңа әкімшілік ғимаратының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Генералдар мен офицерлердің алдында сөйлеген сөзінде Президент Қарулы Күштердің алдында тұрған 7 басым міндеттерді атап айтты, оның қатарында бюджеттік жоспарлау сапасын ағымдағы ұстауға емес, әскерлердің дамуына баса назар аудара отырып арттыру; арнайы әскери дайындық сапасын жақсарту есебінен жауынгерлік және жұмылдыру даярлығын қамтамасыз ету; әскери тәртіпті арттыру; әскери құрылым жүйесіндегі қайталану мен бытыраңқылықты жою; аумақтық қорғаныстың толыққанды жүйесін құру; әскери қызметтің беделін арттыратын әскери істің әлеуметтік құрамдас бөлігін күшейту; мемлекеттік әскери-техникалық саясатты әзірлеу мен іске асырудың қажеттігі атап көрсетілді.

Сөз соңында Н.Ә. Назарбаев әскерилерді Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылғанына 11 жыл толуымен және келе жатқан мейрам — Жеңіс күнімен құттықтады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №1085 Жарлығына қол қойды.

8 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы О. Әбдікәрімовті қабылдады, ол жоғарғы палатадағы Жер кодексін талқылаудың барысы туралы ақпарат берді.

Мемлекет басшысы «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру

енгізу туралы» №410-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне банк қызметі, валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы №411-II, «Ақпараттандыру туралы» №412-II, «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» №413-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №414-II заңдарына қол қойды.

9 мамыр

Мемлекет басшысы Астана қаласында Жеңіс күніне орай өткен мерекелік шараларға қатысты.

Президент Отан қорғаушылар монументіне гүл шоқтарын қойды, қаза болғандарды бір минуттік үнсіздікпен еске алды және жиналған ардагерлерді Жеңіс күнімен құттықтады.

«Ардагерлер бізге көпұлтты Қазақстанда достық, бауырластық пен сенімділікті мұра етіп қалдырды. Осылай болған, осылай болады да. Мерекелеріңізбен, құрметті ардагерлер, ардагерлердің отбасылары және олардың балалары! Бастан өткен соғыс нәубеті ешқашан қайталанбасын. Біздің Отанымыздың аспаны ашық, таза және бейбіт болсын, әрқашан халықтар арасындағы достық, бауырластық пен сенім жеңіп шығатын болсын. Әрбір отбасына, әрбір қазақстандыққа денсаулық, игілік пен жақсылық тілеймін», — деді Н.Ә. Назарбаев.



12 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Ш.К. Беркімбаеваны қабылдады, ол 2002 жылғы 29 сәуірдегі «Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы» Қазақстан халқына Жолдауы аясында берілген ауыл мектептеріне мемлекеттік қолдауды күшейту туралы Президент тапсырмасының орындалу барысы жайында баяндап берді.

Өз кезегінде Президент орта буын мамандары мен жұмысшы кадрларды даярлау бойынша кәсіби-техникалық мектептер мен колледждердің қызметін жақсарту жөнінде нақты шаралар қолдану қажеттігіне назар аударды.

Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру міндетін қойды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ж.А. Досқалиевті қабылдады. Ол Президенттің 2002 жылғы 4–5 желтоқсанда Астана қаласында өткен Қазақстан дәрігерлері мен провизорларының II съезінде берген тапсырмаларының орындалу барысы туралы баяндап берді. Атап айтқанда, әлеуметтік аурулар бойынша медициналық көмекті жақсарту, ана мен бала денсаулығын сақтаудың жағдайы, ауылды жердегі денсаулық сақтау сапасын арттыру жөнінде сөз қозғалды.

Кездесу барысында сондай-ақ міндетті медициналық сақтандыру жүйесін енгізу мәселесі талқыланды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Египет Араб Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Б.Қ. Әміреевті Қазақстан Республикасының Сирия Араб Республикасындағы, Ливан Республикасындағы, Марокко Корольдігіндегі, Иордания Хашимиттік Корольдігіндегі, Ливия Араб Ұлы Социалистік Халық Жамахириясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №1086 Жарлығына қол қойды.

13 мамыр

Мемлекет басшысы «British Gas» компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Р. Джиорданоны қабылдап, онымен Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орнын игерудің жағдайы мен келешегін талқылады.

Мемлекет басшысы «Акционерлік қоғамдар туралы» №415-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Кешірім жасау туралы» №1087, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №1088–1090 жарлықтарына қол қойды.

14 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы агенттігінің төрағасы Б.А. Бұлғақбаевты қабылдады. Ол ведомствоның 2002

жылғы және 2003 жылдың бірінші тоқсанындағы жұмысының қорытындысы туралы баяндап берді.

Кездесу барысында Б.А. Бұлғақбаев екінші деңгейдегі банктердің қызметін қадағалап, мониторингін жүргізетін арнайы орган құру туралы ұсыныс енгізді.

15 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстанның өңірлерінен келген қоғам өкілдерінің топтарымен кездесті.

Кездесуге «Қарағандырезинотехника» ЖШС, «Қазогнеупор» ЖШС, «Шығысмашзауыты» ААҚ Директорлары кеңесінің төрағасы А.Т. Айғазиев, Батыс Қазақстан облысының «Оралагрореммаш» ААҚ президенті Г.С. Бейсенов, Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданының «Агронесие Ордабасы» ЖШС төрағасы К.Е. Тұрсынбеков және Павлодар қаласы №3 гимназиясының директоры М.Б. Исаханов қатысты.

Өңгімелесушілер елдің экономикалық және әлеуметтік даму мәселелерінің кең ауқымын талқылады. Президент кәсіпорындағы істердің барысы, адамдардың көңіл-күйі, өңірлердегі тұрмыс жағдайының өзгеруі, мемлекеттің шағын және орта бизнесті дамыту бойынша қабылдап жатқан шараларының нәтижелері, салық салуды төмендету, әлеуметтік саланы дамыту барысын білуге ықылас танытты.

Мемлекет басшысы импорт алмастырудан экономиканы әртараптандыруға көшу қажеттігіне, ең жаңа технологияларды ендіруге, бәсекеге қабілетті өнім шығаруға, халықаралық нарыққа шығуға, агроөнеркәсіптік секторды қолдауға айрықша назар аударды.

Кездесуге қатысушылардың барлығы да Президенттің 2003 жылғы 4 сәуірдегі «Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары» атты Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген елді одан әрі саяси және әлеуметтік-экономикалық дамыту мақсаттарын қолдайтынын білдірді.



Мемлекет басшысы елордадағы құрылыс үшін жауап беретін Астана қаласы әкімдігі мен Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік органдары басшыларының қатысуымен кеңес өткізді.

Кеңестің күн тәртібінде Астана қаласының сол жағалауындағы жаңа әкімшілік орталығының құрылысы, ескірген және апатты жағдайдағы тұрғын үйлерді бұзу, қаланы көгалдандыру, оның айналасына жасыл белдеу құру мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен наградтау туралы» №1091, «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 2002 жылғы есебін бекіту туралы» №1092, «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 2002 жылғы таза кірісінің жұмсалуды туралы» №1093 жарлықтарына қол қойды.

16 мамыр

Мемлекет басшысы ТМД Атқарушы комитетінің төрағасы — атқарушы хатшысы Ю.Ф. Яровты қабылдады, ол Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласында 2003 жылдың 30 мамырында өтетін ТМД мемлекеттері басшыларының бейресми саммитіне даярлық барысы туралы хабарлады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне құнды қағаздар рыногы және акционерлік қоғамдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №416-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1094, «Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасы туралы» №1095 жарлықтарына қол қойды.

17 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Ватиканның Мемлекеттік хатшысы кардинал А. Соданоны қабылдады.

Кардинал Н.Ә. Назарбаевқа Рим Папасы Иоанн Павел II-нің сәлемдемесін жеткізді.

Содан кейін болған әңгімелесу барысында 2003 жылғы 23–24 қыркүйекте Астана қаласында өтетін әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезі мәселелеріне негізгі назар аударылды.

Сол күні Мемлекет басшысы Ватиканның Мемлекеттік хатшысы кардинал А. Соданомен бірге Астана қаласындағы Кафедралды католиктік шіркеуіне барды.

Кардинал А. Содано Рим Папасы Иоанн Павел II-нің католик шіркеуінің Қазақстанның гүлденуіне одан да зор үлес қосуына, Қазақстанда конфессияаралық келісімді нығайтуға ықпал ететін Қазақстанның Епископтық конференциясын құру туралы жолдауын жария етті.

Өз кезегінде Н.Ә. Назарбаев бұл оқиғаның елдің барлық католиктері мен жалпы Қазақстан үшін маңыздылығын атап айтып, 2003 жылғы 23–24 қыркүйекте Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезін өткізу идеясына Ватиканның қолдау көрсеткені үшін алғысын білдірді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003–2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы» №1096 Жарлығына қол қойды.



Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003–2015 жылдарға арналған стратегиясы экономика салаларын әртараптандыру мен шикізаттық даму бағытынан өңдеу бағытына көшу жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізу мақсатында 2015 жылға дейінгі кезеңдегі Қазақстанның мемлекеттік экономикалық саясатын құруға бағытталған.

19 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Келік және коммуникациялар министрлігі Аэроғарыштық комитетінің төрағасы А.О. Қосыновты қабылдап, онымен «Байқоңыр» ғарыш айлағын тиімді пайдалану және жалпы аэроғарыштық саланы дамыту мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы Франция Республикасының Сыртқы сауда мәселелері жөніндегі министрі Ф. Лоосты қабылдады.

Әңгімелесу барысында мұнай-газ саласындағы машина жасау, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және халық тұтынатын тауарлар өндірісі салаларындағы екіжақты ынтымақтастықтың келешегі талқыланды.

Мемлекет басшысы Моңғолия Республикасы Баян-Өлгий аймағының губернаторы Б. Қабдыисламұлын қабылдады.

Кездесу барысында отандастардың тарихи отанына көшуіне квотаны ұлғайту мүмкіндігі мен Қазақстанда Моңғолиядан келген қазақ жастарын оқыту мәселелері талқыланды.

20 мамыр

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» №417-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Нидерланды Корольдігі Үкіметінің арасындағы халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімді бекіту туралы» №418-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Америка Құрама Штаттары дипломатиялық өкілдігінің жаңа объектілерін салу үшін Америка Құрама Штаттарының Үкіметіне жер учаскесін беру туралы өзара түсіністік туралы меморандумды бекіту туралы» №419-II заңдарына қол қойды.

21 мамыр

Мемлекет басшысы Түркия Республикасында ресми сапармен болды.

Сапар бірнеше онжылдықтар қатарынан қазақ этностары ықшамдалған түрде тұрып жатқан Ыстамбұл қаласының Зейтинбурну ауданында Абай атындағы қазақ орта мектебін ашу рәсімінен басталды.



Сол күні Мемлекет басшысы Ыстамбұл қаласындағы Түркия Республикасы Қарулы Күштерінің Біріккен академиясына барды, онда екі ел арасындағы келісімдерге сәйкес ондаған қазақстандықтар білім алып шыққан болатын.

Өз сөзінде Президент Орталық Азия мен Каспий бойы өңірлеріндегі қауіпсіздіктің осы заманғы мәселелеріне деген өз көзқарасын білдірді. Н.Ә. Назарбаев дүниежүзілік тарих, халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, кез келген мемлекеттің қауіпсіздігі, оның тұтастығы мен тәуелсіздігі қарулы күштерінің жауынгерлік әзірлігімен, азаматтардың бойында отансүйгіштік сезімдерін тәрбиелеумен байланысты екенін атап көрсетті.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Түркияның «ТРТ-1» мемлекеттік телеарнасына сұхбат берді.

22 мамыр

Мемлекет басшысы Түркия Республикасына ресми сапары барысында осы елдің астанасы Анкара қаласына келіп, Президент А.Н. Сезермен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты және көпжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері бойынша пікір алмасу өтті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша мемлекет басшылары Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Одан басқа, ұзақмерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісім, Банк саласындағы реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша меморандум қабылданды және Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі мен Түркия Республикасының Кеден агенттігі арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.



Мемлекет басшысы сондай-ақ Түркия Республикасының Ұлы ұлттық жиналысының төрағасы Б. Арынчпен кездесіп, онымен саясат саласындағы, оның ішінде парламентаралық деңгейдегі екіжақты ынтымақтастықты кеңейту мәселелерін талқылады.



Сол күні Мемлекет басшысы Түркия Республикасының бұрынғы Президенті С. Демирельмен бірге Анкара қаласындағы Ататүрік кесенесіне барып, гүлтәжін қойды.

23 мамыр

Мемлекет басшысы Түркия Республикасына ресми сапары барысында Түркияның іскер топтарының өкілдерімен кездесті және оларды екі ел арасындағы өзара пайдалы сауда-экономикалық ынтымақтастықты тереңдетуге шақырды.

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Президенті А.Н. Сезермен және оның бұрынғы Президенті

С. Демирельмен бірге Түркиядағы Қазақстан Елшілігінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Ашылу рәсімінің барысында Н.Ә. Назарбаев екіжақты қатынастардың дамуына елеулі үлес қосқан Түркияның бірқатар саяси, ғылыми және іскерлік топтарының өкілдеріне Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерейтойлық медальдарын табыс етті.



Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерейтойлық медалі Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 27 тамыздағы №675 Жарлығымен белгіленді.

Мерейтойлық медалімен Қазақстан Республикасының мемлекеттігі мен егемендігін нығайту ісіне және әлеуметтік-экономикалық дамуына сіңірген ерекше еңбегі үшін қазақстандық және шетелдік азаматтар марапатталады.

Мемлекет басшысы Жамбыл облысының әкімі С.Ә. Үмбетовке Луговой бекетінде 2003 жылғы 23 мамырда болған жойқын жер сілкінісі салдарынан адамдардың қаза болуына байланысты көңіл айтып, жеделхат жолдады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Жамбыл облысының әкіміне зардап шеккендерге қажетті барлық көмек көрсету және табиғи апатының салдарын жою жөнінде тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысы Алжир Халық Демократиялық Республикасының Президенті А. Бутефликке 2003 жылғы 21 мамырдағы жойқын жер сілкінісі кезінде көптеген адам шығындарының болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

28 мамыр

Мемлекет басшысы ШЫҰ мүше мемлекеттер Басшылары кеңесінің III отырысына қатысу үшін Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласына аттанды.

29 мамыр

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында өткен ШЫҰ мүше мемлекеттер Басшылары кеңесінің III отырысына төрағалық етті.



Саммитке сондай-ақ Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтао, Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путин, Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов және Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмонов қатысты.

«Біздің бүгінгі кездесуіміз аса маңызды мәнге ие. Бүгін сіздермен бірге қабылдайтын шешімдер ШЫҰ институтын рәсімдеудің аяқталғанын білдіреді. Ұйымның екі маңызды органдары — Бейжіңдегі хатшылық пен Бішкектегі Өңірлік терроризмге қарсы құрылымның штаб-пәтері қызметтерінің басталуына құқықтық негіз қалануда», — деп атап көрсетті Н.Ә. Назарбаев саммитте сөйлеген сөзінде (Қосымшаны қараңыз).

Саммит қорытындылары бойынша 30-ға тарта құжаттарға қол қойылды, олардың қатарында Декларация; ШЫҰ-ның жұмыс тәртібі мен оның символикасын регламенттейтін ережелер; ШЫҰ бюджетін құру мен пайдалану тәртібі туралы келісім; ШЫҰ Өңірлік терроризмге қарсы құрылымның Атқарушы комитетінің регламенті және ШЫҰ атқарушы хатшысының кандидатурасы бекітілді.



Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) — өңірлік халықаралық ұйым.

ШЫҰ 2001 жылы 15 маусымда Шанхайда құрылды. Оның негізін Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан елдерінің шекара маңында әскери саладағы сенімді нығайту туралы келісім (1996) және Шекара маңында қарулы күштерді өзара қысқарту туралы келісімдерге (1997) қол қою нәтижесінде бұрынырақ құрылған «Шанхай бестігі» елдері құрайды. Өзбекстанның қосылуымен ұйым Шанхай ынтымақтастығы ұйымы болып өзгерді.

ШЫҰ қызметінің басымдықтарына мүше мемлекеттер аумағында қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту; лаңкестік, экстремизм, сепаратизм, ұйымдасқан қылмыс және есірткі трафигіне қарсы бірлескен күрес; экономикалық және энергетикалық ынтымақтастық; ғылыми және мәдени-гуманитарлық әрекеттестік жатады.

ШЫҰ ұйымдастыру кезеңінің аяқталуы туралы 2003 жылдың 28–29 мамырында Мәскеу саммиті жария етті. 2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап ол өз жұмыс тетіктері, персоналдары мен бюджеті бар толыққанды халықаралық құрылым ретінде әрекет ете бастады.

Ұйым 2004 жылы желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы жанынан байқаушы мәртебесін алды.

ШЫҰ органдары: Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі, Министрліктер мен ведомстволар басшылары жиналысы, Хатшылық, Өңірлік терроризмге қарсы құрылым.

30 мамыр

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласына қаланың 300 жылдығына орай мерекелік шараларға, сондай-ақ ТМД мемлекеттерінің бейресми саммитіне қатысу үшін аттанды.

Мемлекет басшысы Санкт-Петербург қаласының 300 жылдық мерейтойына Қазақстан халқының сыйға тартқан қазақтың ұлы суырып салма ақыны Ж. Жабаев ескерткішінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев петербургтықтардың алдында сөйлеген сөзінде: «Біз сіздермен бірге Нева өзенінің бойында орналасқан қаланың мерейтойына қуанып, оған біздің елімізден сыйлық жасауды ұйғардық. — Жамбыл Жабаев Қазақстан тарихына ғана емес, Ресей жылнамасына да жазылған. Оның өлеңдері Ұлы Отан соғысы жылдарында халыққа күш-жігер берді.

Халықты бірігіп бастан кешкен қиын-қыстау кезең ғана біріктіре алады. Қазақтар мен орыстар бір-біріне әрқашан да сенім білдірген, енді осы тарихи достық нығая түсуі үшін қолдан келгеннің барлығын жасауымыз керек. Ресейдегі Қазақстан жылының өткізілуі, екі мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, мәдени және басқа салалардағы байланыстарын үнемі кеңейтіп отыру осыған бағытталған. Ақыр аяғында осының барлығы да — екі мемлекет халқының игілігін арттыру үшін жасалып отырған әрекеттер. Ең бастысы — халықтардың бір-бірімен бейбіт өмір сүруге деген ынта-тілегі. Санкт-Петербургтегі ұлы қазақ ақынына арналған ескерткіш осы достықтың символы мен кепіліне айналсын», — деді.

Санкт-Петербург қаласының губернаторы В.А. Яковлев қазақстандықтарға осы сыйлығы үшін алғыс білдіріп, Ресей Федерациясы Президентінің тапсырмасы бойынша Н.Ә. Назарбаевты Санкт-Петербург қаласының негізі қаланғанына 300 жыл толуына арналған естелік медальмен марапаттады.



Санкт-Петербург қаласының негізі қаланғанына 300 жыл толуына арналған естелік медалі Ресей Федерациясы Президентінің 2003 жылғы 19 ақпандағы Жарлығымен бекітілді.

Медальмен Санкт-Петербург қаласының дамуына елеулі үлес қосқан ресейлік және шетелдік азаматтар, сондай-ақ Ленинград қаласын қорғауға қатысқандар және Ұлы Отан соғысы жылдарында қалада жұмыс істеген тыл еңбеккерлері марапатталады.

Түстен кейін Мемлекет басшысы ТМД мемлекеттерінің бейресми саммитіне қатысты.

Саммит барысында ТМД елдерінің экономика саласындағы өзара әрекетін дамыту бойынша ұсыныстар даярлау барысы, Армениядағы президенттік және парламенттік сайлауларының қорытындылары, Әзірбайжандағы президенттік сайлау мен Грузиядағы парламенттік сайлауға ТМД-дан байқаушылар тағайындау, сондай-ақ Абхазия мен Ирактағы жағдайға қатысты мәселелер талқыланды.

Саммитке қатысушылар сондай-ақ БҰҰ аясында Ирак мәселесін реттеу қажеттігі туралы мәлімдеді. Бұл ретте, олар 2003 жылғы 22 мамырда БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің Ирак мәселесінің Біріккен Ұлттар Ұйымының құқықтық құзырына қайтарылғанын білдіретін 1483 қарарын қабылдағанын ризашылықпен құптады және елді соғыстан кейінгі қалпына келтіру үдерісінде БҰҰ рөлін бекіту туралы сөз қозғады.



31 мамыр

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласында ТМД мемлекеттерінің бейресми саммиті аясында Украинаның Президенті Л.Д. Кучмамен кездесіп, онымен екіжақты ынтымақтастықтың бірқатар өзекті мәселелерін талқылады.



Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласында өткен «Ресей — Еуропалық Одақ» саммитіне қатысты.


24 елдің мемлекет және үкімет басшыларымен ұсынылған саммитке қатысушылар ЕО-ны шығысқа қарай кеңейту, сондай-ақ Ресей мен Еуроодақ елдері арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды нығайту мәселелерін талқылады.

Саммит қорытындылары бойынша көпжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытудың аса маңызды бағыттары белгіленген Бірлескен мәлімдеме қабылданды.

МАУСЫМ



Дс	2	9	16	23	30
Сс	3	10	17	24	
Ср	4	11	18	25	
Бс	5	12	19	26	
Жм	6	13	20	27	
Сн	7	14	21	28	
Жк	1	8	15	22	29



2 маусым

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы» №420-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасында Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімді бекіту туралы» №421-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы 2003–2008 жылдарға арналған Ынтымақтастық бағдарламасына қол қою туралы» №1097, «Терроризм, сепаратизм және экстремизммен күресте Қазақстан Республикасы және Қытай Халық Республикасының арасындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы» №1098, «Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу және іске асыру ережесі туралы» №1099 жарлықтарына қол қойды.

3 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтаомен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев Ху Цзиньтаоны ҚХР Төрағасы қызметіне сайлануымен құттықтады және көпжақты байланыстардың, оның ішінде энергетикалық, көліктік және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықтардың одан әрі нығая түсетініне сенім білдірді.

Шағын және кеңейтілген құрамдардағы келіссөздер барысында экономика, қауіпсіздік, білім салаларындағы екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері талқыланды.

Келіссөздер барысында Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы Бірлескен декларацияға; Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы 2003–2008 жылдарға арналған Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы бағдарламасына; Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы Жақсы көршілестік, достық және ынтымақтастық туралы шарт бойынша ратификациялық грамоталарды алмасу туралы 2002 жылғы хаттамаға; Терроризм, сепаратизм және экстремизммен күрестегі ынтымақтастық туралы үкіметаралық хаттамаға; Қазақстаннан Қытайға мұнай құбырының құрылысын бірлесіп зерттеу мен кезең-кезеңімен салу туралы хаттамаға;

Қазақстанның мұнай-газ саласына одан әрі инвестиция салуды кеңейту туралы келісімге; Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен ҚХР-дың Ағартушылық министрлігі арасындағы білім саласындағы ынтымақтастық туралы, сондай-ақ ҚХР Үкіметінің Қазақстанға білім саласындағы жобаларды іске асыру үшін 20 млн. юань мөлшеріндегі қайтарымсыз көмек көрсету туралы келісімге қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы Өңірлік терроризмге қарсы құрылым туралы келісімді бекіту туралы» №422-II, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» №423-II, «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне толықтырулар енгізу туралы» №424-II, «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №425-II, «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне ипотекалық кредиттеу мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» №426-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне ипотекалық кредиттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №427-II, «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №428-II заңдарына қол қойды.

4 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстанға 2003 жылғы 5 маусымда өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің IX пленарлық отырысына қатысу үшін келген «British Gas» компаниясының атқарушы директоры Ф. Чапмэнді, «Mitsubishi Corporation» компаниясының аға атқарушы вице-президенті М. Такашимуді және «Total S.A.» компаниясының вице-президенті К. де Маржериді қабылдады.

Мемлекет басшысы «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына орман пайдалану және су пайдалану мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» №429-II, «Денсаулық сақтау жүйесі туралы» №430-II, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік кәсіпорын тура-

лы» заң күші бар Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №431-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының аудандық және оларға теңестірілген соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату, сондай-ақ Астана қалалық сотының судьясы қызметінен босату туралы» №1100, «Румынияда Қазақстан Республикасының Дипломатиялық миссиясын ашу туралы» №1101, «Санкт-Петербург қаласында (Ресей Федерациясы) Қазақстан Республикасының Бас консулдығын ашу туралы» №1102, «Қазақстан Республикасының Ауғанстандағы шетелдік мекемесінің мәселелері» №1103 жарлықтарына қол қойды.

5 маусым

Мемлекет басшысы «Шортанды-Бурабай» курорттық аймағында өткен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің IX пленарлық отырысына төрағалық етті.

Қазақстандағы инвестициялық климатты жетілдіру мәселелеріне арналған отырыс барысында Қазақстанның 2015 жылға дейінгі индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруға шетел инвесторларының қатысу мүмкіндіктері талқыланды, сондай-ақ 2002 жылғы 6 желтоқсанда Астана қаласында өткен алдыңғы отырысында қабылданған шешімдерді іске асырудың қорытындылары жасалды.

Отырыста Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі М.Т. Есенбаев, Еуропа қайта құру және даму банкінің президенті Ж. Лемьер, «Chevron Техасо» корпорациясы басқармасының вице-төрағасы П. Робертсон, «British Gas» атқарушы директоры Ф. Чапмэн, «LNM Group» компаниясының президенті Л. Миттал сөз сөйледі.



Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесі Қазақстанда жұмыс жасайтын шетел инвесторлары арасында тікелей байланысты қамтамасыз ету, сондай-ақ инвестициялық қызметтерге байланысты проблемалы сұрақтарды шұғыл түрде шешуді қамтамасыз ету мақсатында Мемлекет басшысының 1998 жылғы 30 маусымдағы Жарлығымен құрылған. Кеңес кеңесшіл-консультативтік орган болып табылады. Кеңесті оның қызметіне басшылық жасап, күн тәртібін бекітетін және отырыстарына қатысуды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Президенті басқарады. Кеңес шеңберінде салық салу, заңнамалық мәселелер, шетел инвесторларының ағымдағы қызметтері, Қазақстанның

инвестициялық имиджін арттыру және мұнай-газ секторы мәселелері бойынша 5 біріккен жұмыс тобы қызмет атқарады. Кеңестің отырысы жылына 1–2 рет өткізіледі.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің мүшелерімен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

Атап айтқанда, Н.Ә. Назарбаев Еуропа қайта құру және даму банкінің президенті Ж. Лемьерді, «Chevron Техасо» корпорациясы басқармасының вице-төрағасы П. Робертсонды, «LNM Group» компаниясының президенті Л. Митталды, «British Gas» атқарушы директоры Ф. Чапмэнді, «Mitsubishi Corporation» компаниясының аға атқарушы вице-президенті М. Такашимуді, «Total S.A.» компаниясының вице-президенті К. де Маржериді қабылдады.



Сол күні Мемлекет басшысы британиялық «Financial Times» газетінің тілшісі П. Маршқа сұхбат беріп, онда ел экономикасы дамуының жағдайы мен келешегіне, ең алдымен мұнай-газ секторына, инвестициялық стратегияға, сыртқы және ішкі саясатқа қатысты мәселелерге тоқталды.

6 маусым

Мемлекет басшысы «Гонконг қаласында (Қытай Халық Республикасы) Қазақстан Республикасының Бас консулдығын ашу туралы» №1104 Жарлығына қол қойды.

7 маусым

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында «ЕҚЫҰ-ның трансазиялық өлшемі: қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі» Трансазиялық парламенттік форумына қатысу үшін келген ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясының президенті Б. Джорджды қабылдады және онымен Қазақстан мен ЕҚЫҰ ынтымақтастығының жағдайы мен келешегін талқылады.



Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен «ЕҚЫҰ-ның трансазиялық өлшемі: қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі» Трансазиялық парламенттік форумына қатысты.

Форумда сөйлеген сөзінде Қазақстан Президенті: «ЕҚЫҰ-ның трансазиялық өлшемі туралы мәселенің

қойылуы заңды. Ең алдымен, ЕҚЫҰ-ға қатысушы 11 елдің аумағы географиялық жағынан Азияда орналасқан. Оның ішінде тек үш мемлекет — Ресей, Түркия және Қазақстан — Еуропа мен Азияда бірдей орналасқан. Осының өзі ЕҚЫҰ қызметіндегі азиялық бағыттың маңыздылығын көрсетеді. Екіншіден, жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде азиялық бағыттың маңыздылығы артып келеді. Қазіргі заманғы Азияда адамзат баласының жартысынан көп бөлігі өмір сүруде», — деп атап өтті (Қосымшаны қараңыз).



«ЕҚЫҰ-ның трансазиялық өлшемі: қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі» Трансазиялық парламенттік форумы Қазақстан Республикасы Парламентінің ұсынысы бойынша ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясы және БҰҰДБ-мен бірлесіп ұйымдастырылды. Форумға 36 Еуропа және Азия мемлекеттерінен 200-ден астам делегаттар қатысты, ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясында байқаушылар мәртебесіне ие 10-нан астам халықаралық ұйымдардың өкілдері, НАТО Парламенттік ассамблеясынан, ТМД Парламентаралық ассамблеясынан, ЕурАзЭҚ Парламентаралық ассамблеясынан, Азия-Тынық мұхит Парламенттік форумынан, ИКҰ-ға қатысушы мемлекеттердің парламенттік одағынан және тағы да басқаларынан делегаттар қатысты.

10 маусым

Мемлекет басшысы Ақмола облысының Щучинск қаласында 2003 жылғы 9 маусымда өткен ТМД мемлекеттерінің Қорғаныс министрлері кеңесінің отырысына қатысушыларды қабылдады.

Ресей Федерациясының Қорғаныс министрі С.Б. Иванов отырыста қол жеткізілген негізгі уағдаластықтар туралы баяндап берді. Атап айтқанда, ол Ресей, Қазақстан және Өзбекстан полигондарында 2003 жылғы 15 маусым мен 29 тамыз аралығындағы кезеңде өтетін «Жауынгерлік достастық — 2003» ТМД мемлекеттерінің біріккен ӘҚҚ әскерлерін оқыту жоспарын бекіту туралы мәлімдеді. Одан басқа С.Б. Иванов отырыста келісілген Достастық кеңістігінде жылжымалы зенитті зымыранды кешендерді экспорттау мен импорттауға бақылау жүргізудің тәртібі және кешеннің террористердің қолына түспеуін қамтамасыз ету мақсатында ТМД мемлекеттерінің осындай мәмілелер жасағаны туралы бір-бірін өзара хабардар етуі туралы ақпарат берді.

Кездесу аяқталған соң, Президент С.Б. Ивановты жеке қабылдап, екі ел арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықты одан әрі нығайту мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы Астана күніне орай елордада өткен мерекелік шараларға қатысты.

Астана күнін мерекелеу аясында Н.Ә. Назарбаев Есіл өзенінің сол жақ жағалауында Қазақстан-Ресей университеті жаңа оқу кешенінің бірінші кезегін салтанатты түрде ашты.

«Бұл университет білім саласындағы жаңалық болып табылады. Қашықтықтан оқытудың арқасында студенттер қандай да бір білім саласының ең танымал мамандарын тыңдай алады. Университет Мәскеу қаласындағы Заманауи гуманитарлық университетпен және Кембридж университетімен байланысты, кітапханаларға, жеке серверіне қол жеткізе алады, кітаптары өте көп, студенттердің білімін тестілеудің осы заманғы әдістемелерін қолданады — XXI ғасырдың жаңа кадрларын даярлау осыдан басталады», — деп атап көрсетті Президент.

Рәсім барысында Н.Ә. Назарбаевқа ұлттық білім беру жүйесінде жоғары технологияларды дамытуға қосқан сүбелі үлесі үшін «Білім саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» алтын медалі табыс етілді.

Содан соң Мемлекет басшысы «Жыл мезгілдері» елорда саябағының, «Cinema City» кинотеатрының және «Жедел медициналық жәрдем» қалалық стансасы жаңа ғимаратының ашылу рәсімдеріне қатысты.

Мемлекет басшысы 2003 жылғы 9 маусымда Астана қаласында өз жұмысын бастаған Астаналар мен ірі қалалар халықаралық ассамблеясының конференциясына қатысушылары және қонақтарымен кездесті.

Кездесу барысында ЕурАзЭҚ-қа және Қалалардың халықаралық ассамблеясына (ҚХА) кіретін елдердің астаналары мен ірі қалаларының алдында тұрған міндеттері туралы, Ресей, Қазақстан, Украина және Беларусь президенттерінің БЭК құру туралы шешімін іске асыру бойынша пікір алмасу өтті.



Астаналар мен ірі қалалардың халықаралық ассамблеясы (ҚХА) — қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы мақсатында біріккен әрекеттерді үйлестіру үшін 1998 жылғы 2 қыркүйекте құрылған ТМД-ның қоғамдық коммерциялық емес ұйымы.

Мемлекет басшысы Қазақстанға Н.Ә. Назарбаевқа Халықаралық сыйлық лауреатының дипломы мен

«ТМД-ны дамытуға қосқан үлесі үшін» алтын медалін тапсыруға келген ТМД-ның Атқарушы комитетінің төрағасы Ю.Ф. Яровой бастаған «Халықаралық Олимп» конкурсын ұйымдастыру комитетінің делегациясын қабылдады.

«Мен посткеңестік мемлекеттерді интеграциялаудың жақтасы болдым және солай болып қала беремін. Біздің мемлекеттердің ондаған жылдар бойы бірыңғай экономикасы, бірыңғай көлік коммуникациялары, бірыңғай технологиялары болды, ендеше олар кез келген басқа интеграциялық бірлестіктерге қарағанда, өз елдері азаматтарының тұрмысын жақсарту үшін бір-біріне көмектесе алады. Мен осы интеграцияның жақтаушысы болдым, сондықтан, 1994 жылы Еуразиялық Одақ құру бастамасын ұсындым», — деді Н.Ә. Назарбаев жоғары награданы ала отырып.



«Халықаралық Олимп» конкурсының Халықаралық сыйлығы лауреатының дипломы мен «ТМД-ны дамытуға қосқан үлесі үшін» алтын медалі ТМД-ның жоғарғы қоғамдық наградасы болып табылады.

Конкурс мемлекетаралық қатынастар мен экономикалық интеграцияны нығайту, әртүрлі елдер кәсіпкерлерінің арасындағы өзара пайдалы серіктестік қатынастарды орнату, тату көршілестікті нығайту мақсатында жыл сайын өткізіліп тұрады. Конкурс лауреаттарының арасында — Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путин, ғарышкер В.В. Терешкова, жазушы Ш.Т. Айтматов бар.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне стандарттау және сертификаттау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №432-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне механикалық көлік құралдарын және оларға тіркемелерді есепке алу, мемлекеттік тіркеу және мемлекеттік техникалық байқау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» №433-II заңдарына қол қойды.

11 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысына қатысты.

Президент Қазақстан Республикасының Премьер-министрі И.Н. Тасмағамбетовтің қызметінен кетуін қабылдайтынын және осыған байланысты жуық арада Үкімет басшысы лауазымына жаңа кандидатурасын ұсынатынын мәлімдеді.

Н.Ә. Назарбаевтың толық тоқталып өткен тағы бір мәселесі — ол Парламент қарауындағы Жер кодексі болды.

Мемлекет басшысы осы мәселе бойынша өз ұстанымын депутаттар назарына жеткізді. Атап айтқанда, Президент «Жер кодексінің айналасындағы саяси ойындарды тоқтатуды» ұсынды және Мәжілістің кейбір түзетулерімен, оның ішінде заңды тұлғалардың жеке меншігіне берілетін жер учаскелерінің шекті мөлшерінің 5%-дық нормасымен, сондай-ақ үстеме жалға беруге тыйым салу уақытын жылжытуға келісім беруге даярлығын мәлімдеді. Солай ете тұрып, Н.Ә. Назарбаев жерді ақысыз немесе жеңілдіктермен беруге үзілді-кесілді қарсылық білдірді, өйткені оның пікірінше, жерді толық құнымен беру — кодекстің түбегейлі мәселесі. Сондай-ақ Мемлекет басшысы жерден түскен қаражатты арнайы қорда жинау туралы депутаттардың ұсынысына да қарсылық білдірді. «Осы бір мәмілеге келуді қажет ететін ұсыныстарды ескеріп, жекелеген нормаларына тыйым сала отырып, мен заң жобасын Парламент палаталарының қарауына қайтаруға дайынмын», — деді Президент сөз соңында.

Одан әрі талқылау барысында Жер кодексінің ең даулы баптары бойынша келісілген ұстанымдар шығарылды.



Мемлекет басшысы «Қазақстанның даму банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №434-II, «Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» №435-II, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы» №436-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне стандарттау сақтандыру мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» №437-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Ю.Н. Мерзляковты Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1105, «Қазақстан Республикасының Премьер-министрі И.Н. Тасмағамбетовтің орнынан түсуі туралы» №1106 жарлықтарына қол қойды.

12 маусым

Мемлекет басшысы ЭЫҰ бас хатшысы Б.Н. Нарбаевты қабылдап, онымен ЭЫҰ дамуының келешегі және оған Қазақстанның қатысуы туралы мәселелерді

талқылады. Президент ЭЫҰ-ға көлік және коммуникациялар, сауда, инвестициялар мен әлеуметтік саладардағы күштерін бірінші кезекте белсендіру қажеттігін атап өте отырып, өз ұстанымын нақты белгілеп берді.



Экономикалық ынтымақтастық ұйымы (ЭЫҰ) — 1985 жылы Иран, Пәкстан және Түркия елдерімен құрылған өңірлік мемлекетаралық экономикалық ұйым. Ол сол қатысушылармен 1977 жылғы 12 наурызда қол қойылған Измир шарты негізінде әрекет еткен Өңірлік даму ынтымақтастығы ұйымының құқығын иеленуші болып табылады.

1992 жылдың басына дейін ЭЫҰ аясындағы ынтымақтастық негізінен екіжақты сипатта болды. 1992 жылдан бастап ұйым қызметі жаңадан 7 мемлекеттің — Әзірбайжан, Ауғанстан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстанның қосылуына байланысты айтарлықтай белсенді бола түсті.

1995 жылы ЭЫҰ БҰҰ Бас Ассамблеясы жанынан, сондай-ақ ИКҰ жанынан байқаушы мәртебесіне ие болды.

Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Тұрақты өкілдер кеңесі, Өңірлік жоспарлау кеңесі, Хатшылық ЭЫҰ органдары болып табылады.

ЭЫҰ хатшылығы 3 жылдық мерзімге Сыртқы істер министрлері кеңесімен сайланатын Бас хатшымен тағайындалады.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сарпармен келген Иран Ислам Республикасының Сыртқы істер министрі К. Харразиді қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелері, сондай-ақ Ирак пен Ауғанстандағы жағдаймен байланысты өңірлік қауіпсіздік мәселелері талқыланды.

Каспийдің құқықтық мәртебесін реттеу мәселесі талқылаудың жеке тақырыбын құрады. К. Харрази осы мәселенің әділ шешілуінің маңыздылығын атап көрсете отырып, келіссөздер үдерісі Каспий бойы мемлекеттері басшыларының кезекті кездесуіне негіз қалайтынына сенім білдірді.

Мемлекет басшысы «2003 жылғы арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №438-II, «Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы» №439-II заңдарына қол қойды.

13 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысына қатысып, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің қызметіне тағайындау үшін Д.К. Ахметовтің кандидатурасын депутаттардың назарына ұсынды.

Депутаттар Президенттің ұсынысын қолдап, жаңа Үкімет басшысының кандидатурасымен келісті.



Мемлекет басшысы «Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» №440-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» №1107, «Д.К. Ахметовті Қазақстан Республикасының Премьер-министрі қызметіне тағайындау туралы» №1108, «Д.К. Ахметов туралы» №1109, «Қ.К. Тоқаев туралы» №1110, «И.Н. Тасмағамбетовті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы қызметіне тағайындау туралы» №1111, «Қ.К. Тоқаевты Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі қызметіне тағайындау туралы» №1112, «А.С. Павловты Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №1113, «А.С. Есімовті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі қызметіне тағайындау туралы» №1114, «С.М. Мыңбаевты Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №1115 жарлықтарына қол қойды.

14 маусым

Мемлекет басшысы «Қ.А. Нұрпейісовті Павлодар облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1116, «Ж.Ә. Құлекеевті Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі қызметіне тағайындау туралы» №1117, «О.Н. Өксікбаевты Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1118, «Қ.Ш. Сүлейменовті Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі қызметіне тағайындау туралы» №1119, «М.Қ. Алтынбаевты Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі қызметіне тағайындау туралы» №1120, «А.Б. Самақованы

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі қызметіне тағайындау туралы» №1121, «Қ.Н. Келімбетовті Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі қызметіне тағайындау туралы» №1122, «В.С. Школьникті Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі қызметіне тағайындау туралы» №1123 жарлықтарына қол қойды.

16 маусым

Мемлекет басшысы Израиль Мемлекетінің бас равині Й. Мецгермен кездесті.

Кездесу барысында 2003 жылғы 23–24 қыркүйек аралығында Астана қаласында өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезіне қатысты мәселелер талқыланды.



Мемлекет басшысы «С.С. Қалмырзаевты Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқарушысы қызметіне тағайындау туралы» №1124, «Б.Ж. Өтемұратовты Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы қызметіне тағайындау туралы» №1125, «Т.М. Досмұханбетовті Астана қаласының әкімі — Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы» №1126, О.Ә. Жандосовты Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1127, «А.А. Тілеубердинді Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Кеңесінің Басшысы қызметіне тағайындау туралы» №1128, «Ж.А. Досқалиевті Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі қызметіне тағайындау туралы» №1129, «Ә.Р. Жақсыбековті Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі қызметіне тағайындау туралы» №1130, «М.А. Құл-Мұхаммедті Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі қызметіне тағайындау туралы» №1131, «Қ.Ы. Нағмановты Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі қызметіне тағайындау туралы» №1132, «Г.Ж. Қарағұсованы Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі қызметіне тағайындау туралы» №1133, «Е.А. Досаевты Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметіне тағайындау туралы» №1134, «О.И. Жұмабековті Қазақстан Республикасының Әділет министрі қызметіне тағайындау туралы» №1135, «Көп

балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №1136 жарлықтарына қол қойды.

17 маусым

Мемлекет басшысы Бүкіләлемдік еврейлер конгресінің төрағасы И. Сингерді қабылдады.

Кездесу барысында 2003 жылғы 23–24 қыркүйек аралығында Астана қаласында өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезіне қатысты мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысы «Амстердам қаласында (Нидерланды Корольдігі) Қазақстан Республикасының Бас консулдығын ашу туралы» №1137 Жарлығына қол қойды.

18 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Д.К. Ахметовтің басшылық ететін Үкіметі жаңа құрамының Қазақстан халқы мен Қазақстан Республикасының Президентіне ант беру салтанатты рәсіміне қатысты.

«Біз мемлекет дамуының жаңа кезеңінде тұрмыз. Қазақстан негізгі реформаларын аяқтады. Жекелеген қателіктер де болған болар. Алайда жалпы стратегиялық жағынан біз дұрыс жолдамыз. Оған Қазақстанның ТМД елдерінің арасында реформалар жүргізу жағынан көшбасшылық жасап келе жатқаны дәлел бола алады.

Жаңа Үкімет алдында күрделі міндеттер тұр. Біздің қолымызда реформалар қарқынын бәсеңдетпей, алға ілгерілеуді жалғастыра алатындай жаңа мүмкіндіктер бар. Жүргізілген реформалардың табыстылығына, экономиканы жаңғыртудың арқасында жиналған қаражат пен резервтерге сүйене отырып, Үкімет қаржылық жағынан қамтамасыз етілген және мемлекетті одан әрі дамытуға бағытталған бірқатар стратегиялық бағдарламалар әзірледі.

Бүгін Үкіметтің жаңа құрамы халқына және Қазақстан Президентіне адал қызмет ету үшін ант қабылдады. Бұл іс-қимыл Үкіметі болатынына сенемін», — деп атап көрсетті Н.Ә. Назарбаев.

Сол күні Мемлекет басшысы Астана және Алматы Митрополиті Мефодийді қабылдады.

Әңгімелесу барысында мемлекет пен шіркеу арасындағы өзара әрекет, Қазақстандағы конфессия-

аралық қатынас, сондай-ақ 2003 жылғы 23–24 қыркүйек аралығында Астана қаласында өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезіне қатысты мәселелер қозғалды.

19 маусым

Мемлекет басшысы Жапония Парламенті Өкілдер палатасының депутаты Й. Мориді қабылдады.

Екіжақты экономикалық байланыстарды кеңейту, атап айтқанда, қосарланған салық салуды болдырмау және жапондық компанияларды Қазақстанның мұнай-газ секторына тарту туралы келісім жасау мүмкіндігі әңгімелесудің негізгі тақырыбына айналды.

20 маусым

Мемлекет басшысы «Estee Lauder» косметикалық корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы Л. Лаудерді қабылдап, онымен Қазақстанда бірлескен жобаларды іске асыру мүмкіндігін талқылады.

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттары Ұлттық демократиялық институтының президенті К. Уоллокты қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстандағы саяси және экономикалық үдерістердің даму келешегі мен проблемалары туралы пікір алмасу өтті.



АҚШ Ұлттық демократиялық институты (ҰДИ) — АҚШ Демократиялық партиясының бастамасы бойынша 1988 жылы құрылған үкіметтік емес ұйым. Қазақстанда ҰДИ өз қызметін 1992 жылдан бастап жүзеге асырып келеді.

Мемлекет басшысы Қазақстандағы дипломатиялық миссиясының аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасындағы Ресей Федерациясының Төтенше және Өкілетті Елшісі Ю.Н. Мерзляковты қабылдады.

Президент Ю.Н. Мерзляковтың Қазақстан-ресейлік қатынастарды нығайтуға қосқан сүбелі үлесін атап өте отырып, оны Құрмет грамотасымен марапаттады.

Өз кезегінде елші Н.Ә. Назарбаевқа Санкт-Петербург қаласының 300 жылдығын мерекелеуге қатысқаны үшін алғыс білдірген Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путиннің жолдауын жеткізді.

Мемлекет басшысы «Бюджет жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер

мен толықтыру енгізу туралы» №441-II, «Қазақстан Республикасының Жер кодексі» №442-II заңдарына қол қойды.

21 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысы ретінде Алматы қаласының жоғары әскери оқу орындарының бітіруші лейтенанттарын шығару салтанатты рәсіміне қатысты.

Президент әскери ЖОО-лар оқытушыларының командалық құрамына офицерлік кадрларды даярлаудағы ерен еңбектері үшін алғыс айтып, барлық қатысушыларды кезекті офицерлерді шығаруымен құттықтады, барлығына мықты денсаулық, Қазақстан Республикасы үшін қызмет етуде табыс тіледі.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы №828 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» №1138 Жарлығына қол қойды.

23 маусым

Мемлекет басшысы Канадаға ресми сапармен барып, Гамильтон қаласында өзінің құрметіне Канаданың Еврейлер конгресінің президенті К. Ландимен еврейлер қауымдастығы атынан ұйымдастырылған қонақасында болды.

К. Ланди Н.Ә. Назарбаевтың елде және өңірде ашылған мұсылман-еврейлік диалогтың алға ілгерілеуіне қосқан үлесін, сондай-ақ оның Израиль Мемлекетімен айқын әрі нық қатынастарын ерекше атап өтті.

Қазақстан Президенті өз кезегінде Канаданың Еврейлер конгресін 2003 жылғы 23–24 қыркүйек аралығында Астана қаласында өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезіне қатысуға шақырды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Канада арасында Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарт жасасу туралы» №1139, «Б. Изотье мен Р.Ф. Капланды «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен наградтау туралы» №1140, «Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің мәселелері» №1141 жарлықтарына қол қойды.

24 маусым

Мемлекет басшысы Канадаға ресми сапары барысында Ниагара сарқырамасына экскурсия жасады.



Ниагара сарқырамасы — Канаданы АҚШ-тан бөліп тұрған Ниагара өзенінде орналасқан үш сарқыраманың ортақ атауы. Олар «Подкова» немесе Канада сарқырамалары, Американдық сарқырама және «Фат» сарқырамасы. Сарқырамалардың биіктігі 53 метрге жетеді.

25 маусым

Мемлекет басшысы Канадаға ресми сапары барысында осы елдің астанасы Оттава қаласында генерал-губернатор, Канада Қарулы Күштерінің Жоғары Бас қолбасшысы А. Кларксонмен кездесті.




Мемлекет басшысы Канаданың Премьер-министрі Ж. Кретъенмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдардағы келіссөздер барысында екіжақты сауда-экономикалық қатынастарды кеңейтудің келешегі, Қазақстанның 2015 жылға дейінгі Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру аясында канадалық инвестициялар мен технологияларды тарту, ДСҰ-ға кіру мәселесінде Қазақстанға қолдау көрсету, сондай-ақ Орталық Азияда қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша өзара әрекет ету мәселелері талқыланды.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша үкіметаралық деңгейде екі құжатқа — Азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы шартқа және екіжақты экономикалық серіктестікті нығайту жөніндегі Қазақстан-канадалық бірлескен іс-әрекет жоспарына қол қойылды.

Кешке қарай Мемлекет басшысы Канаданың Премьер-министрі Ж. Кретъен мен Канада Парламенті Сенатының төрағасы Д. Хейстің атынан өзінің құрметіне ұйымдастырылған түскі асқа барды.



26 маусым

Мемлекет басшысы Канадаға ресми сапары барысында Оттава қаласында орналасқан Канада Корольдік атты полициясы колледжіне барды.

Сол күні Мемлекет басшысы 2003 жылғы 27 маусымда өтетін «Қазақстан — Орталық Азияның інжу-маржаны»

іскерлік мүмкіндіктер» бизнес-конференциясына қатысу үшін Калгари қаласына аттанды.

27 маусым

Мемлекет басшысы Канадаға ресми сапары барысында Калгари қаласында өткен «Қазақстан — Орталық Азияның інжу-маржаны: іскерлік мүмкіндіктер» бизнес-конференциясына қатысты, содан соң Оңтүстік Альбертаның Технологиялық институтына барып, Қазақстандағы экономикалық және саяси реформаларға шолу жасап, оқытушылық-профессорлық құрамының алдында сөз сөйледі.

Кездесу аясында Н.Ә. Назарбаевқа «Қазақстанның энергетикалық секторын әзірлегенде көрегенді басшылық жасағаны және Қазақстан азаматтарына техникалық білім беруге қосқан айрықша үлесі үшін» қолданбалы технологиялар докторы құрметті дәрежесін беру салтанатты рәсімі өтті.

«Сіздердің институттарыңыз Қазақстанның әлемдік экономикаға сенімді ықпалдасуы үшін қажетті машықтарға қазақстандықтарды оқыта отырып, біздің жас егеменді республикамыздың дамуына өз үлесін қосып келе жатқаны көңіл сүйсіндіреді. Біздің мамандар үшін сіздердің институттарыңыздың қабырғасында ең жаңа технологияларды пайдалана отырып, кәсіби даярлықтан өту айрықша маңызды. Сіздердің университеттеріңіз — ол елдеріңіздің беделді әрі көне жоғарғы оқу орындарының бірі болуымен қатар, Канаданың қарқынды дамуының символы болып табылады», — деп атап айтты Президент.



Калгари — Альберта провинциясының ең ірі қаласы, Канаданың мұнай-газ саласының орталығы болып табылады. Провинцияға елде өндірілетін энергия тасымалдағыштардың 80% тиесілі, ал Калгари қаласы бей-ресми түрде мұнайлы астана мәртебесіне ие. Дәл осы жерде ең ірі канадалық мұнай өндіруші компаниялардың кеңселері орналасқан.

28 маусым

Мемлекет басшысы Франция Республикасында жұмыс сапарымен болып, осы елдің астанасы Париж қаласында Президент Ж. Ширакпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдардағы келіссөздер барысында тараптар екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықтың жағдайы мен келешегін талқылады, сондай-ақ Ауғанстан мен Ирактағы ахуал туралы пікір алмасты.



ШІЛДЕ



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	31
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	



1 шілде

Мемлекет басшысы өзінің астаналық резиденциясында бір топ соғыс және еңбек ардагерлерін қабылдады.

Қатысушылардың қатарында Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Г.Ж. Қарағұсова, «Қазақстан Республикасының ардагерлер ұйымы» Орталық кеңесінің, облыстардың, қалалар мен аудандардың ардагерлер кеңестерінің жетекшілері болды.

Кездесу барысында «Ардагерлер туралы» Заң, сондай-ақ майдангерлердің ТМД елдері аумағындағы майдандастарына ақысыз жүру жолы және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығына дайындық мәселелері талқыланды.



Мемлекет басшысы «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» №444-II, «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №445-II, «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» №446-II, «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Жарғысын бекіту туралы» №447-II, «1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарын қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі туралы хаттаманы бекіту туралы» №448-II, «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы» №449-II заңдарына қол қойды.

2 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстанға жеке сапармен келген Ресей Федерациясының бұрынғы Президенті Б.Н. Ельцинмен кездесті.

Түстен кейін Н.Ә. Назарбаев пен Б.Н. Ельцин «Думан» ойын-сауық орталығына, «Астана-Бәйтерек» монументіне, Президенттік мәдениет орталығына, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне барды, Отан қорғаушылар монументіне гүл шоқтарын қойды.

«Биылғы жыл Ресейдегі Қазақстан жылы болып жарияланды және мен Борис Николаевичті дені сау

күйінде өз үйімде қонақ ретінде көріп отырғанымға қуаныштымын. Біздің сөйлесер тақырыбымыз аз емес. Мен бұл күндері осы кісіге уақыт бөліп, өткенді еске алып, болашақта не істеу қажет екені туралы ойланғым келеді», — деді Президент журналистермен кездесуде.

Мемлекет басшысы ҰҚШҰ бас хатшысы Н.Н. Бордюжаны қабылдады.

Кездесу барысында қатысушы елдердің халықаралық есірткі бизнесіне, терроризмге, діни экстремизмге, ұйымдасқан қылмысқа, заңсыз көші-қон мен тірі тауар саудасына қарсы әрекет етуде жұмсалатын күшті үйлестіру жөніндегі шаралар қаралды. Одан басқа, әскери ынтымақтастықты нығайту, оның ішінде, жылдам өрістету ұжымдық күштерінің өңірлік басшылығын құру мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Журналистика күніне орай бір топ қазақстандық журналистерді қабылдап, Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйақылары мен гранттарын табыс етті.

Президент сыйақылары «Рудный Алтай» газетінің бас редакторы А.И. Акаwege, «Ана тілі» газетінің бас редакторы М.Ә. Құлкеновке және «Ел» шығармашылық бірлестігінің жетекшісі И. Жұбаевқа тапсырылды.

«Вечерняя Астана» газетінің бас редакторы В.Г. Коченов, «Время» газетінің шолушысы Г. Танкаева президенттік грант иегерлері атанды.

«Рахат-ТВ» телекомпаниясының президенті Д.В. Клебановаға, «Түркістан» газетінің бөлім меңгерушісі Е. Қапқызына, Астана қаласының ақпараттық-сараптамалық бағдарламалар телекөрсетілімінің бас редакторы Б.Б. Қожахметовке және «Экспресс К» газетінің фототілшісі А. Некрасовқа Президенттің алғысы жарияланды.

«Журналистердің елге көмек көрсетуге, біздің жетістіктеріміз бен кемшіліктеріміз жайлы айтуға деген шынайы құлшынысы, қарқыны, құмарлығы, азаматтық ұстанымы қуантады. Сондықтан да мен Қазақстан өз журналистикасын мақтан тұта алады деп есептеймін», — деді Президент кездесуді қорытындылай келе және журналистердің бұдан кейін де журналист деген биік атағын абыроймен алып жүретініне сенім білдірді.



Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйақылары мен гранттары Мемлекет басшысының 1997 жылғы 19 маусымдағы №3556 Өкімімен белгіленді.

Сыйақылар мен гранттар журналистерге (журналистер ұжымдарына) шығармашылық есуді көтермелеу мен қазақстандық журналистиканы дамытуды ынтыландыру мақсатында табыс етіледі және Журналистика күніне орайластырылады.

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №443-II, «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының құқықтық мәртебесі туралы келісімді бекіту туралы» №450-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сот ісін жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» №451-II, «Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Қазақстан-Өзбекстан Мемлекеттік шекарасының жекелеген учаскелері туралы шартты бекіту туралы» №452-II, «Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Қазақстан-Өзбек Мемлекеттік шекарасы туралы шартты бекіту туралы» №453-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» №454-II, «Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасын делимитациялау және оны демаркациялау процесі туралы шартты бекіту туралы» №455-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Испания Корольдігі Үкіметінің арасындағы Жолаушылар мен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалы туралы келісімді бекіту туралы» №456-II, «Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасының арасындағы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбін шектеу туралы келісімді және Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасының арасындағы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбін шектеу келісімге Хаттаманы бекіту туралы» №457-II, «Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі туралы келісімді бекіту туралы» №458-II, «Қазақстан Республикасы

мен Қырғыз Республикасы арасындағы Қазақстан-Қырғыз мемлекеттік шекарасы туралы шартты бекіту туралы» №459-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы «Нұр-Мұбарак» ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісімді бекіту туралы» №460-II, «Құнды қағаздар рыногы туралы» №461-II заңдарына қол қойды.

3 шілде

Мемлекет басшысы Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Премьер-министрі Т. Блэрмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында екіжақты сауда-экономикалық қатынастарды дамытудың жағдайы мен келешегі, сондай-ақ Ауғанстан мен Ирактағы бітімгершілік операциялары аясында әрекет ету мәселелері талқыланды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Чехия Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімді бекіту туралы» №462-II, «Өсімдіктер карантині туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №463-II, «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №464-II заңдарына қол қойды.

4 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Д.К. Ахметовті қабылдады. Ол Қазақстанның 2015 жылға дейінгі Индустриялық-инновациялық даму стратегиясының іске асырылу барысы туралы, ауыл шаруашылығындағы жағдай мен халықты әлеуметтік қорғаудың негізгі проблемалары туралы баяндап берді.

Кездесу барысында Президент сондай-ақ «Алтынсарин-Хромтау» темір жол желісінің құрылысын тез арада аяқтау, Қазақстанның көлік әлеуетін арттыру, байланыс нарығын либералдау мен авиация саласында жиналып қалған мәселелерді шешу жөнінде тапсырмалар берді.



Ұзақтығы 402 шақырымдық «Алтынсарин-Хромтау» темір жол желісі Қазақстанның солтүстік (астықты) және орталық (өнеркәсіпті) өңірлерін ең қысқа

бағытта, арақашықтықты 2 мың шақырымға жуық қысқарта отырып, ресейлік темір жолдарға шығуды қажет етпей-ақ, елдің батысымен байланыстыруға арналған.

Мемлекет басшысы сондай-ақ Қазақстан Республикасының вице-премьері — Ауыл шаруашылығы министрі А.С. Есімовті қабылдады. Ол Қазақстанның Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасын ұсынды.



Президенттің 2003 жылғы 10 шілдедегі №1149 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Мемлекет басшысының 2002 жылғы 29 сәуірдегі Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес әзірленді, онда Мемлекет басшысы 2003–2005 жылдарды ауылды өркендету жылдары деп жариялады. Бағдарламаның негізгі мақсаты — ауыл халқын қоныстандыруды оңтайландыру негізінде ауылдың тұрмыс-тіршілігіне қалыпты жағдайлар туғызу болып табылады.

Мемлекет басшысы «Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хартиясын бекіту туралы» №465-II, «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына бағалы қағаздар рыногы мәселесі бойынша өзгеріс енгізу туралы» №466-II, «Қазақстан Республикасының «Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізі туралы келісімге қосылуы туралы» №467-II, «Еркін сауда аймағын құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің импортты лицензиялау ережелері туралы хаттаманы бекіту туралы» №468-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекара сызығын демаркациялау туралы хаттаманы бекіту туралы» №469-II, «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы» №470-II, «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №471-II, «Еуропадағы кәдімгі қарулы күштер туралы шартты бейімдеу жөніндегі келісімді бекіту туралы» №472-II, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» №473-II, «Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды

мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» №474-II, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №475-II, «Автомобиль көлігі туралы» №476-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1142, «Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы» №1143, «Кешірім жасау туралы» №1144, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №1145, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №1146, «Кешірім жасау туралы» №1147 жарлықтарына қол қойды.

5 шілде


Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен ОАЫ-ға мүше мемлекеттер басшылары Кеңесінің отырысына қатысты.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында саммитке қатысушылар өткен кезеңдегі ОАЫ қызметі туралы есебін тыңдады, сондай-ақ экономикалық ынтымақтастықты кеңейту келешегі мен терроризмге, экстремизм мен есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрестегі өзара әрекет ету тетіктерін талқылады.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев су-энергетикалық, коммуникациялық және азық-түлік консорциумдарын құру мәселелеріне ерекше назар аударды және оларды құру алдағы уақытта ұйым үшін басты міндет болуы керек деп мәлімдеді.

Отырыста Н.Ә. Назарбаев осы қызметте Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовты ауыстырып, кезекті мерзімге төрағалық етуші болып сайланды.

Саммит қорытындысы бойынша ОАЫ-ға мүше мемлекеттер басшыларының Бірлескен мәлімдемесі қабылданды, сондай-ақ терроризмге, экстремизм мен есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрестегі әрекеттерді үйлестіруді күшейту туралы және «Орталық Азия экономикалық қоғамдастығы» ұйымының құқықтық-шарттық базасын түгендеуді аяқтау туралы шешімдер бекітілді.



«Орталық Азия ынтымақтастығы» ұйымы (ОАЫ) — халықаралық өңірлік ұйым.
2002 жылғы 28 ақпанда Алматы қаласында ОАЫ құру туралы шартқа қол қойылды. Жаңа құрылым 1994 жылы құрылып, қазірде таратылған «Орталық Азия экономикалық қоғамдастығы» (ОАЭҚ) ұйымының құқығын иеленуші бол-

ды. ОАЫ құрамына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан енді.

2004 жылғы 18 қазанда ОАЫ-ға Ресей қосылды.

Мемлекет басшылары мен премьер-министрлерінің кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Ұлттық үйлестірушілер комитеті және Қауіпсіздік қызметі мен әлеуетті құрылымдары басшыларының тұрақты кеңесі ОАЫ органдары болып табылады.

2005 жылғы 6 қазанда Санкт-Петербург қаласында өткен ОАЫ саммитінде ОАЫ-ны ЕурАзЭҚ-қа қосу туралы шешім қабылданды.

7 шілде

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Франция Республикасының Қорғаныс министрі М. Аллио-Мариді қабылдады.

Кездесу барысында тараптар қазақстандық полигондарда бірлескен әскери оқуларды өткізу мүмкіндігін талқылады, сондай-ақ Ауғанстан мен Ирак айналасындағы ахуал туралы пікір алмасты.



Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында ЕҚЫҰ төрағасы — Нидерланды Корольдігінің Сыртқы істер министрі Я. Схефферді қабылдады.

Әңгіме экономикалық және саяси реформалардың барысына, сайлау заңнамасын жетілдіру мәселелеріне, Қазақстандағы ҰЕҰ мен БАҚ-тардың алатын орнына, ЕҚЫҰ-мен одан әрі ынтымақтастық орнатудың келешегіне арналды.



8 шілде

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры Т.И. Есполовты қабылдады. Ол университет негізінде өткізілген ТМД елдері ауыл шаруашылығының ЖОО ректорлары кеңесінің қорытындысы туралы баяндап берді.

Кездесу барысында сондай-ақ аграрлық сектор үшін кадрларды даярлау мәселесі және білім, ғылым мен өндірісті ауыл шаруашылығы саласына интеграциялау жолдары қаралды.



Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасының басшысы, мүфти Ә. Дербісәліні қабылдады. Ол Қазақстанның барлық конфессияларының

арасындағы достық пен өзара түсіністікті нығайту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс туралы хабарлады.

Одан басқа, имамдарды дайындау, біліктілігін арттыру және аттестациялау мәселелері қозғалды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Орман кодексі» №477-II, «Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №478-II, «Жер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы» №479-II заңдарына қол қойды.

9 шілде

Мемлекет басшысы Иран Ислам Республикасының Президенті М. Хатамимен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында тараптар екі елдің Каспийдегі ынтымақтастығын кеңейту келешегін, «Солтүстік-Оңтүстік» көлік дәлізін пайдалануды талқылады және Каспий бойы мемлекеттері басшыларының жоғары деңгейдегі кездесулерін жандандыру үшін пікірлерін ортаға салды. Сондай-ақ өңірдегі қауіпсіздік, атап айтқанда, жаппай қырып-жою қаруын таратпау және терроризмге қарсы күрес мәселелері де қозғалды.

Н.Ә. Назарбаев Иран мәселесі өзінің бейбіт шешімін табады деген сенім білдірді.

Әңгімелесудің соңында М. Хатами Н.Ә. Назарбаевты Иранға ресми сапар жасауға шақырды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне толықтырулар енгізу туралы» №480-II, «Қазақстан Республикасының Су кодексі» №481-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне вексель айналысы, ақша төлемі мен аударымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2003 жылғы 9 шілдедегі №482-II заңдарына қол қойды.

10 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстанға Орталық Азия елдері бойынша турне жасау шеңберінде ресми сапармен келген НАТО бас хатшысы Дж. Робертсонды қабылдады.

Кездесу барысында есірткінің заңсыз айналымына қарсы күресте өзара әрекет ету мәселелері, сұрапыл апаттардың салдарын жою жөніндегі бірлескен



жобаларды іске асыру және әскери-техникалық саласындағы ынтымақтастық мәселелері қозғалды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу мен қадағалаудың бірыңғай жүйесін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №483-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының мәртебесі мен өкілеттігі туралы» №1148, «Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» №1149, «Қазақстан Республикасының аудандық және оларға теңестірілген соттарының судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облыстық сотының судьясы қызметінен босату туралы» №1150 жарлықтарына қол қойды.

11 шілде

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Новосибирск қаласында ашылған Қазақстан мен Ресей жас-тары фестивалінің қатысушыларына сәлем жолдады.

«Ресей-Қазақстан қатынастары сендердің әкелерің мен аталарыңның еңбегі арқасында қаланған өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың мықты іргетасына негізделеді», — делінген жолдауда. Президент осы заманғы ресейліктер мен қазақстандықтардың жас буын өкілдері сол тамаша дәстүрлерді сақтап қана қоймай, екі елдің бауырлас халықтарының арасындағы достық, тату көршілестік пен серіктестік ісіне өз үлестерін қосып, оларды толықтыра түсетініне сенім білдірді.

15 шілде

Мемлекет басшысы Франция Республикасының Президенті Ж. Ширакпен телефон арқылы сөйлесті.

Тараптар Н.Ә. Назарбаевтың 2003 жылғы 30 маусым күні Францияға жұмыс сапары барысында қол жеткізген уағдаластықтардың іске асырылу барысын талқылады.

16 шілде

Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасының Федералды канцлері Г. Шредермен телефон арқылы сөйлесті.



Әңгімелесу барысында неміс компанияларының Алматы қаласында ақпараттық технологиялар паркін құру жөніндегі жобасын іске асыру, сондай-ақ германдық «Гермес» қоры мен Қазақстанның экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік корпорациясының техникалық көмек көрсету және кредиттерді бірлесіп сақтандыру мәселелері қаралды. Одан басқа, тараптар Орталық Азиядағы қауіпсіздік пен терроризмге қарсы күрес мәселелерін талқылады.

Әңгіменің соңында Н.Ә. Назарбаев ГФР Канцлерін Қазақстанға ресми сапар жасауға шақырды.

19 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Иран Ислам Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі М. Саффариді қабылдады.

Кездесуде екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелері, сондай-ақ Н.Ә. Назарбаевтың Иранға жасайтын ресми сапары талқыланды.

20–27 шілде

Мемлекет басшысы қысқа мерзімді демалыста болды.

23 шілде

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Австрия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Р.М. Әлиевті Қазақстан Республикасының Македония Республикасындағы, Сербия және Черногория Одақтас Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №1151 Жарлығына қол қойды.

26 шілде

Мемлекет басшысы Украинаның Президенті Л.Д. Кучмамен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгіме барысында тараптар Украинаға қазақстандық бидайды жеткізу мәселесін, сондай-ақ 2003 жылғы 19 қыркүйекте Ялта қаласында өтетін ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысына дайындық барысын талқылады.

29 шілде

Мемлекет басшысы Астана қаласында Есіл өзенінің сол жақ жағалауындағы салынып жатқан бірқатар нысандарды қарап шықты.



Атап айтқанда, Президент резиденциясы, Үкімет, Парламент Сенаты мен Мәжілісі ғимараттары құрылысының барысымен танысты.

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Премьер-министрі Р.Т. Эрдоғанмен телефон арқылы сөйлесті.

Оның барысында тараптар Қазақстан-Түркия үкіметаралық комиссиясының кезекті отырысын өткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізді, сондай-ақ Ирак пен Ауғанстандағы шиеленіскен жағдайға байланысты өңірдегі қауіпсіздік мәселелерін де қозғады.

Әңгімелесу соңында Н.Ә. Назарбаев Р.Т. Эрдоғанды Қазақстанға ресми сапар жасауға шақырды.



Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу кезінде Ресейдегі Қазақстан жылын өткізу барысы; Беларусь, Қазақстан, Ресей және Украина құрамындағы БЭК құру бойынша Жоғары дәрежелі топтың ағымдағы жұмысының қорытындысы; Каспийді бөлу жөніндегі келіссөздер үдерісінің жағдайы және Каспий бойы мемлекеттері басшыларының кезекті кездесу өткізу мүмкіндігі, сондай-ақ В.В. Путиннің 2004 жылғы қаңтарда Қазақстанға жасайтын ресми сапарына дайындық мәселелері талқыланды.

30 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Д.К. Ахметовті қабылдады. Ол елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2003 жылғы бірінші жартыжылдығындағы қорытындылары туралы баяндап берді.

Кездесу барысында сондай-ақ мұнай-газ кешенін жаңғырту, темір жолды қайта құрылымдау, телекоммуникация жүйесін либералдау, электр энергиясын бөлшектап сату нарығын қалыптастыру, аграрлық секторды дамыту, дәнді-дақылдар қорын құру, Астана қаласы құрылысын қарқындату және сапасын жақсарту, зейнеткерлерді әлеуметтік қорғау деңгейін арттыру мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы Г.А. Марченконы қабылдады. Ол 2003 жылдың бірінші жартыжылдығындағы банк

жұмысының қорытындылары туралы, сондай-ақ теңгенің 10 жылдығына арналған 2003 жылғы қараша айында жоспарланып отырған халықаралық қаржы конференциясына дайындық барысы туралы есеп берді.

Мемлекет басшысы «Қарашығанақ Петролеум оперейтинг б.в.» компаниясының бір топ қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №1152, «К.В. Жигаловты Қазақстан Республикасының Бельгия Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1153, «Т.С. Сүлейменовті Қазақстан Республикасының Польша Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1154, «М. Шаханов туралы» №1155, «Ө.Ө. Өзбековті Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1156 жарлықтарына қол қойды.

31 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Р.Т. Түсіпбековті қабылдады. Ол прокуратура органдарының 2003 жылдың бірінші жартыжылдығындағы жұмысының қорытындылары туралы баяндап берді.



Мемлекет басшысы «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» ЖАҚ президенті Е.Д. Атамқұловты қабылдап, компанияның 2003 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қызметінің қорытындылары туралы есебін тыңдады.

Президент темір жолды қайта құрылымдау бағдарламасын іске асыру бойынша бірқатар тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының медальдары туралы» №1157, «Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның құрамындағы өзгерістер туралы» №1158 жарлықтарына қол қойды.

ТАМЫЗ



Дс		4	11	18	25
Сс		5	12	19	26
Ср		6	13	20	27
Бс		7	14	21	28
Жм	1	8	15	22	29
Сн	2	9	16	23	30
Жк	3	10	17	24	31



1 тамыз

Мемлекет басшысы Батыс Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болып, онда Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орнындағы «Қарашығанақ — Үлкен Шаған — Атырау» құбыры мен өңдеу кешенінің ашылу рәсіміне қатысты.

Мемлекет алдындағы қызметі және Қарашығанақ кен орнын игерудегі айрықша үлесі үшін Н.Ә. Назарбаев кәсіпорынның бір топ қызметкерлерін ордендер және медальдармен марапаттады.

Н.Ә. Назарбаев Қарашығанақтағы үйлесімді жұмыстың бағалы тәжірибесі, сондай-ақ алдыңғы қатарлы технологияларды қолдану елдің басқа да кен орындарында пайдаланылатын болады деп атап көрсетті.



2 тамыз

Мемлекет басшысы Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында «Сұңқар» жағалауда жүзу шекаралық қатерлерін және «Бүркіт» сериясымен шекаралық кемелерді шығаруға маманданған «Зенит» Орал зауыты» ААҚ-ға барды.

Содан соң Президент Зеленов ауданының «Каркула» және Тасқала ауданындағы «Өсімтал» шаруа қожалықтарында болды.

Жұмыс сапарының соңында Н.Ә. Назарбаев Тасқала ауданының әкімшілік орталығы Каменка кентінде облыстың агроөнеркәсіптік кешенінің қызметкерлерімен кеңес өткізді. Президент кеңесте сөйлеген сөзінде сумен қамсыздандыру, автомобиль жолдары, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу мәселелерін шешуге бағытталған ауылды өркендетудің ұш жылдық міндеттеріне егжей-тегжейлі тоқталып өтті.

4 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Украинаның Премьер-министрі В.Ф. Януковичті қабылдады.

Келіссөздер барысында қазақстандық бидайды Украинаға жеткізу шарттары, газ және мұнай кен орындарын бірігіп игерудің келешегі, Қазақстанның Украинадағы көлік инфрақұрылымын дамыту, атап айтқанда, «Одесса-Броды» мұнай құбырының параллель жүйесін салу және «Дружба» мұнай құбырының жекелеген учаскелерін жаңарту жөніндегі жобаларға қатысу мүмкіндігі талқыланды.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Ж.Ә. Құлекеевті қабылдады. Ол білім беру жүйесінің сапасын жетілдіру шаралары, оның ішінде ЖОО-ларда тәуелсіз сараптау комиссиясының екінші курс қорытындылары бойынша студенттерді міндетті аттестациядан өткізу негізінде аралық бақылау енгізу туралы баяндап берді.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Қ.Ш. Сүлейменовті қабылдады. Ол елдегі ағымдық шұғыл жағдай туралы, ІІМ-нің 2003 жылдың бірінші жартыжылдығындағы жұмыс қорытындылары, 2003 жылдың қыркүйек айында өтуі жоспарланып отырған мәслихаттарға сайлау мен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезі кезінде құқық бұзушылыққа жол бермеу бойынша алдын алу шаралары туралы баяндап берді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 24 қазандағы №713 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1159 Жарлығына қол қойды.

6 тамыз

Мемлекет басшысы 2003 жылдың бірінші жартыжылдық қорытындылары бойынша Қазақстанның бірқатар облыстарының әкімдерімен жұмыс кездесулерін өткізді.

Атырау облысының әкімі А.Е. Мусин Каспий теңізінің түбін игеру бойынша бағдарламаның іске асырылу барысы туралы, «Chevron-Техасо» компаниясының екінші буын зауытын салуы және М. Өтемісовтің 200 жылдығын тойлауға дайындық барысы туралы баяндады.

Павлодар облысының әкімі Қ.А. Нұрпейісов облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі қорытындылары және ауылды қолдау бағдарламасының іске асырылу барысы туралы ақпарат берді.

Ақтөбе облысының әкімі Е.Ж. Имантаев облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайының негізгі көрсеткіштері мен индустриялық бағдарламасының іске асырылу барысы туралы мәлімдеді.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесінің құрамына өзгерістер енгізу туралы» №1160 Жарлығына қол қойды.

7 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысына төрағалық етті.

Отырыста елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен 2003 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қаржы жүйесі жұмысының қорытындылары, сондай-ақ алдағы уақытқа қойылған міндеттер қаралды.

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Д.К. Ахметов, Ұлттық банкінің төрағасы Г.А. Марченко, сондай-ақ бірқатар министрлер мен облыс әкімдері баяндама жасады.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан облыстарының, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен жұмыс кеңесін өткізді.

Президент өңір басшыларының алдында Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын және мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасын іске асыру аясында міндеттер қойды, сондай-ақ ауылдарды сумен қамтамасыз ету, автокөлік жолдарының құрылысы, астық жинау науқанына, келе жатқан жылыту маусымына дайындық мәселелеріне баса назар аударды.



Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы Қаулысымен қабылданды.

Атап айтқанда, тұжырымдамада:

- биліктің әртүрлі деңгейлерінің арасындағы қызмет түрлерін, функциялары мен жауапкершілігін нақты ажырату;
- жергілікті өкілетті органдардың жергілікті мәселелерді шешудегі өкілеттіктерін кеңейту;
- орталықтың жекелеген функциялары мен өкілеттіктерін, ең алдымен, шаруашылық саласындағы, сондай-ақ кейбір бақылау-қадағалау функцияларын жергілікті деңгейге беру арқылы жергілікті өкілетті органдардың өкілеттігін кеңейту;
- басқарудың барлық деңгейлеріне өз бюджеттерін бөліп беру көзделген.

8 тамыз

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Ресей Федерациясының Төтенше және Өкілетті Елшісі В.С. Бабичевтен сенім грамотасын қабылдады.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 25 наурыздағы №575 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» №1161 Жарлығына қол қойды.

11 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі А.Б. Самақованы қабылдады. Ол табиғатты қорғау саласындағы нормативтік-құқықтық базасына министрліктің жасаған тексеру қорытындысы туралы баяндады.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің төрағасы Б.М. Сапарбаевты қабылдады. Ол агенттіктің 2003 жылғы 7 айы ішіндегі қызметі туралы баяндап берді.

Президент кеден органдарындағы тәртіпті нығайту және сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы күресті күшейту қажеттігін атап көрсетті.

Мемлекет басшысы «Сингапур Республикасында Қазақстан Республикасының Дипломатиялық миссиясын ашу туралы» №1162 Жарлығына қол қойды.

12 тамыз

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Келе сала Президент бірден «Үлбі металлургиялық зауыты» ААҚ аумағында облыс активімен кеңес өткізді.

Н.Ә. Назарбаев Шығыс Қазақстан облысының әкімі Т.Ж. Абайділдиннің, жетекші өнеркәсіп кәсіпорындары — «Үлбі металлургиялық зауыты» ААҚ, «Қазмырыш» ААҚ, «Алтын Аймақ» ЖАҚ, «Қазақмыс» Корпорациясы» ААҚ-ның «Шығысқазмыс» филиалы басшыларының есептерін тыңдады.

Активтің алдында сөйлеген сөзінде Президент елді ДСҰ-ға кіруге және мықты бәсекелестік жағдайындағы жұмысқа дайындық алдағы кезеңнің негізгі міндеті екенін атап көрсетті. Оның сөзі бойынша, дәл осыған облыстың барлық кәсіпорындарының негізгі күші бағытталуы керек.

Сол күні Мемлекет басшысы жаңа «Даниэль» супермаркетін аралап көрді, сүт және кондитер өнімдерінің кең ассортиментін шығаратын «Эмиль» ЖШС-ға барды және қала аймағына соқпай, оның оң жақ өнеркәсіптік жағалауын республикалық қатынастағы тас жолмен байланыстырып, Үлбі өзені арқылы өтетін жаңа автожол көпірінің ашылу рәсіміне қатысты.

13 тамыз

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында 2003 жылғы наурыз айынан «Нива» автокөлігін шығара бастаған Өскемен қаласындағы «Азия Авто» ЖАҚ алғашқы отандық автомобиль жинау зауытына барды.

Президент цехтарды қарап шығып, автокөліктердің біреуінің рөліне отырды. Зауыт басшылығы Н.Ә. Назарбаевқа алғашқылардың қатарында жиналған автокөлікті сыйға тартты.



«Азия Авто» автомобиль жинау зауыты 2003 жылы пайдалануға берілді. 2003 жылдың наурыз айында зауыт конвейерінен «Нива» автокөліктері шықты. 2005 жылдың орта кезінен бастап зауыттың модельдік қатары «Шкода Октавия» автокөліктерімен толықты. 2007 жылдың маусым айынан кәсіпорын «Шевроле» маркалы автокөліктердің үш моделін жинауға кірісті.

Сол күні Мемлекет басшысы Семей қаласына барып, онда қалалық аквапарктің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты, Қазақстандағы алкогольді және алкогольсіз өнімдерді шығарушылардың ең ірісі «Семей су» ЖАҚ шыны зауытында болды.

Күн соңында Мемлекет басшысы Курчатов қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығына барды.

Орталыққа барғанда Н.Ә. Назарбаев орталық негізінде ядролық станция құрумен айналысатын технопарк құрылатынын мәлімдеді. Бұл ретте, Президент бұрынғы полигонның радиозкологиялық жағдайына айрықша назар аударды және ауданы 1 млн. гектардан астам Қазақстан жерінің үлкен аумағы көптеген жылдардан бері айналымнан шығарылып тасталғанын атап өтті. «Әлі күнге біз әлемдік, ең алдымен ресейлік қоғамдастықты Семей ядролық полигонының қызметі Қазақстанға үлкен шығын әкелгеніне сендіре алмай келеміз», — деді Н.Ә. Назарбаев. Енді оның сөзіне сәйкес, бұл бағытта көп іс тындыру қажет.



Ұлттық ядролық орталық Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 15 мамырдағы Жарлығымен бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының кешені және ел аумағында орналасқан сәйкесті ғылыми ұйымдар мен нысандар негізінде құрылды. Ұлттық ядролық орталық қызметінің негізгі саласы Қазақстан аумағында ядролық қаруды сынау салдарын жою, Қазақстанда атом энергетикасын дамыту үшін ғылыми-техникалық, технологиялық және кадрлық базасын құру, Семей полигонының бұрынғы әскери-өнеркәсіптік кешенін конверсиялау, оның ғылыми-техникалық әлеуетін республика мүддесі үшін пайдалану болып табылады.

15 тамыз

Мемлекет басшысы еңбек ардагері, Қарағанды қаласының құрметті азаматы С. Досмағамбетовті қабылдады.

Мемлекет басшысы Қазақстанға Беларусь, Қазақстан, Ресей және Украина арасында Бірыңғай экономикалық кеңістік құру бойынша Жоғары деңгейлі топтың VII отырысына қатысу үшін келген делегациялардың жетекшілерін қабылдады.

Кездесуге қатысушылар Президентке 2003 жылғы 19 қыркүйекте Ялта қаласында өтетін ТМД мемлекеттері басшыларының отырысына негізгі құжаттар пакетін дайындау барысы туралы мәлімдеді және Біртұтас экономикалық кеңістік (БЭК) құру туралы Тұжырымдама мен Келісім жобаларын, сондай-ақ тиісті іс-қимыл жоспарын ұсынды.

Президент ТМД елдері үшін БЭК маңызын атап көрсете отырып, атқарылған үлкен жұмыс үшін алғыс білдірді.

Мемлекет басшысы «Р. Лугарды және С. Нанның I дәрежелі «Достық» орденімен наградтау туралы» №1163, «Яо Пэйшэнді II дәрежелі «Достық» орденімен наградтау туралы» №1164, «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы» №1165 жарлықтарына қол қойды.

17 тамыз

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы «Қазақстан» спорт кешенінде өткен Қазақстан Республикасы Президентінің кубогына волейболдан X халықаралық турнирдің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

18 тамыз

Мемлекет басшысы «Хабар» агенттігі директорлар кеңесінің төрайымы Д.Н. Назарбаеваны қабылдады. Ол агенттік қызметі туралы, сондай-ақ 2002 жылғы қазан айында ашылған «CaspioNet» ұлттық жерсеріктік телеарнасы қызметінің алғашқы қорытындылары туралы ақпарат берді.



Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі Қ.Ы. Нағмановты қабылдады. Ол темір жол және автомобиль жолдары құрылысының барысы туралы баяндады.



Мемлекет басшысы «Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» №1166, «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының құрылымы туралы» №1167, «Азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы 1996 жылғы 17 қыркүйектегі шартқа Хаттамаға қол қою туралы» №1168 жарлықтарына қол қойды.

19 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасы Қ.Ә. Мәмиді қабылдады. Ол 2003 жылдың бірінші жартыжылдық қорытындылары бойынша соттардың қызметі туралы ақпарат берді.



Кездесу барысында Жоғарғы сот жанындағы Сот академиясының негізінде ЖОО-лардан кейін кандидаттарды судьялыққа дайындау үшін арнайы магистратура ашу, алқабилер сотын енгізуге дайындық мәселелері мен Астана қаласының сол жағалауындағы Жоғарғы соттың жаңа ғимараты құрылысының барысы талқыланды.

Мемлекет басшысы өзінің астаналық резиденциясында Қазақстанның бір топ мәдениет қайраткерлерін қабылдап, оларға Астана қаласындағы жаңа пәтерлердің кілттерін табыс етті.

Президент қолынан пәтер кілттерін сазгер Е.Р. Рахмадиев, жазушы С.Н. Жүнісов, балетмейстерлер Қ.Е. Ағымбаева және Т.Ә. Нұрқалиев, киносценарияшы Б.Ф. Қайырбеков, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген әртіс Б. Жұмағұлов алды.

«Егер мәдениет пен өнер дамымаса, мәдениет сарайлары жұмыс істеп тұрмаса, жаңа қайраткерлердің аттары шықпаса, астана ел ордасына айналмайды», — деп атап көрсетті Н.Ә. Назарбаев.



Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласында салынып жатқан бірқатар жаңа нысандарды аралап көрді, олардың қатарында цирк, Дөңгелек алаң және «Сулы-жасыл бульвардағы» әкімшілік-тұрғын үй кешені де бар.

Мемлекет басшысы «Б.Н. Нарбаев туралы» №1169, «Б.Ө. Исабаевты Қазақстан Республикасының Пәкстан Ислам Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1170, «Б.Ө. Исабаевқа II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1171 жарлықтарына қол қойды.

20 тамыз

Мемлекет басшысы өзінің астаналық резиденциясында Қазақстан халықтары Ассамблеясының қызметі туралы мәселелер бойынша жұмыс кеңесін өткізді.

Кеңес күн тәртібінің негізгі мәселесі ұйымның жаңа деңгейге өтуі мақсатында одан әрі дамуының жолдары мен келешегін талқылау болды. Одан басқа, 2003

жылғы 23 желтоқсанда өтетін Қазақстан халықтары Ассамблеясының X сессиясына дайындық мәселелері қаралды.



Қазақстан халықтары Ассамблеясы 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылған.

Этникааралық мәселелер жөніндегі қоғамдық институтты құру идеясын алғаш рет Мемлекет басшысы 1992 жылы Қазақстан халықтарының форумында жариялаған болатын. Ассамблея міндеттері Қазақстанда этникааралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету, рухани мәдени жаңаруға және оның аумағында өмір сүретін этностарды теңқұқылық принципін сақтау негізінде дамытуға жәрдемдесу, этникалық мүдделердің көптірлілігін ескере отырып, мемлекеттік ұлттық саясатты жүргізу бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Ассамблея құрылымына сондай-ақ барлық облыс орталықтары мен Астана және Алматы қалаларында әрекет ететін және әкімдер жанында консультативтік кеңесші орган мәртебесін иеленген Кіші Ассамблеялар да кіреді.

2007 жылғы 21 мамырда «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға сәйкес, Қазақстан халықтары Ассамблеясы Қазақстан халқы Ассамблеясы болып өзгертілді, конституциялық мәртебеге ие болды, өздерінің өкілдерін Парламент Мәжілісіне ұсынуға мүмкіндік алды.

2007 жылғы 20 тамызда Ассамблеядан Мәжіліске 9 депутат сайланды.

2008 жылдың қазанында «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы — Н.Ә. Назарбаев.

Мемлекет басшысы БҰҰ бас хатшысы К. Аннанға Бағдад қаласында болған террористік әрекет салдарынан Ирактағы БҰҰ бас хатшысының арнайы өкілі С. де Меллоның және БҰҰ-ның басқа да қызметкерлерінің қаза болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Өздерін гуманитарлық көмек көрсету мен Ирактағы қақтығыстан кейінгі қалпына келтіру жұмыстарына арнаған адамдарға қарсы бағытталған қатыгездік актісі терроризмнің дүниежүзілік қоғамдастық негіздерін жою мақсатын көздейтін зұлымдық екенін тағы да дәлелдей түседі. Бұл қайғылы оқиға терроризммен күресте келісілген шаралар қабылдау қажеттігін көрсетеді», — делінген жеделхатта.

Президент БҰҰ-ның Иракта жүргізіп жатқан жұмысын толығымен қолдайтынын атап айтты және оның осы елдегі қызметін бұдан әрі де жан-жақты қолдайтынын айтты.

21 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Қытай Халық Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Яо Пэйшэнді дипломатиялық миссиясының аяқталуына байланысты қабылдады.

Президент дипломаттың жұмысына жоғары баға беріп, достық қатынастарды нығайтуға қосқан үлесі мен Қазақстан және Қытай арасындағы екіжақты ынтымақтастықты дамытудағы қызметі үшін оны II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.



1

2



3



«Достық» ордені 1995 жылы шығарылған. Екі дәрежесі бар. Онымен қоғамда өзара келісімді сақтау бойынша жемісті еңбек еткен, халықтар арасындағы бейбітшілік, достық және ынтымақтастықты нығайтуға айрықша үлес қосқан қазақстандық және шетелдік азаматтар марапатталады.

I-ші дәрежелі «Достық» ордені жұлдыздан (1-сурет) және аспалы лентаға тағылған орден белгісінен (2-сурет), II-ші дәрежелі «Достық» ордені — тақташасындағы белгіден (3-сурет) тұрады.

Мемлекет басшысы «Қазақстанның даму банкі» ЖАҚ президенті Қ.Б. Шалғымбаевты қабылдады. Ол 2003 жылдың бірінші жартыжылдығындағы банк қызметінің қорытындылары туралы баяндап берді.

Президент банк алдына Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру аясында бірқатар міндеттер қойды.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанның орта және ірі бизнес өкілдерімен кездесті.

«Интергаз Орталық Азия» ЖАҚ Тарифтік саясат пен салық салу департаментінің директоры А. Әбілов, «Семейцемент» ЖАҚ директорлар кеңесінің төрағасы Е.Н. Әпсәлямов, «Атырауқұрылысмонтажсервис» ЖШС құрылтайшы-директоры А.О. Жұбанов, «Байуақов ТВК-6» семейлік жеке меншік телекомпаниясының бас редакторы және «Спектр» газеті бас редакторының орынбасары М.М. Калачян, «URSUS Со» компа-

ниялар тобының директорлар кеңесінің төрайымы З.М. Нұрмұханова ағымдағы істері, проблемалары және жоспарларымен бөлісті.

Н.Ә. Назарбаев кездесудің қорытындысын жасап, өткен пікір алмасу үшін ризашылық білдірді, оған қатысушыларға қазақстандық қоғамның гүлденуі жолында табыс тіледі.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының аудандық және оларға теңестірілген соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату, сондай-ақ Қызылорда облыстық сотының және Қазақстан Республикасы Әскерлерінің әскери сотының судьялары қызметінен босату туралы» №1172, «Әскери білім беру жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №1173, «Т.С. Қабдырахмановты Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1174 жарлықтарына қол қойды.

22 тамыз

Мемлекет басшысы «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» алқасымен наградтау туралы» №1175 Жарлығына қол қойды.

25 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы облысында жұмыс сапарымен болды.

Облыстың әкімшілік орталығы Талдықорған қаласына келісімен, Президент Қаратал өзенінің жағалауындағы демалыс аймағына барды және сонда орналасқан аквапаркпен танысты.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев Алматы облысы Ішкі істер басқармасының жаңа ғимаратын қарап шықты. ҚІБ-ға барғанда Президентке велосипедті, атты және мотоциклді полиция бөлімшелері, «Арлан» арнайы бөлімшесі көрсетілді, сондай-ақ ҚІБ мен облыстың барлық аудандық орталықтарында енгізіліп жатқан адамды биометрикалық сәйкестендіру бағдарламасының тұсаукесері өтті.

Осыдан кейін Мемлекет басшысы қала тұрғыны, көпбалалы отбасының анасы, зейнеткер, барлық еңбек өтілін қызылша өсіруге арнаған және тоғыз бала тәрбиелеп өсірген Т. Омарбекованың үйінде қонақта болды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Ескелді ауданына барып, облыстың ірі көпсалалы жетекші шаруашылықтарының бірі — «Хильниченко және К» командиттік серіктестігінде болды және ауылшаруашылық өнім өндірушілерімен кеңес өткізді.

Президент ауыл шаруашылығы Қазақстанның нарықтық экономикасын дамытудағы екінші аса маңызды локомотиві болып табылатынын мәлімдеді.

26 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы облысына жұмыс сапары барысында Қарасай ауданындағы «Эфес Қарағанды сыра қайнату зауыты» ЖК ЖАҚ Алматы филиалының ашылу рәсіміне қатысты; Іле ауданындағы шарап жасау және көкөніс-жемісті өнімдер үшін шыны ыдыстарын шығаруды маманданған «САФ» шыны компаниясы» ААҚ зауытына барды; Талғар ауданындағы «Дехан» ӨК қантты қызылша алқаптарын және Еңбекшіқазақ ауданындағы «Қазэксим» ЖШС-ның жүгері алқаптарын аралап көрді.

27 тамыз

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстан халықтары Ассамблеясы кеңесінің мүшелері — ұлттық мәдени орталықтардың жетекшілерін қабылдады және оларға президенттік гранттарды табыс етті.

Мемлекет басшысы ұлттық мәдени орталықтардың жетекшілеріне жемісті жұмыстары үшін алғыс айтып, елдің қоғамдық өміріне белсенді қатысуға шақырды.

Мемлекет басшысы «Көшпенділер» көркем фильмінің Қазақстан-американдық бірлескен түсірілімі жүріп жатқан Алматы қаласының түбіндегі түсіру алаңына барды.

«Жаңа фильм біздің — қазақтардың кім екенін, қайдан шыққанымызды, тамырымыз қайдан өрбитінін әлемге паш етуі керек. Ата-бабамыздан қалған мұраны біліп, жерді, байлықты сақтап, ұрпақтарымызға мирас етіп қалдыруымыз керек», — деп атап көрсетті Н.Ә. Назарбаев.



«Көшпенділер» көркем фильмі — Қазақстан, АҚШ, Ресей кинематографистерінің бірлескен ауқымды жобасы болып табылады, онда қазақ халқының

жоңғар шапқыншылығына қарсы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты XVIII ғасырдағы оқиғалар баяндалған. Фильмнің режиссерлері — И. Пассер мен С. Бодров (үлкені). Басты рөлдерде отандық, сондай-ақ шетелдік актерлер ойнады. Олардың ішінде — Т. Жаманқұлов, Д. Жолжақсынов, А. Есмағамбетова, Д. Ахмадиева, М. Дакаскос, К. Бекер, Дж. Эрнандес, Дж. Скотт Ли және басқалар бар.

28 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен теңізге шықпайтын дамушы елдер, транзитті дамушы елдер, донор-елдер министрлерінің және қаржыландыру мен дамыту мәселелерімен айналысатын халықаралық мекемелер өкілдерінің халықаралық конференциясына қатысты.

БҰҰ аясында оның Бас Ассамблеясының 2002 жылғы қабылдаған шешіміне сәйкес ұйымдастырылған конференция транзитті тасымалдау саласындағы ынтымақтастық мәселелеріне арналды. Оның қорытындылары бойынша құрлық іші елдеріне негізгі теңіз порттарына және әлемдік нарыққа жеңілрек қол жеткізуге құқық беретін Алматы әрекет ету бағдарламасы мен Алматы декларациясы қабылданды.

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Ресей Федерациясы Президентінің экономикалық мәселелер бойынша кеңесшісі, Ресей Федерациясының іс басындағы мемлекеттік кеңесшісі А.Н. Илларионовты қабылдады және онымен Қазақстан мен Ресейдегі экономикалық реформалардың барысын талқылады.



Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Ливия Республикасының Премьер-министрі Р. Әл-Хариди қабылдады.

Кездесу барысында екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1176, «Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы» №1177, «Қазақстан Республикасының Президенті

жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтын қайта ұйымдастыру туралы» №1178, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 25 желтоқсандағы №530 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1179 жарлықтарына қол қойды.

29 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Президентінің кубогына теннистен XII халықаралық турнирдің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Турнирге Қазақстан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан спортшылары қатысты.

Президент біліктілік кездесулері кезінде ойын ойнап, жарысқа қатысушылармен әңгімелесті.


30 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Жамбыл ауданына барды және Көкбастау ипподромында Қазақстан Республикасы Президентінің кубогына ат спортының ұлттық түрлері бойынша жарыстарды ашты.

ҚЫРКҮЙЕК



Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	



1 қыркүйек

Мемлекет басшысы Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі Премьер-министрінің арнаулы өкілі лорд М.А. Левиді қабылдады. Ол Н.Ә. Назарбаевқа Т. Блэрдің жеке жолдауын жеткізді.

Кездесу барысында Ауғанстан мен Ирактағы жағдай және оны тұрақтандыруға Қазақстанның қатысуы туралы пікір алмасу болды.

2 қыркүйек

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Ислам даму банкі Басқарушылары кеңесінің жыл сайынғы XXVIII жиналысына қатысты.

Форум жұмысына Ислам даму банкіне мүше 54 мемлекеттен қаржы, экономика және жоспарлау министрлері, сондай-ақ басқарушылар, ұлттық қаржылық даму институттары мен халықаралық ұйымдардың өкілдері, дипломаттар қатысты.

Н.Ә. Назарбаев сөйлеген сөзінде Қазақстан банк капиталына қатысу үлесін ұлғайтуға әзір екенін мәлімдеді және Қазақстан мен ИДБ-ның бұдан былай да ең алдымен көлік, коммуникациялар, транзит, шағын және орта бизнесті несиелеу салаларындағы ынтымақтастығы жалғасатынына сенім білдірді.

Форум аясында пошта қызметін жаңарту және пошта-жинақтау жүйесін қалыптастыру жобаларын іске асыруға, Қарағанды облысындағы ауылдарды сумен қамтамасыз ету жүйесін қалпына келтіруге және Астана қаласындағы Қазақ гуманитарлық-заң университетінің жаңа ғимаратының құрылысына Қазақстанға 90 млн. доллардан астам сомаға үш жаңа займ беру туралы келісімге қол қойылды.

Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласына келіп, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысына қатысты және екінші шақырылған Парламенттің V сессиясын ашты.

Президент депутаттарға атқарылған жұмыстары үшін алғысын білдірді. «Осы кезең ішінде Парламент қабырғасында 96 заңнамалық актілер жасалды, олардың қатарында үш негізгі кодекс — Кеден, Орман және Су кодекстері бар», — деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев. Мемлекет басшысы Жер кодексінің қабылдануын айрықша атап айтты, оның арқасында елде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншік енгізілді.



Алдағы кезеңде басым болып танылатын заң жобаларын белгілей отырып, Президент елде «бір тере-зе» принципін енгізуге бағытталған Бюджет кодексінің жобасына, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу тура-лы» заң жобасына, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік басқару мәселелері бойынша заңнамаға енгізілетін өзгерістерге депутаттардың назарын аударды.

«Алда болатын сессия, мен айтып өткендей, негізінен парламенттік сайлаулар алдындағы соңғы сессия болып табылады. Сайлау науқаны да алыс емес. Сондықтан да сіздерден сұрайтыным, сай-лауалды мүдделер заңшығарушылық жұмысқа өз әсерін тигізбеуі керек. Заңдарды қарау кезінде ең алдымен біздің стратегиялық міндеттер мен жалпы мемлекеттік мүдделерді ескеру қажет», — деп сөзін қорытындылады Президент (Қосымшаны қараңыз).



3 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қостанай облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент түбегейлі жөндеуден кейін есігін қайта ашқан Қостанай қаласындағы С. Мәуленов атындағы қазақ гимназиясына; діндар қауымның қаражатына салынған Константин-Еленин православиелік шіркеуіне; «Енисей» және «Руслан» астық жинау комбайндарын шығаратын «Агромашхолдинг» ААҚ Қостанай дизель зауытына барды, сондай-ақ Қостанай ауданындағы «Заречное» тәжірибелік шаруашылығы» РМК алқаптарын аралап көрді.



4 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қостанай облысына жұмыс са-пары барысында Қостанай гольф-клубы құрылысының барысымен танысты, содан соң Соколов, Сарыбай, Қашар темір кен орындарын әуеде ұшақпен ара-лап шықты және Қашар кентіне барып, Қашар кен басқармасында кәсіпорында жұмыс істеп жатқан оралмандармен кездесті.

Содан соң Президент Федоров ауданының «Гранд» ЖШС алқаптарын және Қарабалық ауданының «Қарабалық ауыл шаруашылығы тәжірибе станса-сы» РМҚК қарап шықты, кейін сонда ол қалалар мен аудандардың әкімдерімен, облыстың жетекші ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілерімен кездесті.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Ақмола облысына жұмыс сапарымен барып, Көкшетау қаласындағы қалалық ауруханаға кірді, Ш. Құсайынов атындағы Қазақ облыстық музыкалық драма театрын қалпына келтіру барысымен танысты, соғыс және еңбек ардагерлерімен, ұлттық-мәдени орталықтар жетекшілерімен кездесті.



5 қыркүйек

Мемлекет басшысы Ақмола облысына жұмыс сапары барысында Зеренді ауданына барып, «Айдарлы» ЖШС-нда болды және қалалар мен аудандар әкімдерімен, облыс агроқұрылымдары басшыларымен кеңес өткізді.

Президент астаналық базарлар шетелдік өнімдерге толып кеткендіктен, Астана қаласын азық-түлікпен қамсыздандыру жағдайын түбегейлі жақсарту міндетін қойды.

Н.Ә. Назарбаев тұқым шаруашылығы мен асыл тұқымды мал шаруашылығының қорларын сақтау бойынша жұмысты белсендіруді талап етті.

Мемлекет басшысы сондай-ақ Бурабай және Зеренді курортты аймақтарында туризмді дамыту, ал сол қызметтен түсетін қаражатты орман мен көлдерді сақтау, сондай-ақ демалыс инфрақұрылымын дамытуға салу қажеттігін атап көрсетті.

Мемлекет басшысы «И. Илиескүді I дәрежелі «Достық» орденімен наградтау туралы» №1180 Жарлығына қол қойды.

8 қыркүйек

Мемлекет басшысы Сингапур Республикасына 2003 жылғы 7–10 қарашада болатын мемлекеттік сапары қарсаңында Қазақстанға келген «Singapore Technologies Engineering Ltd.» корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы П. Сиа Лим Хуатты қабылдады.

Кездесу барысында сингапурлық компанияның жоғары технологиялар, мұнай-газ машиналарын жасау және Қазақстанның қорғаныс-өнеркәсіптік кешені салаларындағы біріккен жобаларды іске асыруға қатысу келешегі қаралды.

Мемлекет басшысы «Біріккен Ұлттар Ұйымының дайындық іс-шаралары жүйесіндегі үлесіне қатысты Қазақстан Республикасы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою туралы» №1181 Жарлығына қол қойды.

9 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Румыния Президенті И. Илиескумен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері бойынша пікір алмасты. Оның қорытындысы бойынша серіктестік пен ынтымақтастық туралы декларацияға, ветеринария саласындағы және ұйымдасқан қылмыс, заңсыз есірткі айналымына, психотропты заттар, прекурсорларға қарсы әрекет ету саласындағы, терроризм мен басқа да қауіпті қылмыспен күрестегі ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламентінің палаталары мен парламенттік комитеттер төрағаларының, Үкіметі мүшелерінің, Президентінің Әкімшілігі басшылығының, Премьер-министрі кеңсесінің, республикалық, аумақтық құқық қорғау және сот органдарының қатысуымен құқықтық тәртіп пен заңдылықты сақтау мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Президент құқық қорғау және сот органдарының өзара әрекеттесуі мен үйлесімді жұмыс жасауы қажеттігіне баса назар аударды. Осыған байланысты Үкіметке орталық мемлекеттік органдар және әкімдіктермен біріге отырып, қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыруды қамтамасыз ету тапсырылды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы «Өскемен қаласында жер асты суларын қорғау және өнеркәсіптік сарқынды суларды тазарту» жобасын дайындауға грант бөлу туралы келісім-хатқа қол қою туралы» №1182 Жарлығына қол қойды.

10 қыркүйек

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының бірлескен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде әскерлерді (күштерді) қолдануды бірлесіп жоспарлау туралы келісімге қол қою туралы» №1183, «Әскери және арнаулы атақтар беру, әскери қызметшілердің және өзге де мемлекеттік органдар қызметкерлерінің нысанды киім киіп жүру құқығы мәселелері» №1184 жарлықтарына қол қойды.

11 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Е.А. Досаевты қабылдады. Ол өткен 8 ай ішіндегі министрлік жұмысының қорытындылары туралы, республикалық бюджеттің атқарылуы мен салықтық әкімгершілік мәселелері туралы баяндап берді.

Кездесудің аяғында Президент министрліктің алдына алдағы жылға арналған міндеттер қойды.



12 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Малайзия Федерациясының Жоғарғы билеушісі Янг Ди-Пертуан Агонг XII-мен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында металлургия, химия, тау-кен өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, білім, ғылым және туризм салаларындағы екіжақты сауда-экономикалық қатынастарды кеңейтудің жағдайы мен келешегі талқыланды.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша мемлекет басшылары Бірлескен коммюнике қабылдады.



Мемлекет басшысы «Қ.Ш. Сүлейменов туралы» №1185, «З.Қ. Тұрысбеков туралы» №1186 жарлықтарына қол қойды.

13 қыркүйек

Мемлекет басшысы Астана қаласының темір жол сапаржайында өткен «Астана-Алматы» бағытымен жүретін «Тұлпар» атты алғашқы жүрдек поезын шығарып салудың салтанатты рәсіміне қатысты.

«Бүгін біз қуанышты оқиғаның куәгерлері болып отырмыз, — деді Н.Ә. Назарбаев. — Жолаушыларды



бұрынғыдан екі есе артық жылдамдықпен жеткізетін экспресс-поезд өзінің алғашқы сапарына аттанып отыр. Поездың жайлылығы бағаланды. Бұл жобаны біз «Patentes Talgo S.A.» компаниясымен бірігіп іске асырдық. Бұл жоба — біздің теміржолшыларымыздың техникалық мүмкіндіктері мен кәсіпқойлығының көрсеткіші. Мен барша қазақстандықтарды осы айтулы оқиғамен құттықтағым келіп отыр және поезд жолаушыларына әрқашан да жолдары сәтті болсын дегім келеді!».



Президент поезд ішін аралап өтіп, жолаушыларға сәтті сапар тіледі, содан соң жолға шығу белгісін берді.

Президент сондай-ақ «Астана — Бурабай — Көкшетау» бағытында жүретін жаңа «Оқжетпес» электр поезын және астана темір жол сапаржайын қалпына келтіру жобасын қарап шықты.



Астана мен Алматы қалаларының арасында жүретін «Тұлпар» жүрдек поезы жолда жүру уақытын 22 сағаттан 12 сағат 14 минутқа дейін қысқартуға мүмкіндік берді.

Әрқайсысында әр түрлі деңгейдегі вагондары бар екі темір жол составы қалыптастырылды: «Турист» (4 орындық купе), «Бизнес» (2 орындық купе), «Гранд» (душ кабиналары бар 2 орындық купе).

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Мемлекеттік шекараны қорғаудағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы» №1187, «Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Халықаралық қылмыстық соттың билігіне адамдарды тапсыру туралы келісімге қол қою туралы» №1188, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» №1189, «М.А. Құл-Мұхаммед туралы» №1190, «Д.Қ. Қасейіновті Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі қызметіне тағайындау туралы» №1191 жарлықтарына қол қойды.

14 қыркүйек

Мемлекет басшысы Атырау облысында жұмыс сапарымен болып, онда халық ақыны және ұлт-азаттық көтерілістің жетекшісі М. Өтемісовтің туғанына 200 жыл толуына орай мерейтойлық шаралар аясында Атырау қаласында И. Тайманов пен М. Өтемісовке арналған «Исатай-Махамбет» архитектуралық-мемориалды кешенінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.



«Біз Исатай мен Махамбет көкसेген тәуелсіздік туын биік ұстауымыз керек. Ол болашақ ұрпақ алдындағы біздің борышымыз», — деп мәлімдеді Н.Ә. Назарбаев. — Біз Махамбет туралы айтқанда, оның айнымас және үзеңгілес досы Исатайдың атын бірге атауымыз керек. Олар — өз елі мен жерін сүйген Отанының нағыз патриоттары. Сондықтан, осы екі күрескерге арналған ескерткіш те бостандық пен тәуелсіздік үшін орнатылып отыр».

Мемлекет басшысы Атырау қаласында М. Өтемісовтің 200 жылдығына орай өткізілген «Махамбет — қайтпас қайсарлық пен еркіндіктің өшпес рухы» атты ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысты.

«Махамбет Өтемісовті романтизм кезеңінің ақындарымен салыстыруға болады, бірақ олардан айырмашылығы — оның ғасырлар бойы еркіндік сүйгіш халқы өмір сүріп келген жерінің нағыз ұлы екендігінде, — деді Н.Ә. Назарбаев конференция жұмысын ашқанда сөйлеген сөзінде. — Өз шығармаларында ақын ең алдымен халықтың бірлігі мен өз жерінің тәуелсіздігі үшін күреске шақырды. Өйткені, мемлекет болып қалыптасу үшін биік ұлттық рух қажет». Президент сондай-ақ мерейтой ЮНЕСКО аясында және өте биік дәрежеде тойланатынын атап көрсетті (Қосымшаны қараңыз).



Махамбет Өтемісов (1804–1846) — қазақ ақыны, Исатай Тайманов бастаған Каспий бойындағы Бөкей ордасының 1836–1837 жылдардағы басқыншыларға қарсы, ұлт-азаттық көтерілістің ұйымдастырушылары мен идеологтарының бірі.

Өзінің жалынды өлеңдерімен («Соғыс», «Ұлы арман», «Исатай деген ағам бар», «Жәңгірге», «Достарыма» және т.б.) ол халықты хандар мен патша үкіметіне қарсы күреске шақырды.

Ақынның 200 жылдығына орай 2003 жыл ЮНЕСКО шешімі бойынша Махамбет жылы болып жарияланды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Махамбет ауданына барып, Махамбет ауылындағы жаңа Исатай-Махамбет мешітін, М. Өтемісов атындағы тарихи-өлкетану мұражайын аралап көрді және ауыл арқылы өтетін «Атырау — Орал» бағытындағы автомагистральды қалпына келтіру барысымен танысты.

Кешке қарай Мемлекет басшысы Атырау қаласының орталық стадионында М. Өтемісовтің 200 жылдығын тойлауына орай дайындалған театрланған көріністі тамашалады.

Мемлекет басшысы «С.А. Абдрахмановты Қазақстан Республикасының Ақпарат министрі қызметіне тағайындау туралы» №1192 Жарлығына қол қойды.

15 қыркүйек

Мемлекет басшысы Атырау облысына жұмыс сапары барысында Орал өзені арқылы Балықшы және Жұмыскер кенттері аудандары маңынан оң және сол жағалауды қосатын болашақ автомобиль көпірі құрылысының іргетасын қалау рәсіміне қатысты.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев Атырау қаласының Құрманғазы көшесінде бой көтерген жаңа тұрғын үй кешенінде және газет, кітапшалар мен кітаптар шығаратын «Атырау-ақпарат» қалалық коммуналдық кәсіпорнында болды.



Сол күні Мемлекет басшысы Маңғыстау облысына жұмыс сапарымен аттанып, онда ол «Маңғыстаумұнайгаз» ААҚ-ның ауыз суды тұщыландыру және шығару зауытын аралап көрді.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгіме барысында тараптар 2003 жылғы 19 қыркүйекте Ялта қаласында өтетін ТМД мемлекеттері басшыларының кеңесі отырысына қатысты пікір алмасты.

16 қыркүйек

Мемлекет басшысы Молдова Республикасына ресми сапармен аттанды.

17 қыркүйек

Мемлекет басшысы Молдова Республикасына ресми сапары барысында осы елдің астанасы Кишинев қаласында Президент В.Н. Воронинмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты сауда-экономикалық

қатынастарды дамыту, оның қатарында шаруашылық субъектілердің өзара тиімді ынтымақтастық үшін жайлы жағдайлар жасау; экономиканың әр түрлі салаларында біріккен кәсіпорындар ашу; мұнай-газ кешені, ауыл шаруашылығы, азық-түлік және өңдеу өнеркәсібі, көлік және тағы да басқа салалардағы байланыстарды кеңейту мәселелеріне басты назар аударылды. Одан басқа, тараптар ТМД-дағы интеграциялық үдерістерге қатысты, сондай-ақ өзара қызығушылық тудыратын бірқатар өзекті халықаралық жіне өңірлік мәселелер бойынша пікір алмасты.



Келіссөздердің қорытындысы бойынша мемлекет басшыларының Бірлескен мәлімдемесі қабылданды, сондай-ақ азаматтардың өзара жол жүрулері, аграрлық сектор мен азық-түлік өнеркәсібіндегі өзара әрекет ету, экономикалық қылмыс пен салық заңнамасын бұзуға қарсы күрес саласындағы ақпарат алмасу, қаржы саласындағы зерттеулер мен ақпарат алмасу, мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

Мемлекет басшысы Молдова Республикасының Премьер-министрі В.П. Тарлевпен және Молдова Республикасы Парламентінің төрағасы Е.В. Остапчукпен кездесті, содан соң Молдованың ұлттық батыры Штефан чел Маренің (Ұлы Стефан III) ескерткішіне гүл шоғын қойды және ақпараттық технологиялар департаментінде болды.

18 қыркүйек

Мемлекет басшысы ТМД мемлекеттері Басшылары кеңесінің отырысына қатысу үшін Украинаның Ялта қаласына келді.

Саммит қарсаңында Н.Ә. Назарбаев Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен кездесіп, онымен екіжақты экономикалық ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін, Ресейдегі Қазақстан жылы аясындағы шараларды іске асыру барысын, сондай-ақ алда болатын ТМД саммитінің күн тәртібін талқылады.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Беларусь, Қазақстан, Ресей және Украина президенттерінің бейресми кездесуіне қатысты.

Келіссөздер барысында БЭК құру Келісімі мен Тұжырымдамасының жобалары, сондай-ақ 2003

жылғы 19 қыркүйекте өтетін ТМД мемлекеттерінің басшылары кеңесінің отырысында қаралуы жоспарланған мемлекеттер басшыларының Бірлескен мәлімдемесінің жобасы талқыланды.


19 қыркүйек

Мемлекет басшысы Украинаның Ялта қаласында өткен ТМД мемлекеттері Басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Саммит барысында ТМД елдерінің 2003–2010 жылдары экономика саласындағы өзара әрекет ету тиімділігін арттыру мен дамытуға бағытталған маңызды шараларды іске асыру жоспары, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығын мерекелеуге дайындық бағдарламасы және «Ине» мен «Жебе» типті жылжымалы зенитті-зымыранды кешендерді халықаралық тапсыруға ТМД мемлекеттерінің бақылау жүргізу шаралары туралы Келісім қабылданды. Одан басқа, заңсыз көші-қонға қарсы күрес жөніндегі біріккен үйлестіру құрылымын құру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Сонымен қатар Беларусь, Қазақстан, Ресей және Украина президенттерімен Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК) құру Келісімі мен Тұжырымдамасына қол қойылды. Осылайша, айтарлықтай ірі және экономикалық жағынан дамыған Достастықтың төрт мемлекеті интеграцияның сапалық жағынан жаңа әрі жоғары деңгейіне көшті.

Бұл ретте қабылданған Бірлескен мәлімдемеде төрт мемлекеттің басшылары біртіндеп біртұтас экономикалық кеңістікке көшуді көздейтін еркін сауда аймағының қалыптасуы мен жұмыс істеуі ТМД-ның сөзсіз басымдылығы екенін атап көрсетті, сондай-ақ Жоғарғы дәрежелі топқа БЭК құру туралы негізгі шаралар кешенін келісуді аяқтап, 2003 жылғы 1 желтоқсанға дейін қол қоюға енгізу тапсырылды.



Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК) — атауы айтып тұрғандай, мүше мемлекеттердің біртұтас экономикалық кеңістігін құру мақсатын көздейтін халықаралық экономикалық ұйым.

2003 жылғы 19 қыркүйекте Ялта қаласында Беларусь, Қазақстан, Ресей және Украина президенттері БЭК құру туралы келісімге қол қойды.

БЭК шеңберінде бірінші кезеңде қатысушы мемлекеттерден тауарларды импорттауға қатысты еркін сауда режимін қамтамасыз ету, кеденді одақ алғышарттары мен бірыңғай бәсекелестік орта қалыптастыру, ұлттық заңнамаларды

үйлестіру бойынша шараларды іске асыру; екінші кезеңде — еркін сауда аймағын қалыптастыруды алу мен шектеулерсіз аяқтау, келісілген бәсекелестік саясат жүргізу, ортақ кедендік тарифі бар кеден одағын құру; үшінші соңғы кезеңде — тауар, қызметтер, капитал мен жұмыс күші қозғалысының толық еркіндігін қамтамасыз ету жоспарланды. «Төрттік» мемлекеттерінің интеграциялық өзара әрекет ету қатынастары тереңдеген сайын қатысушы мемлекеттер өкілеттіктерінің бір бөлігін өз еркімен тапсыратын бірыңғай үйлестіруші орган құрылуы керек болатын.

БЭК органдарына Мемлекеттер басшыларының кеңесі, Үкімет басшылары орынбасарларының құрамындағы жоғарғы дәрежелі топ және Ұлттық үйлестірушілер институты жатады. Сонымен бірге 2006 жылы БЭК құрамынан Украинаның кетуіне байланысты, сондай-ақ БЭК пен ЕурАзЭҚ мақсаттарының ұқсастығын ескере отырып, оларды біріктіру туралы шешім қабылданды.

20 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы билігінің жергілікті өкілетті органдарына депутаттарды сайлауда дауыс берді.

«Біздің азаматтар елімізде жүргізіліп жатқан реформалар мен экономикамыздың өсу жағдайларын қолдайтын лайықты депутаттарды сайлайды деп ойлаймын. Мәслихат депутаттарын сайлау еліміздің демократиялық жүйесінде аса маңызды. Біз өкілеттіктерді ажырату мен жергілікті өзін-өзі басқару туралы жаңа заң қабылдау қарсаңындамыз және бұл ретте мәслихаттардың рөлі өсе береді», — деді Президент сайлау учаскесінен шыға берісте журналистердің алдында сөйлеген сөзінде.



22 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстанға Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезіне қатысу үшін келген италиялық Ассизи қаласының францискандық орден делегациясын қабылдады.

Президент орден делегациясына съезд жұмысына қатысуға келісімін бергендері үшін алғыс білдірді, оны ұйымдастырудағы францискандықтардың үлесін атап өтті және Астана қаласы Ассизи қаласынан эстафета қабылдап отырғаны кездейсоқтық емес екенін атап айтты.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанға Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезіне

қатысу үшін келген бірқатар діни қайраткерлерді қабылдады. Олардың қатарында Дүниежүзілік ислам лигасының бас хатшысы Абдалла бен Әбделмухсин әл-Түрки; Бүкілқытайлық даосистер қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Цжан Цзиюй және Қытайдың буддистер қоғамы төрағасының орынбасары Цзямуян Лосанцзюмэй; Сауд Арабиясы Королінің арнаулы өкілі, Әділет министрі Абдаллах бен Мұхаммед бен Ибрагим әл-Аш-Шейх; Ватикан делегациясының жетекшісі Кардинал Й. Томко; Үндітану және дінаралық диалогты зерттеу жөніндегі институттың төрағасы Ш.К. Сомай; Жапонияның синтоистік шіркеулер қоғамдастығының жетекшісі, Жапонияның синтоистік шіркеулер басқармасының бас директоры Сонода М.; Кройдон Епископы Н. Бэйнс; Экуменизм мәселелері бойынша Кентерберлік Архиепископтың хатшысы К. Гауф; АҚШ Дін және қоғамдық саясат институтының президенті К. Грибоски бар.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшілер — Қытай Халық Республикасының елшісі Чжоу Сяопэйден және Грузияның елшісі Н. Дучидзеден сенім грамоталарын қабылдады.



23 қыркүйек

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезіне қатысты.

Форумға қатысушыларға сәлем жолдай отырып, Н.Ә. Назарбаев бүгін ежелгі қазақ жері ұлы құрметке ие болып отырғанын, оның меймандары өркениеттер мен діндер арасында диалог құру үшін ғаламшардың түпкір-түпкірінен келген әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары мен жоғарғы өкілдері болып отырғанын ерекше атап өтті (Қосымшаны қараңыз).

БҰҰ бас хатшысы К. Аннан, Рим Папасы Иоанн Павел II, Кентерберлік Архиепископ Р. Уильямс, Мәскеу және Бүкіл Русьтің Патриархы Алексий II, Константинополь Патриархы Варфоломей, Америка Құрама Штаттарының Президенті Дж. Буш, Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путин, Иран Ислам Республикасының Президенті М. Хатами, Франция Республикасының Президенті Ж. Ширак, Италия Республикасының Президенті Р. Проди, Египет Араб Республикасының Президенті Х. Мубарак,



Сауд Арабиясының Королі Фейсал бен Әбдел Әзиз, Ұлыбритания Премьер-министрі Т. Блэр, Италия Республикасы Министрлер кеңесінің төрағасы С. Берлускони және басқа да дін және саясат қайраткерлері съезді ұйымдастырушылар мен қатысушыларына өздерінің сәлемдерін жолдады.



Қазақстанда Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу идеясын Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында 2003 жылғы 13 ақпанда болып өткен Халықаралық бейбітшілік пен келісім конференциясында ресми түрде жариялады.

Форумның негізгі мақсаты — конфессияаралық және этносаралық қатынастардағы зорлық-зомбылық пен террорға қарсы діндердің үнқатысуын жүзеге асыру үшін тұрақты халықаралық конфессияаралық институт құру. Алғаш рет 1986 жылғы қазан айында және 2002 жылғы қаңтар айында италиялық Ассизи қаласында болып өткен конфессияаралық кездесулердегідей бастаманы діни қайраткерлер емес, зайырлы билік өкілі мемлекет басшысының атынан жасалып отырғаны форумның ерекшелігі болды.

Сол күні Мемлекет басшысы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезінің бірқатар делегациялар жетекшілері мен құрметті меймандарын қабылдады, олардың қатарында Жоғарғы имам шейх Мұхаммад Саид Тантауи, Израиль Мемлекетінің бас раввині Й. Мецгер, Астана және Алматы Митрополиті Мефодий, Пәкстан халықаралық ислам университетінің вице-президенті Махмуд Ахмад Гази, Жапонияның бұрынғы Премьер-министрі Ц. Хата, «Джамаат-у-Шабаб-е-Ислам» мұсылмандық ұйымының президенті Салман әл-Хусайни әл-Надви, вакуфтар мен ислам істері жөніндегі министр Махмуд Хамди Закзук, Иран Ислам Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің жанындағы Ислам юриспруденциясы мен құқығы жөніндегі комитетінің төрағасы М. Хадави-Могаддам бар.



24 қыркүйек

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезінің жабылуына қатысты.

Форумға қатысушылар толеранттық, ақиқат, әділдік пен махаббат секілді мәңгілік құндылықтарды жақтайтынын атап көрсеткен Декларацияны қабылдап, келесі кездесулерін де Қазақстанда өткізуге уағдаласты.

Мемлекет басшысы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезінің қорытындылары бойынша баспасөз мәслихатын өткізді.

«XXI ғасырдың басында адамзат әлемнің көптеген қарама-қайшылықтарынан туындаған жаңа қауіп-қатерлерді сезінеді. Ұлтаралық қантөгіс соғыстар жүріп жатыр. Барша адамзат баласына қауіп төндіріп отырған терроризм, экстремизм, есірткі бизнесі бас көтеруде. Бұл жауыздықты жеңудің жалғыз-ақ амалы — барлық мемлекеттер мен халықтардың күшін біріктіру. Кейбіреулер айтып жатқандай, тарих пен өркениеттердің қақтығысуына жол бермеу қажет.

...Бүгін бір үстел басында христиан, ислам, буддизм, иудаизм өкілдері бас қосты. Күні кеше ғана сол ислам мен иудаизм көшбасшылары бір қонақүйде тұрып, бір үстел басында отырып, көкейкесті мәселелер төңірегінде диалог құруын елестету де мүмкін емес еді. Бірақ ол Қазақстанда — халқының жартысынан көбі ислам дінінің сунниттік бағытын уағыздайтын мемлекет тәрінде мүмкін болды», — деді Президент баспасөз мәслихатының ашылуында сөйлеген сөзінде.

Мемлекет басшысы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезінің қатысушыларымен бірге Астана қаласындағы «Астана-Бәйтерек» монументінің қарау алаңына барды.

Президент меймандарға астананың көрінісін тамашалатты, оның сол жақ жағалауындағы басты нысандар туралы айтып берді және Діндер храмы құрылысының жоспарымен бөлісті.

«Халық аңызы бойынша Бәйтерек — қасиетті өмір ағашы, мәңгіліктің, ұрпақтар сабақтастығының белгісі. Жоғары қарай ұмтылған бұтақтар жер шарын ұстап тұрған әр түрлі халықтарды, ұлттар мен діндерді білдіреді. Сондықтан Бәйтерек — ол халықтар, мәдениеттер мен діндердің ынтымақтастығы.

...Осы жерде оқылған дұға басқа шынайылыққа, басқадай әрекетке жол ашады, әрқайсымызды өз әрекеттеріміз бен ойларымызды қайта қарау қасиетіне бөлейді. Барлығымыз бірігіп оқыған дұғамыз барша елдер мен діни қоғамдастықтарда оған қатысушы немесе ойша қосылып отырған өкілдердің бейбітшілік пен жасампаздыққа деген ұмтылысын нығайта түсетініне сенемін», — деді Н.Ә. Назарбаев.



Мемлекет басшысы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының І съезінің бірқатар делегациялар жетекшілері мен құрметті меймандарын, олардың қатарында Бүкіләлемдік лютерандық федерациясының бас хатшысы И. Ноконы, Франция Митрополиті Константинополь православиелік шіркеуінің өкілі Эммануэльді, БҰҰ бас хатшысының арнайы өкілі В. Сотировты, Бейбітшілік үшін Азиялық буддистік конференциясының бас хатшысы Т. Булғанды қабылдады.

25 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстанға Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Сыртқы сауда мен инвестициялар мәселелері бойынша арнайы өкілі ретінде келген Йорк герцогы, ханзада Э. Виндзорды қабылдады.

Кездесу барысында Э. Виндзор Ұлыбританияның Қазақстанмен тек қана оның экономикасын инвестициялауда ғана емес, сондай-ақ бірқатар жобаларды, атап айтқанда, білім саласындағы жобаларды іске асыруда да ынтымақтастықты одан әрі нығайтудың жақтасы болып қала беретініне сендірді.



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Болгария Республикасының Президенті Г. Пырванмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында көмірсутегі шикізатын тасымалдау саласындағы, атап айтқанда, қазақстандық мұнайды әлемдік нарыққа экспорттау үшін балама бағыт ретіндегі «Бургас-Александруполис» жобасына қатысты, сондай-ақ туризм, азаматтық авиация, мәдениет, білім және ғылым салаларындағы ынтымақтастықтың келешегі талқыланды.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Болгария Республикасы арасындағы қатынастарды одан әрі дамыту туралы мемлекет басшыларының Бірлескен мәлімдемесіне, терроризмге, ұйымдасқан қылмыс пен есірткі, психотроптық заттардың, олардың баламалары мен прекурсорларының заңсыз айналымына, басқа да қылмыстарға қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы; денсаулық сақтау саласы мен медицина ғылымы,



сондай-ақ әділет саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №484-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Ұлттық валюта — Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасын бекіту туралы» №1193 Жарлығына қол қойды.

26 қыркүйек

Мемлекет басшысы «Экспорттық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы» №485-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Кешірім жасау туралы» №1194, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №1195, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №1196, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №1197, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №1198–1200, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі №648 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» №1201 жарлықтарына қол қойды.

ҚАЗАН



Дс		6	13	20	27
Сс		7	14	21	28
Ср	1	8	15	22	29
Бс	2	9	16	23	30
Жм	3	10	17	24	31
Сн	4	11	18	25	
Жк	5	12	19	26	



2 қазан

Мемлекет басшысы Түркия Республикасында қысқа мерзімді демалыста болғанда Түркия Президенті А.Н. Сезермен телефон арқылы сөйлесіп, онымен екіжақты ынтымақтастықтың мәселелерін талқылады.

Сол күні Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Премьер-министрі Р.Т. Эрдоғанды қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты сауда-экономикалық қатынастарды кеңейту, сондай-ақ өңірлік қауіпсіздік мәселелері бойынша пікір алмасу өтті.

13 қазан

Мемлекет басшысы «Лукойл» ААҚ президенті В.Ю. Алекперовты қабылдады. Ол «Достық» теңіз мұнай жобасын іске асыру барысы туралы және компанияның Қазақстандағы қызметі туралы хабардар етті.



Мемлекет басшысы «Астана-Алматы» автожолын ашу рәсіміне қатысты.



1224 шақырымға созылып жатқан «Астана-Алматы» автожолы 4 облысты қиып өтеді. Оның құрылысына Дүниежүзілік банк, Ислам даму банкі, Азия даму банкі, Сауд даму қоры және Абу-Даби даму қорының қаражаттары тартылды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) өзгеріс енгізу туралы» №486-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №487-II, «Астық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №488-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы №828 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1202, «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын күзетудегі ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы шартқа қол қою туралы» №1203 жарлықтарына қол қойды.

14 қазан

Мемлекет басшысы «Йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы» №489-II Заңына қол қойды.

15 қазан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстанның I Азаматтық форумына қатысты.

«Бүгін мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың қарым-қатынасы түбегейлі жаңа деңгейге шығып отыр. Мемлекет пен ҰЕҰ серіктес болатын қатынастардың жаңа моделін құру туралы сөз болды. Сондықтан, бізге бірігіп жұмыс істеу стратегиясын белгілеп алу өте маңызды.



Мақсатымыз бір — либералдау жолындағы тұрақты ілгерілеуді қамтамасыз ету, экономикалық жағынан мықты, құқықтық мемлекет, дамыған азаматтық қоғам құру. Біздің форум бұл бағытта салмағы күшті серпін беруі керек, ал жасалған ұсыныстар — бұдан былайғы бірлескен жұмыстың негізін қалауы қажет», — деп атап көрсетті Президент форум жұмысының ашылуында сөйлеген сөзінде (Қосымшаны қараңыз).



Қазақстанның азаматтық форумы — Мемлекет басшысының қатысуымен 2003 жылғы сәуір айында I Азаматтық форум өткен кезден бастап тұрақты түрде өткізіліп тұратын ҰЕҰ республикалық съезі.

Мемлекеттің ҰЕҰ-мен қатынасын кеңейту міндетін Президент алғаш рет өзінің 1998 жылғы жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында жариялады. Негізгі басымдықтар ретінде мемлекеттік органдар мен ҰЕҰ өзара әрекет етуінің институционалды тетіктерін дамыту, үкіметтік емес сектордың заңнамалық базасын жетілдіру және ҰЕҰ-ларды әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыруға тарту міндеттері белгіленді. Осыған байланысты 2000 жылы әлеуметтік серіктестік туралы және 2001 жылы коммерциялық емес ұйымдар туралы заңдар қабылданды. 2002 жылы ҰЕҰ мемлекеттік қолдау туралы 2003–2005 жылдарға арналған республикалық бағдарлама, сондай-ақ сәйкесті өңірлік бағдарламалар қабылданды. Әлеуметтік блок министрліктерінде, барлық облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері жанынан кеңесшіл-консультативтік органдар құрылды. 2005 жылғы сәуір айында «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» Заңының қабылдануымен грант негізінде әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыру үшін ҰЕҰ-ларды тартудың тиімді жүйесі құрылды.

Мемлекет басшысы Ресейдегі Қазақстан жылы аясында ресейлік теледидардың «Бірінші» телеарнасында көрсетілуі жоспарланған «Қазақстандық вектор»

телефильмдерінің циклдері үшін атақты ресейлік кинорежиссер В.В. Меньшовқа сұхбат берді.

Президент кең көлемді сауалдарға толық жауап қайтарды, атап айтқанда — Кеңес Одағы күйреуінің тарихи салдары, Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан экономикалық және саяси реформалардың жолдары, посткеңестік кеңістіктегі интеграция, Қазақстан мен Ресейдің мұнай-газ секторындағы ынтымақтастығын дамыту, жаңа астана құрылысы, қазақ халқының рухани-мәдени қалыптасуы туралы әңгімелеп берді.

Мемлекет басшысы Атырау облысының әкімі А.Е. Мусинді қабылдады. Ол 2003 жылдың 9 айы ішіндегі облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары, сондай-ақ жылыту маусымына дайындықтың аяқталуы туралы баяндап берді.

Мемлекет басшысы Астана қаласы аулаларының абаттандырылу барысымен танысты, атап айтқанда, бесінші ықшамаудандағы №1 үйдің, Абылай хан даңғылындағы №29 үйдің, Республика даңғылында салынып жатқан «Астана жұлдызы» үйінің аумақтарын аралап көрді.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің құрамындағы өзгеріс туралы» №1205, «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №1206, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 сәуірдегі №2935 және 2002 жылғы 29 наурыздағы №829 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» №1207 жарлықтарына қол қойды.

16 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етті.

Отырыста транзиттік әлеуеттің, ақпараттық инфрақұрылымның дамуы және елдің ақпараттық қауіпсіздігінің қамсыздандырылуы мәселелері талқыланды. Президент Қазақстанның транзиттік әлеуетінің даму стратегиясы мен ұлттық ақпараттық инфрақұрылымның дамуы мен қалыптасуының мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуді, сондай-ақ маркетинг пен сараптама жасаудың мамандандырылған орталығын құруды тапсырды.

Мемлекет басшысы Египет Араб Республикасы Үкіметінің мүшелері — Қамсыздандыру және ішкі сауда министрі Х. Хадрді және Сыртқы істер министрі Ф. Әбу әл-Нагиді қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты сауда-экономикалық қатынастардың даму келешегі, сондай-ақ Ирак пен Таяу Шығыстағы жағдай талқыланды.

Мемлекет басшысы И.Г. Алиевке Әзірбайжан Республикасының Президенті болып сайлануына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Сол күні Мемлекет басшысы Павлодар облысына жұмыс сапарымен аттанды.

Президент С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне барып, университеттің мұрайжай экспозициясымен танысты және оқытушылық-профессорлық құрамы, студенттерімен кездесті.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев жаңа спорттық-сауықтыру кешенінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты және «Erstes» шағын сыра зауыты бар мейрамханалық кешенді аралап көрді.



17 қазан

Мемлекет басшысы Павлодар облысына жұмыс сапары барысында Екібастұз қаласына барып, «Батыр», «Солтүстік» және «Шығыс» көмір кеніштерін көрді және кеншілермен кездесті.



20 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Қ.Н. Келімбетовті қабылдады. Ол 2003 жылғы 4 сәуірдегі «Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары» атты Қазақстан халқына Жолдауының міндеттерін іске асыру бойынша министрліктің жүргізіп жатқан жұмысы туралы баяндап берді.

Кездесу барысында сондай-ақ Бюджет және Салық кодекстерінің жобалары, 2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы және жергілікті мемлекеттік басқару туралы заң жобалары қаралды.



Мемлекет басшысы «KEGOC» электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» ААҚ президенті Қ.А. Бозымбаевты қабылдады. Ол 2003 жылдың 9 айы ішіндегі компания қызметінің қорытындылары туралы, күзгі-қысқы мезгілге дайындық барысы туралы, инвестициялық жобаларды дамыту, көршілес мемлекеттердің, атап айтқанда, Ресей мен Өзбекстанның энергетикалық компанияларымен өзара әрекет ету барысы туралы баяндап берді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Ұ.Қ. Қарамановты қабылдады.

Әңгімелесу барысында Арал өңірінің мәселелері, атап айтқанда, Сырдария өзеніндегі Көкарал бөгетінің құрылысы, Қызылорда облысы тұрғындарын таза ауыз сумен қамтамасыз ету, Қызылорда қаласын газбен қамсыздандыру мәселелері талқыланды.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Мәжілісінің депутаты Н.Т. Рүстемовті қабылдады. Ол 2003 жылғы 23–24 қыркүйек аралығында Астана қаласында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезі туралы өз сайлаушыларының пікірі, сондай-ақ бірқатар заң жобаларының Парламенттегі қаралу барысы туралы хабарлады.

Мемлекет басшысы Алматы қаласында Еуропалық комиссия ұйымдастырған Демократия және адам құқықтары мәселелері бойынша өңірлік конференциясына қатысушыларға сәлем жеделхатын жолдады.

Президент Еуропалық комиссия мүшелеріне Орталық Азияда еуропалық бастамаларды ілгерілету үшін Қазақстанды таңдағандарына сенім білдірді және Еуропалық комиссия мен Орталық Азия мемлекеттерінің құқық қорғау үкіметтік емес ұйымдары өкілдерінің конференция жұмысына қатысуы Қазақстан және бүтін өңірдегі демократияландыру үдерісінің келешегі мен қорытындыларын тереңірек ұғынуға, адам құқықтары саласындағы халықаралық мәселелерді шешудегі жаңа жолдарын табуға мүмкіндік беретінін мәлімдеді.

21 қазан

Мемлекет басшысы өзінің астаналық резиденциясында Қазақстанда тіркелген шетелдік дипломатиялық миссияларының жетекшілерімен кездесті.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның шетел инвестицияларының ағыны шикізат саласынан өңдеу өнеркәсібіне, жоғары технологиялар, ауыл шаруашылығы салаларына қайта бағытталатынына сенім білдіретініне дипломаттардың назарын аударды (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Қырғыз Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Ж. Сааданбековті қабылдап, онымен аграрлық, көлік-коммуникациялық және мұнай салаларындағы бірлескен жобалардың келешегін талқылады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Германия Федеративтік Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі А. Кертингті қабылдады. Ол Н.Ә. Назарбаевқа Федералды канцлер Г. Шредердің хатын тапсырды.

Кездесу барысында 2003 жылғы желтоқсан айында болатын Г. Шредердің Қазақстанға ресми сапарының мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы ЕурАзЭҚ бас хатшысы Г.А. Рапотаны қабылдады.

Кездесу барысында Бірыңғай кедендік одақ құру, көші-қон саясаты, «ЕурАзЭҚ — іскерлік Америка» халықаралық конгресін өткізу және тағы да басқа мәселелер талқыланды.

Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласында «Базис-А» корпорациясы» ЖШС тұрғызған «Транспорт Тауэр» ғимаратының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы ғылыми қызметті ұйымдастыру жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №1208, «Р.Т. Шырдабаев туралы» №1209, «Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті

қорғау жөніндегі агенттігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 20 маусымдағы №1141 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №1210 жарлықтарына қол қойды.

22 қазан

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Н.Ә. Назарбаев өз сапарын «Оңтүстік полиметалл» ЖАҚ-қа барудан бастады, онда ол қорғасын зауытының қалдықтарынан мырыш алу технологиясымен танысты және кәсіпорын ұжымымен кездесті.

Содан соң Президент Шымкент қаласындағы жаңа облыстық Спорт сарайының ашылу рәсіміне қатысты.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Сайрам ауданына барып, облыстық өзбек театрын салтанатты түрде ашты және облыс активімен Қазақстан Республикасының 2003–2005 жылдарға арналған Агроазық-түлік бағдарламасын іске асыру мәселелері бойынша кеңес өткізді.

23 қазан

Мемлекет басшысы Жамбыл облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Амангелді газ-конденсаттық кен орнының магистральды газ құбырының ашылу рәсіміне қатысты; зілзадан зардап шеккен Құлан ауылына барып, тұрғын үй құрылысының барысымен танысты; содан соң Луговской жылқы зауытына барып шықты.

24 қазан

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанға грек-рим күресінен Әлем кубогы үшін жарысқа қатысуға келген Күрес қауымдастығы халықаралық федерациясының президенті (FILA) Р. Мартинеттиді қабылдады.

Кездесу барысында Р. Мартинетти Н.Ә. Назарбаевқа федерацияның Алтын орденін табыс етті.



Алтын орден — Күрес қауымдастығы халықаралық федерациясының (FILA) жоғарғы наградасы. Спорттың осы түрінің дамуына қосқан зор үлесі үшін және онымен жеке шұғылданған мемлекет басшыларына тапсырылады.

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының

(ДДҰ) бас директоры Йонг Вук Лиді қабылдады. Ол Н.Ә. Назарбаевқа ДДҰ қызметіне қолдау көрсеткені үшін алғыс білдірді.

Кездесу барысында туберкулезге қарсы және мөлшерден ауытқыған пневмонияның таралуымен күрес мәселелері талқыланды.

27 қазан

Мемлекет басшысы Қарағанды облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Балқаш қаласына барып, онда мырыш зауытының ашылу рәсіміне қатысты және «Қазақмыс» корпорациясы» ААҚ құрамындағы «Балқаштүстіметалл» ӨБ құрылымдық бөлімшелері болып табылатын зергерлік-декоративтік цехтың жұмысымен танысты.

Н.Ә. Назарбаев зауыт жұмысшыларының алдында сөйлеген сөзінде: «Бұл мемлекет экономикасының шикізаттық бағдарының дайын өнім шығаруға ауысуын іс жүзінде жүзеге асырып отырған алғашқы жоба», — деп атап көрсетті.



Балқаш мырыш зауытының құрылысына жұмсалған инвестициялар көлемі 125 млн. долларды құрады. Зауыттың жобалық қуаттылығы жылына 100 мың тонна металл мырыш шығаруға жетеді.

Бұл ретте, екі кезеңде металл күйдіруінсіз автоклавты тотықтыру арқылы толық сілтіден айыруды көздейтін жаңа экологиялық таза технологияның қолданылуы зауыттың ерекшелігі болып табылады. Зауыт осы технологияны қолданатын металл мырышты шығару бойынша әлемдегі төртінші кәсіпорын болды.

28 қазан

Мемлекет басшысы Қарағанды облысына жұмыс сапары барысында Жезқазған қаласына барды, онда ол балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде және «Қазақмыс» корпорациясы» ААҚ Жезқазған металл құю зауытында болды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Сәтбаев қаласына барып, №1 қалалық ауруханасын аралап көрді және оның ұжымымен кездесті.

29 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі З.Қ. Тұрысбековті қабылдады. Ол 2003 жылғы 10 қыркүйектегі құқық қорғау органдары басшыларымен өткізген кеңесте Президенттің берген

тапсырмаларының орындалу барысы туралы баяндап берді.

Атап айтқанда, министр қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жол полициясы жұмысын жетілдіру, ішкі істердің учаскелік қызметкерлері жұмысының материалдық және қаржылай қамсыздандырылуы бойынша қабылданған шаралар туралы баяндап берді.

Сондай-ақ есірткі бизнесіне қарсы күресті күшейту жолдары мен ішкі істер жүйесін реформалаудың жаңа әдістері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Alsim Alarko» түрік холдингінің басқарма төрағасы И. Алатонды қабылдады. Ол компанияның Астана қаласындағы халықаралық әуежай терминалы, Семей қаласындағы Ертіс өзені арқылы өтетін көпір, Жезқазған қаласындағы аурухана кешені, Алматы облысындағы темекі фабрикасы құрылыстарының барысы туралы хабарлады.

Мемлекет басшысы «В.Х. Физзатов туралы» №1211, «Қ.Ш. Сарыбайды Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1212 жарлықтарына қол қойды.

30 қазан

Мемлекет басшысы өзінің астаналық резиденциясында Қазақстанның дарынды жастары — әр түрлі республикалық және халықаралық зияткерлік және ғылыми олимпиадаларының жеңімпаздарымен кездесті.

«Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес білім саласы елдің дамуында маңызды орынға ие болады. Қазіргі заман ақпараттандыру ғасыры және мемлекетте ғылымның дамуы Қазақстанның алға ілгерілеуі жолында өте маңызды. Біз ел дамуының стратегиялық жоспарында қойылған барлық міндеттердің алдын орадық. Алайда ұзақмерзімді мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру сіздердің де мойындарыңыздағы жауапты іс», — деді Н.Ә. Назарбаев жастардың алдында сөйлеген сөзінде.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты В.И. Макалкинді

қабылдады. Ол мемлекет тарапынан қадағалау жүргізудің маңызды тетігі болып табылатын ұлттандыру туралы заңының әзірленуі мен қабылдануының орындылығы жөніндегі мәселені көтерді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Е.З. Нығматуллинді қабылдады. Ол өзінің Балқаш сайлау округіндегі ағымдағы жағдай туралы хабарлады, сондай-ақ Президентке сайлаушыларының хаттары мен өтініштерін тапсырды.

Мемлекет басшысы «С.Ж. Дәукеев туралы» №1213, «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияны бекіту туралы» №1214, «Л.Р. Ежескийді және В.Я. Швецті II дәрежелі «Достық» орденімен наградтау туралы» №1215, «Оралмандардың 2004 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы» №1216 жарлықтарына қол қойды.

31 қазан

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан кәсіпкерлерінің XI Форумына қатысты.

Президент өзінің сөйлеген сөзінде мемлекет пен бизнестің қатынастары жаңа деңгейге шыққанын атап көрсетті. «15 жыл ішінде қазақстандық бизнес ілгері қарай айтарлықтай серпін жасады. Ол өзінің дамуына ғана жәрдемдесіп қоймай, бүтін елдің экономикасын тұрақтандыра алатындай жоғары сатыға көтерілді. Экономикалық өсудің жоғары қарқынын демеу, экономиканы әртараптандыру және кедейліктің алдын алу — бұл мемлекет алдында ғана емес, кәсіпкерліктің алдында да тұрған басты үш міндет болып табылады. Оларды барлығымыз бірігіп шешуіміз керек», — деді Н.Ә. Назарбаев.



Мемлекет басшысы «Ресей» телеарнасының «Авторитет» бағдарламасына сұхбат берді, оның барысында Қазақстанда жүргізіліп жатқан экономикалық реформаларға қатысты, жаңа астана құрылысының барысы туралы, елге инвестициялар тарту тетіктері, интеграциялық үдерістердің келешегі және тағы басқаларына қатысты сауалдарға жауап берді.

ҚАРАША



Дс	3	10	17	24	
Сс	4	11	18	25	
Ср	5	12	19	26	
Бс	6	13	20	27	
Жм	7	14	21	28	
Сн	1	8	15	22	29
Жк	2	9	16	23	30



3 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің төрағасы О.Ә. Жандосовты қабылдады.

Кездесу барысында бәсекелестік элементтерін ендіру мақсатында теміржол көлігін қайта құрылымдау, телекоммуникация, отын-энергетикалық кешен, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық салалары бойынша мәселелер талқыланды.



Мемлекет басшысы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушысы, ақын Н. Айтұлын қабылдады.

Әңгімелесу барысында ұлттық зиялы қауымның алатын рөлі мен маңызы, елдің мәдени-тарихи мұрасы және оны сақтау мен жаңғырту жолдары мәселелері бойынша пікір алмасу өтті.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Малайзиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі И.А. Адырбековті Қазақстан Республикасының Индонезия Республикасындағы, Бруней-Даруссаламдағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №1217, «Е.Х. Қазыханов туралы» №1218, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1219, «Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы» №1220, «А.С. Сәрсенбайұлы туралы» №1221 жарлықтарына қол қойды.

4 қараша

Мемлекет басшысы Украинаның Сыртқы істер министрі К.И. Грищенконы қабылдады.

Талқыланған басты тақырып екіжақты экономикалық ынтымақтастық мәселелеріне арналды, атап айтқанда, Қазақстаннан Украинаға және кері бағытта тауарларды тасымалдаудың сенімді жолдарын қамтамасыз ету мәселесі болды.

К.И. Грищенко сондай-ақ Н.Ә. Назарбаевқа астық тасымалы үшін Украина Президенті Л.Д. Кучманың алғысын және оның Украинаға сапармен келуге шақыруын жеткізді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Ресей Федерациясының Төтенше және Өкілетті Елшісі В.С. Бабичевті қабылдады.

Кездесу барысында біртұтас экономикалық кеңістік құру, аяқталып келе жатқан Ресейдегі Қазақстан жылының қорытындылары, сондай-ақ 2004 жылғы қаңтар айында болатын Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путиннің Қазақстанға ресми сапарының кейбір қырлары талқыланды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Халықтық жинақ банкі» ААҚ басқармасының төрағасы Қ.А. Сатылғановты қабылдады.

Әңгімелесу барысында қаржы секторын, банк саясатын дамыту, шағын және орта бизнесті, оның ішінде қой шаруашылығын өсіруге несие беру мәселелері талқыланды. Қ.А. Сатылғанов банктің миллионыншы пластик картшкесін шығарғаны туралы мәлімдеді.

Мемлекет басшысы «Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы» №490-II Заңына қол қойды.

5 қараша

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасына «Агросервистік қызметті қолдау» жобасын дайындауға арналған Халықаралық қайта құру және даму банкінің грантын беру туралы келісімді және Қазақстан Республикасына «Агросервистік қызметті қолдау» жобасын дайындауға арналған Халықаралық қайта құру және даму банкінің грантын беру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Халықаралық қайта құру және даму банкінің хатын бекіту туралы» №491-II, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Өзбек мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу бекеттері туралы келісімді бекіту туралы» №492-II, Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды жазасын әрі қарай өтеу үшін беру туралы шартты бекіту туралы» №493-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 сәуірдегі №857 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» №1222, «Д. Киндерманнды және С. Харуноғлуды

«Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен наградтау туралы» №1223, «Қазақстан Республикасының Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының және Алматы қалалық соты азаматтық істер жөніндегі алқасының төрағалары қызметіне тағайындау, сондай-ақ облыстық және оған теңестірілген соттардың судьяларын, аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №1224 жарлықтарына қол қойды.

6 қараша

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасындағы «Астана қаласын сумен жабдықтау және оның кәрізі» жобасын жүзеге асыру үшін қарыз алу туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы» №494-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапон Халықаралық ынтымақтастық банкі арасындағы «Астана қаласын сумен жабдықтау және оның кәрізі» жобасы жөніндегі қарыз туралы келісімді бекіту туралы» №495-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «К.В. Жигалов туралы» №1225 Жарлығына қол қойды.

7 қараша

Мемлекет басшысы мемлекеттік сапармен Сингапур Республикасында болып, осы елдің Президенті С.Р. Натанмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты ынтымақтастықтың жағдайы мен келешегі қаралды. Халықаралық сипаттағы мәселелерді талқылай отырып, тараптар БҰҰ-ның әлемдегі рөлі туралы, сондай-ақ осы құрылым мен басқа да халықаралық ұйымдар аясында әрекеттесу мәселелері қозғалды. Бұл ретте, Қазақстанның АСЕАН-ға және Сингапурдың АӨСШК-ке қосылу мүмкіндігіне ерекше назар аударылды.



Мемлекет басшысы Сингапур Республикасының Премьер-министрі Го Чок Тонгпен кездесті.

Келіссөздер барысында тараптар басым салалар ретінде мұнай-газ машиналарын жасау, телекоммуникация және ақпараттық технологияларды белгілеп, өзара ең қолайлы режим құру туралы уағдаластыққа қол жеткізді.

Келіссөздер барысында сауда саласындағы ақпарат алмасу мен екі ел арасындағы жеке сектордың өзара әрекеттесуін көтермелеу мәселелеріндегі ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Сингапур Республикасының Сауда және индустрия министрлігі арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Күн соңында Мемлекет басшысы Сингапур Республикасының қалалық жоспарлау агенттігіне барып, қала-мемлекеттің даму жоспарларымен танысты және Қазақстанның Сингапурдағы Дипломатиялық миссиясының болашақ ғимаратын көрді.

Н.Ә. Назарбаев Сингапурдың қала құрылысындағы жетістіктерін жоғары бағалап, сингапурлық тәжірибені Қазақстан астанасында қолдануға мүдделестігін білдірді.

8 қараша

Мемлекет басшысы Сингапур Республикасына мемлекеттік сапары барысында ағылшын тілінде басып шығарылған «Сындарлы он жыл» атты кітабының тұсаукесер рәсіміне қатысты.

Жиналғандардың алдында сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев кітаптың таяу он жылда адамзатпен бетпе-бет келетін өзекті қыр көрсетулердің сараптама-сына арналғанын атап көрсетті. Ең өткір халықаралық мәселелердің қатарында Президент терроризм мен ядролық қарудың таралуын атады және Қазақстан әлемде ең бірінші болып қолында бар ядролық қарудан өз еркімен бас тартқанын айрықша атап өтті.

Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Қазақстанның қосқан тәжірибелік үлесі болған Қазақстан жерінде өткен АӨСШК-тің бірінші отырысы мен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезі туралы айтты.

Мемлекет басшысы «Singapore Technologies Engineering Ltd.» корпорациясына және оның «ST Marine» бөлімшесіне барды.

«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» ААҚ мен «Singapore Technologies Engineering Ltd.» кор-

порациясы арасында қорғаныс саласындағы келісім-шарт пен мұнай өндіру саласындағы ынтымақтастық ниеті туралы хаттамаға қол қойылды.



«Singapore Technologies Engineering Ltd.» Сингапур компаниясы 2002 жылы оның құрамына бөлімшелер ретінде енген төрт компанияның — «ST Electronics» (электронды өнеркәсіп), «ST Aerospace» (аэроғарыштық өнеркәсіп), «ST Kinetics» (қару-жарақтың жер үсті түрлерінің өнеркәсібі) және «ST Marine» (кеме өндірісі) бірігіу нәтижесінде құрылды.

Мемлекет басшысы «Оңтүстік Азия өркениеті» мұражайына және «Түнгі сафари» хайуанаттар бағына барды, содан соң Сингапурдың орталық басылымдарына сұхбат берді.

9 қараша

Мемлекет басшысы Сингапур Республикасына мемлекеттік сапары барысында «Singapore Technologies Engineering Ltd.» корпорациясы бөлімшелерінің бірі болып табылатын «ST Kinetics» компаниясына барып, оның өнімдерімен танысты.

Содан соң Президент «Jurong» индустриялық паркіне барып, қойылған экспонаттарды қарап шықты және парктің екі компаниясы өкілдерінің тұсаукесер баяндамаларын тыңдады. Оның бірі — құрылыс саласына, екіншісі мұнай-газ жабдықтарының өндірісіне маманданған.



«Jurong» индустриялық паркі — Сингапурдың өнеркәсіптік табыстарының ұстаханасы. Оның тарихы 1960 жылдан бастау алады. Қазіргі уақытта жалпы көлемі 1700 гектар болатын парк аумағында жалпы жылдық табысы 13 млрд. долларға жақын 72 компания өз өнімдерін шығарады.

Түстен кейін Мемлекет басшысы «Keppel Offshore & Marine» компаниясына барып, кәсіпорын докторындағы кеме жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Қазақстандық делегацияға сондай-ақ мұнай өндіруге арналған жылжымалы бұрғылау қондырғылары және сингапурлықтар «Азия Геркулесі» деп атап кеткен салмағы 500 тонналық әлемдегі ең үлкен кран көрсетілді.

Кешке қарай Мемлекет басшысы «Sentoza» ойынсауық паркіне барды.



10 қараша

Мемлекет басшысы Сингапур Республикасына мемлекеттік сапары барысында «Shangri La» сәнді астаналық отелінде өткен Қазақстан-Сингапур бизнес-конференциясына қатысты.

Форумға 50 қазақстандық жетекші компаниялардың және 140 сингапурлық компаниялардың басшылары қатысты.

Сол күні Мемлекет басшысы Филиппины Республикасына мемлекеттік сапармен аттанды.

11 қараша

Мемлекет басшысы Филиппины Республикасында мемлекеттік сапармен болып, осы елдің астанасы Манила қаласында Президент Г. Арройомен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері, сондай-ақ өзара мүдделестікті тудыратын халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасу өтті.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Филиппины Республикасы арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы, сондай-ақ туризм саласы мен дипломатиялық және қызметтік тәлқұжаттарының иелері үшін визасыз режим мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімге қол қойылды.



Мемлекет басшысы Филиппины Республикасының Энергетика министрі В.С. Переспен және Филиппины Республикасы Конгресі Сенатының төрағасы Ф.М. Дрилонмен кездесті және олармен келіссөздер жүргізді.

Қазақстанның тәуелсіздік алуына, ел экономикасын жаңартуға және екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамытуға қосқан үлесі үшін Н.Ә. Назарбаевқа Филиппины халқы атынан «Жетістіктері үшін» медалі табыс етілді.



«Жетістіктері үшін» медалі — Филиппины Республикасы Конгресі Палата өкілдерінің наградасы.

12 қараша

Мемлекет басшысы Корея Республикасына ресми сапармен келді.

13 қараша

Мемлекет басшысы Корея Республикасына ресми сапары барысында осы елдің астанасы Сеул қаласында Президент Но Му Хенмен кездесті және онымен екіжақты қатынастардың толық спектрі бойынша келіссөздер жүргізді.

Олардың қорытындысы бойынша мемлекет басшыларының бірлескен мәлімдемесі қабылданды, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша экстрадация мен құқықтық көмек көрсету туралы үкіметаралық келісімдерге және білім беру саласындағы ынтымақтастық бағдарламасына қол қойылды.

Жоғары деңгейдегі кездесу аяқталған соң, Н.Ә. Назарбаев Қазақстандағы Корей диаспорасына арналған фотокөрменің ашылу рәсіміне қатысты.

Содан соң Президент Сеул қаласының мэриясына барды, онда Оңтүстік Корея астанасының мэрі Ли Мен Бак оған қаланың құрметті азаматы атағын беру туралы куәлігі мен естелік медальды табыс етті.



Түстен кейін Мемлекет басшысы «Қазақстан — сіздің сауда инвестициялық серіктесіңіз» атты Қазақстан-Корея бизнес-форумына қатысты. Оның аясында Н.Ә. Назарбаев «Samsung» және «LG» компанияларының басшылығымен жеке кездесті.

Кешке қарай Президент «Чунан ильбо» газетіне сұхбат берді.

14 қараша

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында ХВҚ басқарушы-директоры Х. Келлерді қабылдады және онымен Қазақстан мен ХВҚ арасында одан әрі ынтымақтастық құру мәселелерін, сондай-ақ елдің әлемдік экономикаға ықпалдасу жолдарын талқылады.



15 қараша

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы Қару-жарақты қысқартуды бақылау және инспекциялық қызметті қамтамасыз ету жөніндегі орталық пен Америка Құрама Штаттарының Ядролық қауіпті азайту жөніндегі орталығы арасында қорғалған байланыс желісін құру туралы келісімді бекіту туралы» №496-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы №3827 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1226, «Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге қол қоюы туралы» №1227, «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кәсіпкерлік кеңесін тарату туралы» №1228 жарлықтарына қол қойды.

18 қараша

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералды кеңесінің арасындағы Жолаушылар мен жүктердің халықаралық тасымалдары туралы келісімді бекіту туралы» №497-II, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грекия Республикасының Үкіметі арасындағы Жолаушылар мен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімді бекіту туралы» №498-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Италия Республикасының Үкіметі арасындағы Жолаушылар мен жүктерді автомобиль көлігімен халықаралық тасымалдауды өзара реттеу туралы келісімді бекіту туралы» №499-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Н.С. Әшімовті Батыс Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1229, «Д.Ә. Бердәлиевті Қазақстан Республикасының Корея Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1230, «Дипломатиялық дәрежелер беру туралы» №1231 жарлықтарына қол қойды.

20 қараша

Мемлекет басшысы Италия Республикасы Министрлер кеңесінің төрағасы С. Берлусконимен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында тараптар екі ел арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың жағдайы мен келешегі туралы пікір алмасты, сондай-ақ С. Берлусконидің Қазақстанға сапары туралы мәселелерін талқылады.

21 қараша

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Президенті А.Н. Сезер мен Ұлыбритания мен Солтүстік



Ирландия Құрама Корольдігінің Премьер-министрі Т. Блэрге Ыстамбұл қаласында болған террористтік әрекет салдарынан отандастарының қаза болуына байланысты көңіл айту жеделхаттарын жолдады.

Президент терроризмді батыл түрде сөгетінін атап айтты және кінәлі адамдар табылып, жазасын алатынына сенім білдірді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Д.К. Ахметовті қабылдап, оның елдің 2003 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы мен 2015 жылға дейінгі Индустриялық-инновациялық даму стратегиясының іске асу барысы туралы есебін тыңдады.

Кездесуде сондай-ақ мұнай операцияларына салық салу, зейнеткерлердің әлеуметтік жағдайларының жақсаруы және қысқы мезгілге дайындық мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы №573 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1232 Жарлығына қол қойды.

24 қараша

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен телефон арқылы сөйлесті. Оның барысында тараптар Ресейдегі Қазақстан жылының аяқталуы; Беларусь, Қазақстан, Ресей және Украинаның бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы; Киев қаласында болатын ТМД елдері сыртқы істер министрлерінің кездесуі; Грузиядағы саяси жағдай және тағы да басқа мәселелерді талқылады.



Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинге Ресей халықтары достығы университетінің жатақханасында шыққан өрт салдарынан болған адам шығынына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Премьер-министрі мен оның орынбасарларын қабылдап, олардың мемлекеттік басқару деңгейлерінің арасындағы өкілеттіктерін ажырату барысы

туралы, мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбекақысын төлеуді жетілдіру, сондай-ақ білім мен ғылым саласындағы басқару жүйесін жаңарту туралы есептерін тыңдады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Ғ.Р. Әбдірахымовты қабылдады және оның алдында мемлекеттік қызметшілерді оқыту жүйесін жетілдіру, еңбекақысын өсіру және мемлекеттік қызметші имиджін жақсарту бойынша бірқатар міндеттер қойды.

Мемлекет басшысы зиялы қауым өкілдерін қабылдап, олармен Қазақстан Республикасы Ұлттық кеңесінің III отырысында қаралуы қарсаңында 2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының жобасын талқылады.

Кездесуде сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік қайраткерлері — Мемлекеттік хатшы И.Н. Тасмағамбетов, Мәдениет министрі Д.Қ. Қасейінов және ақпарат министрі С.А. Әбдірахманов, Парламент депутаттары Ж.М. Әбділдин, Ө. Байгелді, Ө.К. Кекілбаев, Ш.М. Мұртаза да болды.

Мемлекет басшысы «Ғ.Р. Әбдірахымовты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1233, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы №3985 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №1234 жарлықтарына қол қойды.

25 қараша

Мемлекет басшысы Астана қаласының орталық мешітіне барып, Қазақстанның барша мұсылмандарын Ораза айт мерекесімен құттықтады.

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы «Астанабасжоспар» МҚК-ге барып, танымал итальяндық сәулетші М. Николетти әзірлеген киноконцерт залының жобасымен, елорданың оңтүстік бөлігінің егжей-тегжейлі жоспарымен, Ұлттар сарайының



эскиздерімен танысты, сондай-ақ елорданы көгалдандыруға және оның айналасына қорғаныш жасыл белдеуін құруға қатысты өз ойын айтты.

Мемлекет басшысы өзінің бастамасымен 2002 жылғы наурыз айында құрылған Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Жүйелі зерттеулер орталығының қызметкерлерін қабылдады.

Орталық басшысы А.Қ. Әбдімомынов Президентке орталық қызметінің нәтижелері мен 2004 жылға арналған жоспарлары туралы мәлімдеді.

Кездесу барысында сондай-ақ Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру және ондағы Ұлттық ғылым академиясының рөлі туралы, Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі, өңірлердің инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымының дамуы, кадрлық саясат мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Б.Қ. Нұрғалиевты Қазақстан Республикасының Жапониядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1235 Жарлығына қол қойды.

26 қараша

Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасының Федералды канцлері Г. Шредердің Қазақстанға ресми сапары қарсаңында «Wirtschafts Woche» неміс іскерлік апталық газетінің тілшісі Ф. Сиренге сұхбат берді.

Президент елдің экономикалық өсуінің көздері туралы, ортаазиялық өңірдің геосаяси жағдайы, Қазақстанның мұнай-газ саласы басымдықтарының дамуы, неміс компанияларының қазақстандық экономикаға қатысуын кеңейтудің келешегі жөніндегі сұрақтарға жауап берді.

Мемлекет басшысы «Қ.Е. Көшербаевты Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1236 Жарлығына қол қойды.

27 қараша

Мемлекет басшысы Астана қаласына Қазақстанның Азаматтық партиясының барлық деңгейдегі

депутаттарының I Конгресіне қатысу үшін келген өкілдерін қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстандағы партиялық құрылыс мәселелері мен келешегі туралы, сондай-ақ партияның Қазақстанның Индустриялық-инновациялық дамуының 2003–2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыруға қатысуы туралы пікір алмасу өтті.

28 қараша

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан Республикасы Ұлттық кеңесінің III отырысына төрағалық етті.

Отырыс барысында 2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының жобасы талқыланды.



2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы Жарлығымен қабылданды. Оның іске асқан уақыты ішінде ерекше тарихи-мәдени маңызы бар 35 сәулет ескерткіштері қалпына келтірілді. 30 археологиялық және 17 қолданбалы ғылыми-зерттеу жобалары іске асырылды. Батыс Еуропа, АҚШ, Жапония, Түркия, Египет, Қытай, Ресей және Армения елдерінде жүргізілген іздестіру жұмыстарының нәтижесінде Қазақстан тарихына қатысты 5 мыңға жуық құнды мәліметтер табылды, олардың көшірмелері елге әкелінді. Археологтар 22 көне қала орындарын, қоныстар мен қорғандарды зерттеді. Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің жаңа Мемлекеттік тізімі жасалды, оған 218 нысан енді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 қыркүйектегі №691 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1237 Жарлығына қол қойды.

29 қараша

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №500-II Заңына қол қойды.

ЖЕЛТОҚСАН



Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	31
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	



1 желтоқсан

«Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары» атты Қазақстан халқына Жолдауы

Астана қаласы, 2003 жылдың 4 сәуірі

Қымбатты отандастар!

Құрметті депутаттар!

Біздің еліміз «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді бағдарламасына және онжылдық стратегиялық жоспарға сәйкес ойдағыдай ілгері дамып келеді. Соңғы жылдары біздің қолымыз жеткен табыстар аз емес. Қазақстанның нарықтық жаңғырулардағы жетістіктері, экономикалық өрлеуі мен халықтың тұрмыс деңгейін көтеруі жалпыға мәлім, әрі әлемдік қоғамдастыққа да танылып отыр. Ұлттық қауіпсіздік пен ішкі саяси тұрақтылықты нығайту, қоғамды одан әрі демократияландыру, өңірлік ынтымақтастықты дамыту жөнінде ұдайы дәйекті шаралар қолданылып жатыр. Ең бастысы, бізде қоғам мен мемлекетті, экономика мен әлеуметтік саланы тұрлаулы дамытудың келелі жолдарын іздестіру тынымсыз әрі нәтижелі жүргізіліп келеді.

Бұл Жолдауда келесі, 2004 жылғы экономикалық және әлеуметтік саясаттың, қоғамды одан әрі демократияландыру мен мемлекеттік басқару тиімділігін арттырудың, мәдениет, білім беру мен руханият салаларын дамытудың негізгі бағыттары баяндалып отыр.

I. Экономикалық өсу

Бүгінгі таңда Қазақстанның қолында экономикалық өсудің жоғары қарқынын қамтамасыз ететін серпінді дамып келе жатқан отын-энергетика, металлургия және химия кешендері бар.

Сонымен бір мезгілде біздің алдымызда экономиканың теңдестірмелігін қамтамасыз ету, өңдеуші өнеркәсіпті, жоғары технологиялы және ғылыми қамтымды өндірістерді, өндірістік инфрақұрылымды және агроөнеркәсіп секторын ілгерілете дамыту жөніндегі аса маңызды міндеттер тұр.

1.1. Аграрлық саясат

Өткен жылғы Жолдауымда мен 2003–2005 жылдарды ауылды өркендету кезеңі деп жарияладым.

Еліміздің ауыл шаруашылығы мен ауылдық аумақтарын жаңғырту мен дамыту жөніндегі негізгі міндеттерді шешу Үкіметтің алдағы кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық саясатының басты мазмұнын құрайтын болады.

Мұны ойдағыдай іске асыру үшін қазірдің өзінде мемлекеттік басқару жүйесінде құрылымдық қайта құру жүргізілді. Өткен жылдың ішінде Жер, Су және Орман кодекстерінің, «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» Заңның жобалары әзірленіп, Парламентке ұсынылды, «Ветеринария туралы», «Өсімдіктерді қорғау туралы», «Тұқым шаруашылығы туралы» Заңдар қабылданып, «Өсімдіктер карантині туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Бекітілген бағдарламалық құжаттарға сәйкес мемлекет 2004–2005 жылдары ауыл экономикасына 150 миллиард теңгеден аса қаражат жұмсауды жоспарлап отыр. Соның ішінде 2004 және 2005 жылдары бұл сома жыл сайын 10 миллиард теңгеге ұлғайтылады.

Алдағы екі жылда денсаулық сақтау мұқтаждарына қосымша 30 миллиард теңге, яғни жыл сайын 15 миллиард теңгеден бөлінеді. Сонымен бірге 2003–2005 жылдары ауылдағы білім беру мен денсаулық сақтау ісіне, ауылды сумен жабдықтау объектілеріне инвестицияға мемлекеттік бюджеттен жыл сайын 15 миллиард теңгеден бөлінетін болады.

Мен Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасынан тыс биылғы жазда Ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекітсем деп отырмын.

Сөйтіп, 2004 жылдан бастап, оны іске асыруға да мемлекет едәуір қаражат бөлетін болады.

Бұл бағдарламаның мақсаты — ауылдың әлеуметтік дамуын жеделдету және жұртты тоқыраулы әрі экологиялық және экономикалық жағынан келешегі күмәнді ауылдық аумақтардан көшіруге және еңбекке орналастыруға жәрдем көрсету.

Осы орайда, ауыл экономикасына мемлекеттік қолдаудың өсе түскен көлемінің де, жерге жеке меншік құқығын енгізудің де — тегінде, осының бәрінің де, еліміздің экономикасындағы аграрлық сектордың үлесін ұлғайту, тиісінше ауылдағы әлеуметтік проблемаларды шешу үшін жасалып отырғанын еске салған орынды деген ойдамын.

1.2. Индустриялық-инновациялық саясат

Бүгінгі таңда теңдестірмелі және тұрлаулы даму үлгісін түзген кезде біз экономиканы шикізаттық бағдарынан өңдеушілік бағдарға қарай диверсификациялау жолдарын айқындап алуымыз керек.

Қазақстанның кенен байлығы — минералдық шикізаттың қайтып қалпына келмейтін жадығат екені, әрі кен орындарының уақыт өте келе сарқылатыны белгілі. Мұның өзі болашақта әуелі экономикалық, содан кейін саяси тәуелсіздігімізден айырылып қалуымызға әкеліп соғуы мүмкін.

Сондықтан, менің тапсырмам бойынша Үкімет 2015 жылға дейінгі Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын әзірледі.

Басты міндет — 2000 жылмен салыстырғанда ІЖӨ-ні 2015 жылға қарай 3,5 есе ұлғайту.

Бағдарламаның негізгі мақсаты — кәсіпкерлік ахуал, бәсекелестік орта қалыптастыру, жеке меншік секторды қосылған құны жоғары өндірістер құруға ынталандыратын қоғамдық институттар жүйесін құру.

Бұл ретте қара және түсті металлургияда, шикізат өңдеу, соның ішінде ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу саласында, осындай өндірістер құру жөнінен елеулі әлеует бар.

Мұндай өндірістерді ұйымдастырудың осы заманғы тәсілдері мемлекет тарапынан көтермелеуді, жоғары технологиялы орталықтар құруды талап етеді.

Технопарктер жасақтау арқылы қолдағы ғылыми базаны: Алматы түбіндегі Алатау кентіндегі ақпараттық технологиялар орталығын, Степногордағы биотехнологиялық орталықты, Курчатовағы ядролық технологиялар орталығын білгірлікпен пайдалана білген жөн.

Бағдарламаны іске асыру барысында мәшине жасауға, әсіресе мұнай-газ саласына, сондай-ақ көлікті дамытуға баса назар аудару қажет.

Бағдарламаға мемлекеттік қолдау көрсету жеңілдікпен кредиттер бөлуді, экспортты сақтандыруды, құрылтайшы капиталға, коммерциялық ақпарат таратуға үлестік қатысуды көздейді.

Біз инвестициялық сипаттағы тікелей мемлекеттік шығасылардың жылына орта есеппен 38 миллиард теңге (250 млн. доллар) болатынын жоспарлап отырмыз. Бұл қаражаттың едәуір бөлегі өндірістік және ғылыми инфрақұрылымды жасақтау мен жаңартуға жұмсалатын болады.

Бұл орайда ғылыми және инновациялық үрдіске деген көзқарасымыздың өзін өзгертуіміз керек.

Ғылымды реформалау құрылымдық өзгерістерді ғана емес, оны қаржыландыру көлемін де қамтуға тиіс. Яғни ғылыми және қолданбалы зерттеулерді мемлекеттік қаржыландыру көлемі ұлғайтылуы қажет.

Алға қойылған міндеттер сыртқы сауда саясатының қағидаттарын қайта қарауды талап етеді. Еліміздің өңірлік интеграциямен, әлемдік қалыптарға көшумен, тауарлар өндірісін және қызмет көрсетуді экспортқа бағдарлаумен ұштастыру арқылы сауданы ырықтандыру бағытын ұстануға тиіс екені қазірдің өзінде айқын болып отыр.

Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын іске асыру мақсатында даму институттарының жүйесі құрылады әрі капиталданатын болады.

Соның ішінде, қазірдің өзінде жинақтаушы, сондай-ақ тұрақтандырушы уәзипалар атқарып жатқан Ұлттық қор бар.

Таяу уақытта Қазақстанның инвестициялық қоры құрылатын болады. Ол капиталына үлестік қатысу арқылы қосылған құны жоғары тауарлар өндіретін қазақстандық компаниялардың құрылуына жәрдемдесуге тиіс.

Ғылыми-техникалық және кәсіпкерлік салалардың тұрақты өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында Инновациялық қор құрылып, оған инновациялар мен венчурлық кәсіпкерлікті дамыту мен енгізу жөнінде неғұрлым кең өкілеттіктер жүктеледі. Қазақстан даму банкі қазірдің өзінде экономиканың шикізаттық емес секторында жұмыс істейтін отандық кәсіпорындарға кредит бөлу жөніндегі қызметті қолға алып, 23 миллиард теңгеге (150 млн. доллар) жуық кредиттер берді. Оның міндеті — өңдеуші өнеркәсіп пен өндірістік инфрақұрылымды дамытуға жәрдемдесу.

Үкіметтің сонымен бірге халықаралық саудаға қатысты саяси тәуекелді сақтандырумен шұғылдануға тиіс Экспортты сақтандыру жөніндегі корпорация құруы қажет.

Даму жөніндегі мемлекеттік институттардың нарықты алмастырмайтынын немесе ығыстырмайтынын, қайта бәсекеге қабілетті экономиканың қозғаушы күшіне айналып, серіктестік қағидаттары негізінде жеке кәсіпорындарды инновациялық үдеріске тартатынын атап көрсету керек.

1.3. Интеграциялық саясат

Жедел экономикалық өрлеуге біздің мемлекетіміздің интеграциялық жаһатшілігі жәрдемдесетін болады. Жуырда ТМД-ның ортақ экономикасының 90 пайыздан астамын құрайтын Ресейдің, Қазақстанның, Украина мен Беларусьтің өңірлік интеграция ұйымын жасақтау туралы мәлімдегені өздеріңізге белгілі. Біздің еліміз осы бірлестіктің мұраттарын нақтылы жүзеге асырудың дәйекті жақтаушысы болып қала береді. Мұнда көп нәрсе біздің мемлекеттеріміздің заңнамалық базаларын үйлестіруге және парламентшілердің бұл үдеріске белсене қатысуына байланысты болады.

1.4. Инвестициялық саясат

Үстіміздегі онжылдықта әлеуметтік-экономикалық салада жалпы ішкі өнімді екі есе ұлғайтуды, сөйтіп, негізінен алғанда, кедейшілік пен жұмыссыздық проблема-

сын шешуді міндетімізге алғанымызды еске саламын.

Осыған орай экономика саласында 2004 жылы экономикалық өрлеудің барынша жоғары қарқынына жету басты міндет ретінде алға қойылып отыр.

Мұның өзі инвестициялардың тез өсуіне және жалпы ішкі өнімдегі жинақтау нормасының артуына тікелей байланысты.

Экономикалық өсімнің жоғары қарқынын тұрақты ұстап тұру үшін біздің таяудағы 4–5 жылдың ішінде негізгі капиталдың ІЖӨ-ге қатысты жалпы жинақталу көлемін 28 пайыз деңгейіне дейін жеткізуіміз керек. Соның ішінде мемлекеттік инвестициялардың ІЖӨ жөнінде 2-ден 4 пайызға дейінгі өсіміне жету шарт.

Биылғы жылы мемлекеттік бюджеттің асыра орындалатыны, сөйтіп көкейге қонымды маңызды деңгейге — бір триллион теңгеге жақындайтыны қазірдің өзінде білініп отыр.

Сондықтан, биылғы мамырдың ішінде-ақ бюджетті нақтылай түсу қажет, ал экономиканың стратегиялық салаларында жұмыс істейтін мемлекеттік ірі кәсіпорындар акцияларының пакеттерін сатудан алынған жоспардан тыс түсімдерді Ұлттық қорға жіберу керек.

Осыған орай мен Үкіметке биылғы жылдың бюджетін Парламентте нақтылаған кезде артылған қаражатты жинақтауға, сондай-ақ әлеуметтік дамуға бағыттауды тапсырамын.

1.4.1. Мемлекеттік инвестициялар

Индустриялық-инновациялық бағдарламаның іске асырылуын қамтамасыз ететін жоғарыда аталған қаржы институттарын құру мен капиталдандыру мақсатында:

- Даму банкінің жарғылық капиталын ұлғайтуға және оның кредиттік жадығатын молықтыруға — 12 миллиард теңге;
- құрылатын Қазақстан инвестициялық қорының жарғылық капиталына — 23 миллиард теңге;
- құрылатын Инновациялық қорға — 3 миллиард теңге;
- Экспортты сақтандыру жөніндегі корпорация құру үшін — 7,7 миллиард теңге жіберуді ұсынамын.

1.4.2. Астананы дамыту

Астананы еліміздің орталығына көшірудің стратегиялық қажеттігі мен тиімділігі және оны осы заманғы үлгіде абаттандыру керектігі бүгінгі таңда бір кездегідей ешкімнің күмән-күдігін туғызбасы анық.

Бас қаламыздың сәулет сұғатын келісті ету жөніндегі жасампаздық жоспарларды іске асыруды қолға алған екенбіз, ендеше бұл істі аяқсыз қалдырып, ақырына дейін жеткізбеуге біздің ешқандай қақымыз жоқ.

Еліміздің жаңа астанасын салудың экономикалық, саяси және әлеуметтік тиімділігі турасында біз жиі айтып жүрміз. Айталық, Астана қаласын салу мен дамытуды қолға алған жылдардың ішінде оны абаттандыруға әртүрлі көздерден шамамен 2,5 миллиард доллар жұмсалып, мұның өзі еліміздің экономикалық өсуіне, өндірісті жандандыруға, жұмыс орындарын құрып, салық алымдарын көбейтуге айтарлықтай үлес қосты.

Астананың үлгісі бойынша еліміздегі барлық облыс орталықтары көркейіп келеді. «Астананың өркендеуі — Қазақстанның өркендеуі» бағдарламасы жұмыс істеп тұр.

Біз астанамыздың құрылысына елеулі үлес қосып жатқан достас елдерге, шетел инвесторларына, отандық кәсіпкерлерге ризашылығымызды білдіреміз.

Менің өтінішім бойынша олар бөлген өтеусіз қаражатқа биылдың өзінде ғана 200 миллиондай АҚШ доллары сомасына құрылыстар салынып жатыр.

Алайда, алдағы уақытта біз астана құрылысын оны дамытудың ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарлары мен бағдарламаларының негізінде бюджет қаражатының есебінен жоспарлы түрде жүргізуге көшуіміз керек.

Үкімет Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп, әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілер құрылысының белгіленген жоспарларға сәйкес жүргізілуіне қамқорлық жасауға тиіс.

1.4.3. Жеке инвестициялар

Біздің экономикамыздағы жеке сектордың рөлі барған сайын арта беруге тиіс. Бүгінгі таңда зейнетақы жинақтау жүйесінің жиынтық капиталы 300 миллиард теңгеге жуықтап отыр. Банк жүйесіндегі депозиттер 600 миллиард теңгеден асып түсті.

Банктердің жиынтық меншік капиталы бір жылдың ішінде үштің біріне ұлғайып, миллиард доллардан асып түсті, ал экономикаға берілген кредиттер соңғы үш жылда 4,5 есе көбейді.

Әлбетте, мұның бәрі де экономикалық өрлеудің жоғары қарқынын қамтамасыз етеді және демеп отырады.

Дегенмен, біз жеке жинақтаулар мен қорбалардың, ең бастысы экономикаға жасалатын инвестициялардың бұдан әлдеқайда өсе түсуіне мүдделіміз.

1.5. Салық саясаты

Салық азайған сайын, жеке инвестициялар көбейе түседі дегенді даусыз ақиқат санауға әбден болады.

Сондықтан да мен Үкіметке жекелеген салықтарды пәмін одан әрі кеміту туралы Парламентке ұсыныс енгізуді тапсырамын.

Мен 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- қосылған құнға салынатын салықтың пәмін 16-дан 15 пайызға дейін кеміту;
- жұмыс берушілердің регрессивтік шәкіл бойынша еңбекке ақы төлеу шығыстарының деңгейіне қарай әлеуметтік салықты 20-дан 7 пайызға дейін шақтау арқылы оның пәмін кеміту;
- жеке табыс салығының ең жоғарғы пәмін 30-дан 20 пайызға дейін кеміту қажет деп санаймын.

Үкіметке шағын бизнес субъектілерінің оңайлатылған салық салу жағдайындағы қызметінің оңды тәжірибесін ескеріп, арнайы салық уәжіптерінің аясын кеңейту мүмкіндігін зерделеуді тапсырамын.

II. Әлеуметтік даму

Экономикалық өрлеу қарқынын еселей келе, біз еліміздің экономикалық қуатын нығайтып қана қоймаймыз, сонымен қатар әлеуметтік даму міндеттерін шешу үшін барынша кең мүмкіндіктер ашамыз.

Бұл саясаттың маңызды бір бөлігі — зейнетақы мен жалақыны одан әрі арттыра беру.

2.1. Зейнетақылар

Зейнетақының ең төменгі деңгейін 5,5 мың теңгеге дейін ұлғайту қажет деп санаймын.

Әрбір зейнеткердің еңбектегі еншісін, жұмыс өтілін, зейнеткерлікке шыққан кездегі жалақысын ескеріп, зейнетақылардың неғұрлым әділетті шамасын белгілейтін уақыт та жетті, әрі еліміздің оған мүмкіндігі де пайда болды деген ойдамын. Мұның өзі миллионға тарта зейнеткердің зейнетақысын арттыруға мүмкіндік береді.

Осы күрделі әрі едәуір қымбатқа түсетін, алайда абыройлы міндетті шешуге біз кідіріссіз, биылғы 1 маусымнан бастап кірісуіміз керек. Үкіметке зейнетақылардың саралап арттырылуын жүзеге асыруды: биылғы 1 маусымнан бастап оларды қайта есептеуді, ал 1 шілдеден бастап төлеуге кірісуді тапсырамын. Жаңа ең төменгі зейнетақы да 1 шілдеден бастап төленетін болсын.

Есеп бұл үшін бір жарым жылдың ішінде қосымша 60 миллиард теңге, соның ішінде биылдың өзінде 20 миллиард теңгедей бөлу қажет болатынын көрсетіп отыр.

Соның нәтижесінде зейнетақылардың орташа мөлшері келесі жылы сегіз мың теңге деңгейінен асып түсуге тиіс.

2.2. Жалақы

Ең төменгі жалақы, әлбетте, ең төменгі зейнетақыдан артық болуға тиіс екеніне қарамастан, ол биыл ғана сол деңгейге жетіп отыр.

Сондықтан да келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап, жалақы 5000 теңгеден 6600 теңгеге дейін, немесе 32 пайыз өсірілетін болады.

Мұның алдындағы жылдары біз бюджеттегі мекемелер қызметкерлерінің жалақысын көтерген едік. Өткен жылы тек мұғалімдердің өздеріне ғана жалақы 35 пайыздан астам көбейтілді.

Белсенді әлеуметтік саясатымызды одан әрі жалғастыра береміз, сөйтіп келесі жылдан бастап бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысы орта есеппен тағы да 20 пайыз ұлғайтылады. Бұл ретте еңбекке ақы төлеу жүйесін одан әрі жетілдіре беру жоспарланып отыр.

Сонымен бір мезгілде еңбекке ақы төлеудің әзірленіп жатқан жаңа жүйесінің ауқымында мемлекеттік қызметшілердің жалақысы орта есеппен 50 пайыз арттырылады.

Бұл жолы Үкімет еңбекақы төлемі кестесін бірінші кезекте ақысы төмен қызметкерлердің жалақысын көтеруді ескере отырып, нақтылай түсуге тиіс.

Тұтас алғанда 2004 жылы жалақыны көбейтуге мемлекеттік бюджеттен 50 миллиард теңгеден аса қаражат бөлінеді.

Сонымен қатар табыс деңгейі төмен адамдарға қолдау көрсету үшін Үкіметке салықтарды кеміту кезінде жеке табыс салығын есептеуге қажетті салық салынбайтын ең төменгі мөлшерді кем дегенде 30 пайыз көтеруді тапсырамын.

Бұл шаралар табысы төмен қазақстандықтардың көпшілігінің әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік береді әрі жұмыссыздықты едәуір қысқартудың маңызды тұтқасына айналады.

Енді бір маңызды мәселе туралы. Біз еліміздің көші-қон шығынының орнын толтырудың жайын да байсалды ойластыруымыз керек. Бұл түйінді мәселе, өз жоспарларымызды іске асыруымыз осы мәселені шешуімізге де байланысты болмақ.

Сол себепті Үкімет:

- тууды өсіруді;
- денсаулық сақтауды жақсарту есебінен өлім-жітімді кемітуді;
- ең әуелі еңбекке жарамды жастағы бұрынғы қазақстандықтар есебінен оралу-шыларды қабылдауды ұлғайтуды қарастыратын бағдарлама әзірлеуге тиіс.

Осыған сүйеніп, мен сондай-ақ келесі жылы оралмандарға арналған шаманы екі есе ұлғайту, әрі осы мақсатқа қосымша екі миллиард теңге жұмсау жөнінде міндет қоямын.

2.3. Мәдени-тарихи мұраны сақтау

Руханият пен білім беру салаларын дамытудың аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде биыл бірқатар ауқымды жобалардың басын қосатын «Мәдени мұра» арнаулы орта мерзімді бағдарламасын әзірлеп, іске асыруға кірісуді ұсынамын.

Оның мақсаты:

Біріншіден, халықтың орасан мол мәдени мұрасын, соның ішінде осы заманғы ұлттық мәдениетін, фольклорын, дәстүрлері мен салттарын зерделеудің біртұтас жүйесін жасау.

Екіншіден, ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар елеулі мәдени-тарихи және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді қамтамасыз ету.

Үшіншіден, ұлттық әдебиет пен жазудың санғасырлық тәжірибесін қорыту және кеңейтілген көркем, ғылыми, өмірбаяндық дестелер жасау.

Төртіншіден, мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойдың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері негізінде гуманитарлық білім берудің толымды қорын жасау.

Мәдени-рухани даму жөніндегі шаралардың ішінде біздің бас қаламыздың мәдени ортасын қалыптастыруға айрықша назар аударылуға тиіс.

Үкіметке үш ай мерзімнің ішінде Президент Әкімшілігінің қатысуымен осы орайда тиісті шешім әзірлеуді тапсырамын.



Мен ұсынып отырған барлық шаралар, әсіресе, әлеуметтік даму мен экономикалық өсімнің жоғары қарқынын ұстап тұру мақсатындағы жинақтаулар қажеттігі жағынан алғанда теңдестірілген әрі біздің мүмкіндіктерімізге сай келеді.

Сондықтан да Парламент депутаттарынан осы ұсынысты қолдауды сұраймын. Бұл шаралардың біздің азаматтарымыздың едәуір бөлегінің әл-ауқатын айтарлықтай жақсартатынына күмән жоқ.

III. Демократияландыру және тиімді басқару

Біздің алдымен экономика, содан кейін ғана саясат дейтін қағидатқа сүйеніп, дәйекті түрде ашық қоғамға қарай ілгерілеп келе жатқанымыз қазақстандықтарға мәлім.

Алайда, бізге басқа да жәйттер белгілі.

Егер 90-шы жылдардың басында ел билігін қолдан шығарып алсақ, онда ауыр дағдарыс жылдарында әрі көп ұлтты мемлекеттің жағдайында біздің мемлекеттіктен де айырылып, экономиканы реформалау міндеттерін де шеше алмаған болар едік. Бұған нақты мысалдар бар. Ал біз бүгінгі күні өзіміздің табысқа жеткенімізді мәлімдеп отырмыз.

Еліміздің экономика мен мемлекеттік құрылыстағы жетістіктері қоғам дамуының кезекті кезеңі ретінде саяси жүйені одан әрі ырықтандыру мәселелеріне баса көңіл бөлуге жағдай жасайды. Өзіміздің бүгінгі болмысымызды екшей келгенде, мұны азаматтық қоғам дамуының кезекті кезеңі болады деу керек.

Бүгін бізде демократия мен азаматтық қоғамның іргелі институттары құрылып отыр.

Соңғы уақыттың өзінде ғана бізде омбудсмен институты белгіленіп, Ұлттық кеңес, Бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі Қоғамдық кеңес құрылды.

Үкіметтің жанында алдағы уақыттағы демократияландыру мен азаматтық қоғамды дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейтін Тұрақты жұмыс істейтін Кеңес қызмет атқарып жатыр.

Партиялар туралы жаңа заң қабылданғаннан кейін еліміздегі партия жүйесі нығайып келеді, үкіметтік емес ұйымдардың белсенділігі арта түсті, әрі, ең бастысы, қоғамда саяси мәдениеттің демократиялық үлгісі тамыр тарта бастады.

Осы бағыттағы саясатымызды дәйекті жүзеге асыра отырып, біздің осы жолда кезекті қадамдар жасауымыз керек.

Алдағы кезеңге саяси реформалардың бес басым бағытын қамтитын бағдарламасын ұсынамын.

Бірінші.

Біз мемлекеттік басқару жүйесін жаңалап жетілдіруіміз керек. Мұндағы басты міндеттер — мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы құзыреттіліктің ара-жігін айқын ажырату, бюджетаралық қатынастар жүйесін жетілдіру.

Ұлттық кеңестің кешегі күні өткен отырысында біз «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңға енгізілмекші өзгертулер мен толықтыруларды қарадық.

Бұлар—жергілікті мемлекеттік басқарудың аумақтық даму, төменгі деңгейлердегі, ең алдымен ауылдағы тиімді басқаруды қамтамасыз ету мәселелерін шешудегі өкілеттіктерін одан әрі кеңейте беруге қатысты өзгертулер мен толықтырулар.

Ал мұны іске асыру үшін жүзден астам заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу керек. Сондықтан Үкіметтің алдына 2004 жылдың қарсаңында биліктің барлық деңгейлерінің оңтайлы уәзипалығын қамтамасыз ететін заңнамалық құқылық базаға тиісті өзгертулер әзірлеу міндетін қоямын.

Бюджеттік кодекстің жобасын әзірлеу жұмысы аяқталып келеді, оны Үкімет биылғы мамырдың ішінде Парламенттің қарауына енгізуге міндетті.

Осыған орай мен депутаттардан бұл құжатты мұқият зерделеп, осы биыл қабылдаудың қамын жасауды өтінер едім: бұл 2005 жылға арналған бюджетті келесі жылдан бастап, жаңа Бюджеттік кодекстің негізінде қалыптастыруды қолға алу үшін аса қажет.

Ал 2004 жылға арналған Республикалық бюджет туралы заңның жобасы қазіргі қолданылып жүрген «Бюджет жүйесі туралы» Заңның нұсқаларының негізінде әзірленетін болады. Басқару деңгейлерінің өкілеттіктерін айқындау мен оларды қаржылық қамсыздандыру жөніндегі жұмысты аяқталған бетте бұл үдеріс жергілікті басқару органдарының басшыларын сайлау тәжірибесін кеңейту арқылы тыңғылықты тиянағын табуға тиіс.

Бізді басты міндетіміз — жергілікті жердегі биліктің адамдар алдындағы жауапкершілігін көтеру, оларды әрбір адамның күнбе-күнгі мұқтажы мен қамқарына жақындата беру.

Ауылдық округтер дегейінде белгілі бір мерзімге әкімдердің сайланбалылығын енгізуге болады деген ойдамын.

Содан кейінгі жерде аудан әкімдерін сайлауға байланысты эксперимент жүргізуге көшкен жөн. Соның қорытындысына қарай мұндай тәжірибенің ұтымдылығы мен оңтайлы үлгілерін анықтау турасында байлам жасауға болатын секілді.

Тегінде, түпкі мұрат әкім сайлау ғана емес, мұны естен шығармау керек. Әлбетте бұл мәселені кезең-кезеңімен қажетті жағдаяттардың қалыптасуына қарай шешкен дұрыс.

Сонымен қатар басқарудың барлық деңгейлеріне кадрлар даярлау үшін жағдай туғызуға кідіріссіз кірісу қажет деп санаймын. Әлемнің үздік университеттерінде оқыту, елімізде санаты биік университеттер құру, сондай-ақ отандық Мемлекеттік қызмет академиясын нығайту — бүгінгі күннің міндеттері, міне, осындай. Мұның да демократиялық құрылыстың аса маңызды бір факторы екеніне сіздер келісесіздер деген ойдамын. Біз өз мәдениетіміздің құндылықтарын, бірлігімізді, ұлтаралық және дінаралық татулығымызды, саяси тұрақтылығымызды сақтай отырып, байыппен алға жылжи беретін боламыз. Мен мұны қайталаудан жалыққан емеспін.

Сонымен бірге, бірде-бір елдің мемлекеттік және саяси құрылыстағы толымдылыққа жете алмағанын да, ешкімнің ойдағыдай бюджетаралық қатынастар орната алмағанын да естен шығармаған жөн.

Дамыған өркениетті деген елдердің өзінде ырықтандыру мен орталықсыздану кезеңдерін мемлекет рөлінің күрт күшеюі мен орталықтану кезеңдері алмастырып отырған: бәрі де нақтылы-тарихи жағдайлар мен даму кезеңдерінің парықтылығына байланысты.

Басқаның тәжірибесін көзсіз көшірудің, халықаралық сарапшылардың бірі дөп басып айтқандай, біреудің дене мүшесін басқа біреуге салатын хирургиялық операция тәрізді екенін мықтап ұғынып алу керек, бөтен мүшенің басқа денеге қабыспайтын кездері жиі ұшырасатынын өздеріңіз де білесіздер.

Мұндай мәселеде абай болған жөн, әуелі бәрін де мұқият екшеп алған абзал. Үкіметке бұл мәселені шетелдік тақылеттес тәжірибені ескеріп, терең зерделеуді, сөйтіп нақтылы ұсыныстар енгізуді тапсырамын.

Екінші.

Сайлау жүйесін одан әрі жетілдіре беру қажет. Сайлау үдерісі бұрынғыдан да айқын әрі ашық болуға тиіс.

Өткен жылдың өзінде менің тапсыруым бойынша «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы әзірленген еді.

Онда Орталық сайлауком ЕҚЫҰ-мен бірлесіп, саяси партиялармен өткізген дөңгелек үстелдерде айтылған ұсыныстар ескерілген. Биылғы жылдың басында заң жобасы Тұрақты жұмыс істейтін Кеңестің отырыстарында талқылаудан өткізілді.

Үкімет оны жұртшылық тарапынан айтылған ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып пысықтап, Парламентке енгізуге тиіс.

Бұл заңның негізгі нысанасы сайлау үдерістерінің айқындығын, ашықтығын және бәсекелестігін қамтамасыз ету болуы керек.

Сайлаушылар тізімін түзу, дауыс беру, дауыс беру қорытындысын шығару және сайлау нәтижесін анықтау жөнінде автоматты ақпараттық жүйе енгізу міндет.

Үшінші.

Саяси жүйені демократияландырудың маңызды бағыты — азаматтық қоғам институттарын одан әрі нығайта беру.

Біздің міндет — бұқараның қолдауына ие болған, беделі биік, қуатты әрі жауапкершілігі жоғары партиялардың ірге тартуына жәрдемдесу. Мұның өзі еліміздің стратегиялық мұраттарына сай келеді.

Өзін өзі ұсыну институтын сақтай отырып, саяси партияларға Мәжіліс депутаттығына кандидаттар ұсыну жөнінде айрықша құқық берілуін қажет деп санаймын.

Партиялардың дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде бақылауды жүзеге асыру үшін неғұрлым кең мүмкіндіктері болуға тиіс.

Үкіметтік емес ұйымдармен арадағы өзара іс-қимылды да басқаша құру керек. Осындай ұйымдарға конкурстық негізде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жүйесі арқылы экономикалық қолдау көрсету үрдісі жемісті болар еді деген ойдамын.

Бұл үшін «Қазақстан Республикасындағы үкіметтік емес ұйымдар туралы» және «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» заң жобаларын тезірек әзірлеп, қабылдаған жөн.

Бұл жұмыс жөн-жосықсыз ұзаққа созылып кетті.

Үкіметтің аталған заң жобаларын пысықтап, Парламентке енгізуі қажет. Кең ауқымды ынтымақтастыққа Үкіметтік емес ұйымдардың жалпы республикалық съезі — Азаматтық форум арна тартуға тиіс. Оны биылғы жылдың екінші жартысында өткізу керек.

Төртінші.

Біздің бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамымызды демократияландыру барысындағы рөлі мен орнын айқын анықтап алуымыз керек.

Қазақстанның тәуелсіз жылдарының ішінде тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының уәзипалық етуі үшін саяси, экономикалық және құқықтық жағдайлар жасалды. Мұның өзі заңнамалық, сондай-ақ низамдық кесімдермен қуатталатын нақтылы шындық.

Бізде БАҚ-тың басым көпшілігі мемлекеттік емес.

Мәселенің мәні мұнда да емес, ол баспасөз бен теледидардың цензура болмайтын, БАҚ жұмысының жеңілдікті тегершіктері жасалған жағдайдағы, олардың қызметінің заңдық тегершігі айқын анықталған жағдайдағы уәзипалық етуінің бекем тетігінде жатыр. Баспасөзді қаржылық қолдаудың бекем жадығаты бар, оны мемлекет нақ соңғы жылы белсене пайдалана бастады. Осы орайда тек үстіміздегі жылы ғана 50 жаңа бұқаралық ақпарат құралының тіркелгенін айтқан орынды.

Бұл — мемлекет пен қаламгерлер қауымдастығы бірлесе жеткен белес.

Бұл — айтуға тұрарлық жетістік, тек оның маңызын түсіне білейік.

Ендігі жерде біздің баспасөз кеңістігі дамуының келешектегі бағыттары жайлы ойланғанымыз орынды. Әңгіме қоғам мен БАҚ-тың өзара жауапкершілігі туралы, билік пен журналистердің өзара жауапкершілігі туралы болып отыр.

Бұл бір ғана Қазақстанның емес, осы заманғы қоғамдардың бәрінің де басында бар мәселе. Соңғы кездегі оқиғалар ұлттық қауіпсіздік, саяси тұрақтылық, ұлтаралық татулық, дінаралық келісім мүдделері мемлекеттік қана емес, сонымен қатар мемлекетаралық деңгейде басымдыққа ие бола бастағанын айқын көрсетіп отыр.

Біздің бір байқағанымыз, белгілі бір жағдайларда ең демократияшыл деген мемлекеттердің бұқаралық ақпарат құралдары ұлттық мүддені қорғауға келгенде айқын тұғырда тұрады. Біз де бұдан сырт қалуға тиіс емеспіз.

БАҚ туралы жаңа Заң қабылдау қажеттігі пісіп-жетілді, онда сөз бостандығын қамтамасыз етудің, сондай-ақ журналистерді меншіктеушілердің қысымынан қорғаудың осы заманғы нақты жағдайы ескерілуге, сондай-ақ шенеуніктердің еркін баспасөздің қызметіне араласқаны үшін жауапкершілігі күшейтілуге тиіс.

Келесі тұсында БАҚ-тың заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілігін де айқындап беру міндет. Қоғамға керегі — жалақорлық пен жалған сөз бостандығы емес, тура да тұғырлы сөз бостандығы.

Үкімет үстіміздегі жылы журналистермен және жұртшылықпен бірлесіп, тиісті заң жобасын әзірлеп, Парламентке енгізуге тиіс.

Үкімет БАҚ рыногындағы бәсекелестік барысын айқын қадағалап отыруға, оның монополияға айналуына жол бермей, тежеп отыруға тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдары кемелдене түсті, елдің мүддесін, яғни жеке өзінің мүддесін терең парықтай бастады. Ендігі жерде өзінің дамуына жасалған қамқорлыққа жауапты тұғыр ұстануымен, яғни әрдайым әділ ақпарат таратуға деген ұмтылысымен жауап қатады деген үміт зор.

Бұл даусыз ақиқат, мұны бір ғана қарапайым себеппен бәріміз де көкейге тоқуымыз керек, өйткені мұның басқадай тетігі табиғатта жоқ.

Билік пен БАҚ арасындағы үндесудің көш басында, ең алдымен, журналистердің қоғамдық бірлестіктері және ел Президенті жанындағы Бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі Қоғамдық кеңес тұрады және тұруға да тиіс.

Бесінші.

Құқық қорғау мен сот органдарының қызметін жетілдіре беру басты мәселелердің бірі болып қала береді.

Бұл мәселені ең алдымен азаматтардың ажырағысыз құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету тұрғысынан қарау керек деп санаймын.

Қылмысқа қатысты құқық аясын одан әрі ізгілендіруді жалғастыра беру маңызды. Өлім жазасын қолдануға мораторий енгізу үшін Үкіметтің осы мәселені шешудің, атап айтқанда, жазаның өмір бойына бас бостандығынан айыру сияқты түрін енгізудің ұйымдық, материалдық және заңнамалық шарттарын жасауға кірісетін кезі жетті.

Тәжірибе мемлекеттің сот жүйесінің зәруліктеріне деген назары мен қамқорлығы судьялар құрамына қойылатын талапшылдықты арттырумен ұштастырылуға тиіс екенін көрсетіп отыр.

Азаматтар күні бүгінге дейін соттардан өз құқықтарының қорғаушысын, әділеттің жоқшысын көре алмай жүр.

Алқабилер институтын кезең-кезеңімен енгізу жайын да ойластыру қажет.

Әлбетте, соттардың қызметіне бақылау жасау тұтқаларын күшейте түсу керек, әрине, бұл арада сот төрелігін атқару үдеріміне араласпауды әсте естен шығармаған жөн.

Судьялардың кәсіптік даярлығының сапасын да арттыру қажет. Сірә, арнаулы оқу магистратурасын құрған жөн болар. Осы оқу орнын бітіргендер ғана, әлбетте, судьялар болғаны дұрыс.

Конституцияға сәйкес қылмыстық қудалау органдарының іс жүргізу қызметіне деген сот бақылауын күшейте түсу керек, ол үшін тұтқындауға соттың санкциясын шығарту институтын енгізуге дейін бару керек.

Сонымен бірге істі қараудың сотқа дейінгі кезеңдерде де, сондай-ақ сот сатыларында да оңайлатылған және жеделдетілген ресімдерін енгізу керек.

Қадірменді қазақстандықтар!

Құрметті депутаттар!

Ең ауыр жылдардың өзінде менің халыққа «үлде мен бұлдеге ораймын» деп уәде бермегенім, желеулетпе мәлімдемелер жасамағаным, қайта бізді реформалардың қиындықтары мен ауыртпалықтары күтіп тұрғаны, оның салмағы қарапайым халықтың иығына түсетіні жайында сақтандырғаным сіздердің естеріңізде. Алайда, мен халықтың тұрмыс жағдайы жақсарған үстіне жақсара түсетін күннің туатынына да жұртты сендірген едім.

Тарихи аса қысқа мерзімнің ішінде біз ең шұғыл экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асырдық. Біздің өзіміз де өзгердік, біздің пайымымыз да, дүние танымымыз да өзгерді. Біз ешкімнің де айрықша бір ақыл айтуынсыз-ақ өз еңбегіміз өз игілігіміздің кілтіне айналатынын, ал мемлекеттің осыған қажетті жағдайлар туғызуға тиіс екенін түсіне білдік.

Бүгін мен берген уәдемді орындап жатырмын деп ағымнан жарылып айта аламын. Қазақстан экономикасының өсуі біздің басты мұратымыз — халықтың әлауқатын арттыруға қызмет етіп жатыр. Менің айтқаным да осы уақыт еді, міне, сол уақыт та келді. Бүгін мен біздің ең жаңа тарихымызда әлеуметтік шығыстарды барынша ұлғайтқанымыз жайында жариялау абыройына ие болдым, біз бұл істі көп ұзамай қолға аламыз, әрі оның игілігі әрбір қазақстандыққа және әр отбасына тиетін болады.

Осы мақсатқа мемлекеттік қазынадан бір жарым жылдың ішінде қосымша 120 миллиардтан аса теңге бөлінеді, мұны бұрынғы жылдармен салыстыру мүмкін емес.

Егер экономикамыз дәл осылайша жақсы жұмыс істейтін болса, онда, «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді Стратегиясында көзделгендей, бұл ілгерілеу одан әрі арна тартады.

Өткен жылдардан бір айырмашылығымыз сол, бүгін біздің қолымызда экономикамыздың іргесін өретін төрт өзекті тұтқалы бағыттар бойынша даму мен жетілдіру бағдарламалары бар, олар:

- аграрлық азық-түлік бағдарламасы;
- индустриялық-инновациялық бағдарлама;
- инфрақұрылымды және энергетиканы дамыту;
- әлеуметтік даму бағдарламалары.

Өткен жылдардан келесі бір айырмашылығымыз сол, бүгін біздің қолымызда қажетті қаржы жадығаты да бар.

Істің ендігі түйіні — биліктің барлық тармақтарының үйлесімді жұмыс істеуінде, ықпалды заңдарда және оларды мүлтіксіз орындауда жатыр.

Біздің ынтымағымыз, жасампаздық күш-қуатымыз, тұрақтылықты, азаматтық және жалпыұлттық татулықты сақтауға, еліміздегі бейбіт өмір мен тыныштықты қамтамасыз етуге деген ұмтылысымыз — Қазақстанның гүлденіп-көркею мен игілік жолында аршыңды алға басуыны басты кепілі де сол.

Қазақстан және Ресей шекаралық өңірлері басшыларының I форумында сөйлеген сөзі

Ресей Федерациясы, Омбы қаласы, 2003 жылдың 15 сәуірі

Уважаемый Владимир Владимирович!

Уважаемые участники Форума!

Развитие подлинно дружественных и партнерских отношений с Россией имеет для Казахстана приоритетный характер. Эту позицию мы заняли с самого начала, и за последнее десятилетие она ни разу не подвергалась сомнению. Та степень политического доверия, которой достигли наши страны, позволяет с уверенностью говорить о незыблемости нашего стратегического союзничества. У нас общая история и культура, общая граница, схожий менталитет и тесные родственные связи. В потоке истории мы вместе выстояли в самые тяжелые времена и сегодня решаем совместно возникающие проблемы в интересах наших народов, живущих на едином евразийском пространстве. Мы вместе обладаем мощным экономическим потенциалом, способствующим высоким темпам развития обеих государств. Поэтому закономерным событием на этапе углубления нашего сотрудничества стало объявление 2003 года Годом Казахстана в России. Его основная идея, как и цели данного форума — открыть новые перспективы для более тесного широкомасштабного взаимодействия государств, еще больше укрепить существующие между нашими народами доверие и взаимопонимание.

Россия является основным торговым партнером Казахстана. На ее долю приходится треть всего внешнеторгового оборота Казахстана. В минувшем году он достиг почти 5 млрд. долларов. Пятая часть зарегистрированных в Казахстане предприятий с участием иностранного капитала организована совместно с российскими предпринимателями. Но эту долю можно еще значительно увеличить. В последнее время все более заметным и весомым фактором в развитии двусторонних отношений становится региональное и приграничное сотрудничество. Казахстан устойчиво занимает лидирующее положение во внешнеторговом обороте приграничных субъектов Российской Федерации. На его долю приходится более 50% от общего объема казахстанско-российского товарооборота.

В целом из 89 субъектов 72 тесно сотрудничают с Казахстаном. И, следует отметить, темпы этих отношений активно наращиваются. Наиболее активно развиваются связи с Омской, Оренбургской, Астраханской, Челябинской, Новосибирской областями и Алтайским краем. Например, более 20% всего внешнеторгового оборота Челябинской области и более 50% экспорта связано с Казахстаном. Примерно такие же показатели у Оренбургской области. Товарооборот Омской области с Казахстаном в прошлом году составил почти 238 млн. долларов, а объем казахстанских инвестиций в область превысил рубеж в 25 млн. долларов. Только наша Западно-Казахстанская область активно сотрудничает с 5 соседними областями России (Астраханской, Волгоградской, Саратовской, Оренбургской и Самарской), поставляет продукцию машиностроения, газ, газовый конденсат и продукты его переработки, а также зерно, муку и другие продовольственные товары. В свою очередь, область получает из России большой объем электроэнергии,

минеральное топливо и продукты переработки нефти, фармацевтические товары и многое другое.

Очевидно наличие потенциальных и взаимовыгодных возможностей приграничных регионов двух государств в межотраслевой и внутриотраслевой кооперации, организации товарных, финансовых и транспортных потоков.

В этом направлении вселяют уверенность достигнутые договоренности между Министерством транспорта и коммуникаций Казахстана и Министерством путей сообщения России о создании рабочих групп по совершенствованию тарифной политики железнодорожных перевозок. Практически завершено согласование вопросов по строительству моста через приграничную реку Кигач (граница Астраханской области России и Атырауской области Казахстана) на автомобильной дороге республиканского значения «Актюбинск-Астрахань», которая входит в состав одного из шести международных транзитных коридоров по маршруту «Астрахань-Атырау-Актау-граница Туркменистана». Одним из важных инструментов укрепления приграничных связей должно стать обеспечение условий для расширения контактов между хозяйствующими субъектами двух стран, создание совместных предприятий. Пока они не играют еще той значительной роли, которую могли бы сыграть в развитии приграничного торгово-экономического сотрудничества. Поэтому необходима активная поддержка со стороны государственных структур, руководителей областей и инициатива самих предприятий.

Большое внимание руководители регионов должны обратить на охрану окружающей среды и предотвращение возможных чрезвычайных ситуаций, вызванных техногенным загрязнением. В этом направлении надо ускорить согласование и подписание межправительственного Соглашения «О взаимодействии в сфере охраны окружающей среды», принять конкретные меры по совместной охране и использованию водных ресурсов бассейнов трансграничных рек, по ликвидации опасности ртутного загрязнения Иртыша, решению экологических проблем, связанных с деятельностью Троицкой ГРЭС и других проблем. Нужно оперативно определиться с необходимым объемом финансирования и сроком начала разработки единой схемы комплексного использования и охраны водных ресурсов бассейна реки Ишим. Ее отсутствие затрудняет урегулирование вопросов вододелия между нашими государствами.

Практика показывает, что есть проблемы, связанные не только с производственно-экономическими вопросами, но и с правовыми, консульскими, погранично-таможенными процедурами. Граждане Казахстана и России часто сталкиваются с подобными трудностями. Так, например, я недавно получил письмо от жителей поселка Таловка Жанибекского района Западно-Казахстанской области, находящегося на стыке Саратовской и Волгоградской областей. Его подписали более 100 жителей. Они пишут, что для посещения родных и близких в соседних районах России необходимо получить разрешение на проезд и провоз багажа, за которым приходится ехать более 200 километров на погранично-таможенные посты, хотя расстояние между селами всего 18 километров. Зачастую это происходит как из-за недостаточной информированности населения, так и предвзятых действий отдельных сотрудников таможни, внутренних дел, автоинспекции, обыденного бюрократизма.

Все это сказывается на общественном мнении, особенно в приграничных регионах. Поэтому необходимо ускорить разработку Соглашения «Об упрощенном

порядке пресечения границы жителями приграничных территорий», а также последовательно проводить работу по гармонизации таможенных законодательств двух стран и установлению единых требований к таможенным документам. Нам надо совместными усилиями элементарно разъяснять населению приграничных районов процедуры, действующие нормы и правила въезда и пребывания на сопредельной территории, регистрации и получения нового гражданства.

Вызывает беспокойство продолжающаяся незаконная деятельность по вывозу через границу стратегически важных ресурсов и материалов, организованная преступность, контрабанда, наркотрафик. Все это проблемы, с которыми невозможно бороться в одиночку.

В отношении дальнейшего развития межрегионального приграничного сотрудничества следует переходить от рамочных соглашений и консультаций к формированию конкретных совместных целевых программ двустороннего характера. В частности, в сфере развития предпринимательства, разработки сырьевых ресурсов, транспортных коммуникаций и связи, энергетического обеспечения, природопользования, обустройства границы и других направлениях. Конкретным механизмом регулирования и контроля по реализации этих программ могли бы стать межведомственные региональные комиссии.

Дорогие соседи!

Проведение данного форума в г. Омске является, с одной стороны, формой подведения итогов сотрудничества приграничных областей наших дружественных государств, а с другой — определения перспектив его дальнейшего развития и углубления.

Не могу не сказать несколько слов о хозяевах форума. Омск, как вы знаете, в истории казахстанско-российских отношений занимает особое место. Мне очень приятно, что моя первая официальная поездка по регионам России началась именно с посещения вашего города. И, наверное, это не случайно. Нашу столицу — город Астану, а в прошлом Акмолинск — связывает с Омском очень и очень многое, как никакой другой город.

Век назад Омск был центром Акмолинской области. Уже тогда многие прогрессивные люди видели перспективу по тем временам небольшого заштатного городка Акмолинска с населением в 50 раз меньше, чем сейчас. Наша старейшая газета «Акмолинские областные ведомости» и приложения к ней печатались в Омске. Ваш архив содержит очень много материалов, связанных с нашей историей.

Омск уже тогда был крупным культурным центром в регионе. Казахская интеллигенция из северных регионов стремилась получить образование именно в Омске. Большая дружба между выдающимися сыновьями русского и казахского народа Федором Достоевским и Чоканом Валихановым зародилась также в Омске. В годы лихолетья 30-х годов XX века многие казахи нашли приют у братского народа на омской земле. Наверное, и сейчас остается примерно равное число казахов, проживающих в Омской области, и количество русских в Северном Казахстане. Это подлинно родственные связи, которыми мы очень дорожим. Многие омичи приняли активное участие в освоении наших целинных земель, в становлении экономики Казахстана. Я признателен вам за это!

Мы — исторические соседи. Об этом надо всегда помнить, в том числе в экономическом сотрудничестве. Подчеркиваю, время перехода к практическим делам давно наступило. Нужны четкие скоординированные действия в реализации конкретных экономических и гуманитарных проектов и в первую очередь — на региональном уровне.

В своем недавнем ежегодном Послании народу Казахстана я отметил, что ускоренному экономическому росту будут способствовать интеграционные инициативы наших государств. Наши связи будут развиваться в соответствии с направлениями формирования Единого экономического пространства, которое должно максимально снизить негативное влияние границ на развитие сотрудничества и интеграции. Это как раз те проблемы, которые до сих пор оставались нерешенными в рамках СНГ и ЕврАзЭС. Поэтому сегодняшний форум представляет собой реальную возможность обсудить все наши проблемные вопросы приграничного сотрудничества, выработать дальнейшие пути регионального взаимодействия, найти новых партнеров и сделать еще один шаг в сторону сближения наших государств.

Убежден, что многие проблемы можно легко решить на уровне руководства приграничных областей, районов на основе конкретных программ сотрудничества. Чем больше приграничные регионы будут вовлечены в интеграционные процессы между нашими странами, тем быстрее простые россияне и казахстанцы почувствуют их результат.

Я искренне надеюсь, что конструктивная совместная деятельность по развитию нашего сотрудничества будет и впредь служить укреплению дружбы между народами Казахстана и России. Как гласит казахская пословица: «Хороший сосед гораздо ближе, чем далекий родственник». Так давайте же следовать этой мудрости и в нашей работе.

II Еуразиялық медиа-форумда сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 2003 жылдың 24 сәуірі

Уважаемый господин председатель!

Уважаемые дамы и господа!

Я искренне рад приветствовать участников и гостей II медиа-форума. Стало доброй традицией в эти прекрасные весенние дни собирать авторитетных политиков, журналистов, ученых здесь в Алматы. Тема нынешнего форума, связанного с региональной безопасностью и ролью средств массовой информации в этом процессе, актуальна как никогда. Роль слова и образа не только в понимании, но и в конструировании безопасности становится столь же важным фактором, как и собственно военные компоненты. Столетие назад Фридрих Ницше сказал: «Факты не существуют — есть только интерпретации». Конечно, это, может быть, некоторое преувеличение, но с большой долей истины.

Очевидно, что радикальные изменения медиа-сферы — это не локальное, но глобальное явление. По расчетам специалистов радио понадобилось 38 лет, чтобы охватить аудиторию в 50 млн. человек, телевидению 13 лет, а Интернет добился этого уровня за 4 года. В 2002 году число пользователей Интернет превысило 700 млн. человек.

Олдос Хаксли в своих антиутопических утопиях остроумно заметил: «По сотне повторений 3 раза в неделю в течение 4 лет, и готова истина».

На пространстве Евразии мы сталкиваемся с одной весьма коварной проблемой. Она состоит в подмене тезиса — вместо борьбы с международным терроризмом борьба цивилизаций. Возьмем конкретный случай с Саддамом Хусейном. Назвать его правоверным мусульманином после того, что он затеял две войны с единоверцами, травил их химическим газом, просто язык не поворачивается.

Это не проблема ислама, но проблема режима, угрожавшего безопасности региона. Однако информационная интерпретация во многом базировалась на некоей скрытой угрозе, якобы связанной с вероучением.

Истоки терроризма слишком многообразны, чтобы свести их к единственной причине. Но очевидно, что это комплекс проблем, порожденных бедностью, отсталостью, низким образовательным уровнем, политическими интересами, историей разных государств. И трезвое понимание этого факта очень важно для правильного построения всей системы безопасности.

После 11 сентября 2001 года мир сильно изменился. Это требует серьезного анализа. Но одно очевидно — региональная и глобальная безопасность сегодня не статичное понятие, как это было во времена постялтинского мира. Новые угрозы и риски требуют новых подходов.

Мы полагаем, что безусловный успех международной антитеррористической коалиции в Афганистане, смена режима в Ираке должны способствовать снижению напряженности не только в Центральной Азии и на Ближнем Востоке, но и на глобальном уровне. Распространение оружия массового поражения было и остается одной из острейших проблем глобальной безопасности. Расширение числа членов ядерного клуба, растущая опасность обретения такого оружия международными террористами и безответственными политическими режимами, появление нетрадиционных средств

доставки и поражения — от так называемых «грязных» бомб до компактных ядерных устройств — во многом определяют логику последних международных событий.

Между тем в мире есть примеры корректного и ответственного решения этих проблем. Напомню вам, что в прошлом десятилетии Казахстан обладал четвертым по величине ядерным арсеналом в мире. Однако первым на планете пошел на добровольный отказ от обладания ядерным оружием и под строгим контролем международных организаций ликвидировал его на своей территории. Это было, если помните, названо модельным примером необходимого решения данной проблемы. Актуальность этого примера сегодня очевидна как никогда, и масс-медиа могли бы сыграть значительную роль в наглядной демонстрации того, как решаются сложные проблемы в терминах нормальной политической логики.

Структуры безопасности в Европе после двух мировых войн обрели значительный запас прочности, несмотря на все сегодняшние коллизии. Для глобальной устойчивости особую роль обретают структуры безопасности в Азии, где сегодня проживает основная масса населения нашей планеты. На протяжении 10 лет Казахстан активно работал над созывом Совещания по мерам доверия и безопасности в Азии. Оно состоялось в прошлом году с принятием Алматинского акта, и именно в этом зале, с участием лидеров 16 стран Азии, в том числе Китая, России, Индии, Пакистана и многих крупнейших государств Азии.

Разумеется, создание архитектуры азиатской безопасности длительный процесс. Но только созданием подобных институтов, а не рассуждениями о неизбежности конфликтов, мы можем реально снизить напряженность. Мы полагаем, что медийная поддержка таких начинаний очень важна, ибо она открывает горизонты понимания и доверия. Среди тех интеллектуальных фантомов, которыми особенно активно пользуются в последние несколько лет, особо выделяется тезис о якобы начавшемся столкновении цивилизаций. Но на практическом и информационном уровне пора задуматься не о достоверности этих гипотез, а о том, каким образом наладить реальный диалог культур и религий.

Казахстан во внутренней политике и на международном уровне активно развивает такие формы диалога. 8 лет назад мы создали уникальный инструмент гармонизации межэтнических отношений Ассамблею народов Казахстана. Этот институт получил высокую оценку ОБСЕ и Организации Объединенных Наций. Он реально способствует межнациональному диалогу в стране. За все годы независимости в Казахстане не произошло ни одного массового конфликта на этнической почве. Напомню, что речь идет о стране, где проживает более 120 национальностей и представители всех основных конфессий мира. Пример нашей страны действительно можно принять в качестве модели межэтнического консенсуса. Ведь мы обеспечили главное право человека — жить в мире.

